

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ И.ЖАНСУГУРОВА»
«ZHETYSU UNIVERSITY NAMED AFTER ILYAS ZHANSUGUROV»**

«ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
«ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

MATERIALS
of the republican scientific and practical conference
«ZHANSUGUROV READINGS»

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

Ж26

Редакция алқасы: Қ.М. Баймырзаев (бас редактор), А.С. Бахтаулова (бас редактордың орынбасары), Л.Н. Карашолакова, А.М. Абызова

Редакционная коллегия: Қ.М. Баймырзаев (главный редактор), А.С. Бахтаулова (заместитель главного редактора), Л.Н. Карашолакова, А.М. Абызова

Editorial colleague: K.M. Baimyrzaev (editor-in-chief), A.S. Bakhtaulova (deputy of editor-in-chief), L.N. Karasholakova, A.M. Abyzova

«ЖАНСҮГІРОВ ТАҒЫЛЫМЫ» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2023. 227 б.

Ж26 *Материалы республиканской научно-практической конференции «ЖАНСУГУРОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»* – Талдықорған, Жетысуский университет им. И.Жансугурова, 2023. 227 с.

Materials of the republican scientific and practical conference «ZHANSUGUROV READINGS» – Tal dykorgan, Zhetysu University named after I.Zhansugurov, 2023. 227 p.

ISBN 978-601-216-916-4

Жинақ материалдары білім беру мен ғылым саласында инновациялық зерттеу жұмыстарымен айналысатын ғалымдарға, докторанттарға және магистранттарға арналған.

Материалы сборника предназначены ученым, докторантам и магистрантам, занимающимся исследованиями инноваций в образовании и науке.

Collection of materials is intended for scientists, Master and Doctor students, who are interested in innovative research in education and science.

УДК 821.512.122.0

ББК 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-216-916-4

© І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2023

© Имидждік саясат орталығы, 2023

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры м.у.а.,
Ph.D, қауымдастырылған профессор (доцент)
Б.Р. Таубаевтың**

АЛҒЫ СӨЗІ

Университетімізде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін «Жансүгіров тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қош келдіңіздер! «Жансүгіров тағылымы» конференциясы еліміздің өткені мен бүгінін саралауда, Ілияс шығармашылығын жаңаша зерделеуде, ақын мұрасын насихаттауда ерекше үлес қосып келеді. Бүгінгі конференция да осы бағытқа жаңа серпін беретініне сенімім мол.

Өткен тарихымыздың күрделі де қызық беттерін өлең жолдарымен өрнектеген Ілияс Жансүгіров – көшпелі өркениеттің өрісі тарылып, ел тағдыры тығырыққа тірелген кезде өмір сүрген, ұлтымыздың жадында ғажайып жырларымен ақтаңгер ақын болып бекіген, бітімі бөлек, жаратылысы жойқын, тұғыры теңселмес ұлыларымыздың бірі, әрі бірегейі.

Ол – айтулы жыр бастауында көпғасырлық тарихы бар дауылы мен жауыны, ерлігі мен өрлігі, қасіреті мен қасиеті қатар тұратын Ұлы Даланың жиырмасыншы ғасырға аман жеткен жаңғырығы, тасқа таңбаланып түскен дәуірлеріміз бен нар заман, зар заман ақындарының жалғасты үні секілді.

Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің: «Мен өзім бізде Абайдан соң І.Жансүгіровтен артық ақын бар деп ойламаймын...» деп, Ілияс суреткерлігін аса жоғары бағалауын таланттың талантқа бас июі деп түсінуіміз керек.

Шынында да, алуан сипатты заманалар жауабын жырдан іздеген ақын болмысына бойласақ, уақыт көшін өз ырқына көндіруге, қара орманы қазақты өз айтқанына сендіруге ұмтылған ойы да, сөзі де, өзі де алып, асыл-текті жанның сом тұлғасын, қайталанбас қалыбын елестетеріміз анық.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «біз өскелең ұрпақты барша жұрт мақтан тұтатын тарихи тұлғаның тағылымы арқылы тәрбиелеуіміз керек» деп Ілияс сынды арыстарымыздың шығармашылық ғұмырын зерттеп қана қоймай, өскелең ұрпаққа таратудың да маңызын атап өткен.

Университетімізде Ілияс Жансүгіров шығармашылығын зерттеу, тарату бағыты бойынша бірқатар игі істер атқарылып жатыр. «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбында қаржыландырылатын гранттық жоба орындалуда. Жоба аясында университет ғалымдары Ілияс Жансүгіровтің журналистік қызметін зерттеу мақсатында Ташкент қаласына іссапарға барып қайтты.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі конференция аясында көкейкесті ғылыми-теориялық мәселелер көтеріліп, жаңа идеялар мен ұтымды ұсыныстар айтылады, тұжырымды талқылаулар өтеді деп сенеміз.

Құрметті конференция қонақтары! Құрметті әріптестер!

«Жансүгіров тағылымы» атты республикалық конференцияны ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

ӘОЖ 9(571) 333.16

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ

Абиров С.А., 2-курс магистрант

І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған қ.

abirdan@mail.ru

Мақалада ширек ғасыр қазақ елін басқарған Д.А. Қонаевтың Қазақстан экономикасын дамытудағы сіңірген еңбегіне талдау жасалып, мәдениетін дамытуға қосқан ерен еңбегі қарастырылады.

Тірек сөздер: Республика, экономика, Орталық комитет, хатшы, мәдениет.

В статье рассматривается заслуга Д.А. Конаева, который четверть века руководил казахской страной, внес свой вклад в развитие экономики и культуры Казахстана.

Ключевые слова: Республика, экономика, центральный комитет, секретарь, культура.

The article examines the merits of D.A. Konayev, who led the Kazakh country for a quarter of a century and contributed to the development of the economy and culture of Kazakhstan.

Keywords: Republic, economy, Central Committee, secretary, culture.

Кіріспе. Қазақстан тарихында мемлекет және қоғам қайраткері ретінде зор орыны бар тұлға Д. Қонаев. Ол 1955-60 және 1962-64 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1960-62 және 1964-86 жылдары Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді.

Материалдар және әдістер. Зерттеу жұмысымыздың негізгі материалдары тарихи және ғылыми-танымдық принцип негізінде сараланып, шынайы объективтілік, тарихи-салыстырмалы әдістерді қолдана отырып жүргізілді.

Талдануы және нәтижесі. Республикамыздың экономикасының көтерілгенін жеңіл өнеркәсіптердің дамуынан көруге болады. Олардың ішінде Алматы және Шымкент мақта-мата комбинаты, Қарағандыдағы, Жамбылдағы, Алматыдағы аяқ киім фабрикасы, Өскемендегі жібек комбинаты, Көкшетаудағы ленталық фабрикасы, Семейдегі «Большевик» атты өндірістік тігін фабрикасы және көптеген қалалар мен аудандарда тігін және тоқыма фабрикалары жұмыс істеді. Қазақстан түсті, сирек және пайдалы металл өндірісі жағынан аса бай ел. Олар, Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинатының, Балқаш пен Жезқазған кен-металлургия, Лениногор мен Ащысай полиметалл комбинаттарының, Зырянның қорғасын, Ертістің металлургиялық-химия заводтарының ұйымшыл ұжымдарының жемісті еңбектерінің арқасында еселене түсті. Осы жылдар беделінде қара металлургия қарқынмен дамыды: Соколов-Сарыбай және Лисаков кен байыту комбинаттары Урал мен Қазақстан металлургиясының аса ірі базасына айналды. Еліміздің ең қуатты ақ қаңылтыр цехы бар Қарағанды металлургиялық комбинатының тұтас кешенінің құрылысы аяқталды. Ермак ферросплав заводы іске қосылып, толық қуатымен жұмыс істей бастады. Машина жасау мен металл өңдеу саласы нығая түсті. Павлодардың трактор, Ақмоланың ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, Өскеменнің, Қарағандының, Петропавлдың, Оралдың, Шымкенттің, Алматының заводтары пайдалануға берілді. Прибор жасайтын, энергетикалық және автомобиль өнеркәсібінің, химия, мұнай, құрылыс жол төсеу машиналарын жасайтын заводтардың шығарған өнімдері кеңінен мәлім. Республика ірі отын-энергетикалық өнеркәсіп орталығы ретінде танымал. Жүзден астам көпір және мұнай көздері ашылды. Қарағанды мен Екібастұз көмір бассейндері жоғары қарқынмен өркен жайды. Көмір өндіру 1955 жылы бар-жоғы 28 миллион тонна болса, бұл көрсеткіш 1986 жылы 130-132 миллион тоннаға жетті. 1965

жылы шілдеде Маңғыстаудың бір эшелон мұнайы тұңғыш рет өндеуге жіберілсе, 1976 жылы ақпанда Қазақстан Компартиясының XIV съезінде жүз миллион тонна мұнай өндірілгені туралы айтылды. Республиканың энергетикалық шаруашылығы шапшаң қарқынмен өсті. Екібастұздың бірден-бір отын-энергетикалық кешені жасалды. Болашақта Екібастұзда жалпы қуаты 20 миллион киловаттық жылу электр станциясы бой көтермек. Электр қуаты 1955 жылы 14,5 миллион киловат болса, 1986 жылы ол 85 миллион киловат-сағатқа жетті. Қазақстан бұмен жылыту жүйесі бойынша алдыңғы орында, химия саласында да көш бастап келеді. Шымкент пен Жамбыл өндірістік бірлестіктері іске қосылғалы бері біздің еліміз сары фосфор өндіру жөнінен дүние жүзінде бірінші орынға шықты. Жеңіл өнеркәсіп Талдықорғанда, Текеліде, Ленгерде, Серебрянкіде пайда болды. Көптеген өнеркәсіптер қайта өңделіп, кеңейтілді. Алматы мақта-мата комбинаты, Қостанайдың костюмдік маталар, Өскеменнің жібек маталары комбинаттары, Көкшетауда ленталық фабрика, көптеген қалалар мен аудан орталықтарында тігін және тоқыма фабрикалары шаңырақ көтерді. Семей, Шымкент, Алматы – халық тұтынатын тауар өндіретін аса ірі орталық саналып отыр.

1955 жылдан 1985 жылға дейінгі аралықта республика экономикасындағы өзгерістер: республика өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8,9 есе, ауыл шаруашылығында – 6,2 есе, құрылыста – 8 есеге жуық өсіпті. Демек, өзінің экономикалық потенциалы жағынан жеті бірдей Қазақстан, ал өнеркәсіп өндірісінің көлемімен есептегенде сегіз Қазақстан салыныпты. Халық саны 1955 жылмен салыстырғанда екі есеге көбейді. 1987 жылы 16 миллион 244 мыңға жетті. Республикада тұратын қазақ 2,2 есе өсіп, 7 миллионға жетті. Ал, 1959 жылы бізде 2 миллион 787 мың қазақ бар еді. Ұлан-байтақ даламызда соңғы он жылдың көлемінде мыңдаған жаңа мекен-жайлар, олардың ішінде 68 жұмысшы поселкасы және 43 қала пайда болды. Ақтау, Арқалық, Екібастұз, Рудный, Никольск, Кентау, Степногор, Қаратау, Жаңатас, Жаңа Өзен сияқты ірі әкімшілік және өндіріс орталықтары бой көтерді. Халық шаруашылығында жұмыс істейтін адамдардың саны үш есе, ғылыми қызметкерлер сегіз есе артты. Жұмысшы табы сан жағынан да, сапалық тұрғыдан да өсті. Жұмыс істейтіндердің жалпы санына шаққанда 1950 жылдары 60 процент болса, 1985 жылдары 70 пайызға жеткен. Республиканың өнеркәсібінің өркендеу қарқыны 1955-1985 жылдар ішінде одақтас республикалардың арасында маңдай алды екен. Отыз жыл ішінде республикада ұлттық табыс 7,4 есе артыпты. Қалалар мен жұмысшы поселкаларындағы тұрғын үй қорының жалпы көлемі 5,5 есеге ұлғайды [1].

Қазақстан – жергілікті жеңіл, тамақ және сүт өнеркәсібінің өсу деңгейімен өзінің экономикалық қуатының қай деңгейде екенін көрсеткен республика. Тамақ өнеркәсібі де дамыды. Ақтөбеде, Шымкентте, Жамбылда, Теміртауда ет комбинаттары салынып, іске қосылды. 15 сүт заводы, 22 нан заводы, Чуй атындағы қант пен Алматы маргарин заводы жұмыс істеп, 50 мың тонна азықты сақтайтын мұздатқыштар да болды. Автомобиль, әуе қатынасы, темір жол транспорты өркен жайды. Барлық облыс орталықтарында осы заманға әуе лайнерлерін қабылдайтын аэропорттар жұмыс істейді. Кеңес өкіметі кезінде республикада жаңа транспорт түрлері – автомобиль, әуе, су және трубалық жолдар пайда болды. Радио мен теледидар кеңінен қолданылды. Транспорт магистралі он есеге ұзарды. 1959-1965 жылдары автомобиль тас жолдары 2 есеге өсіп, 24 мың шақырымды құрады, оның 10 мың шақырымы асфальтты жолдар еді [2].

Тың игеру жылдарына дейін республикамыздың солтүстік аймақтарында автомобиль жолдары болмады. Ал бүгінде олар 10 мың шақырымнан асып отыр. Ірі жол магистралы Алматы-Фрунзе-Жамбыл-Ташкент, Алматы-Өскемен, Қостанай-Көкшетау, Шымкент-Түркістан-Қызылорда-Жусалы автотранспорт жолдары салынып, іске қосылу арқасында облыстардың, аудандардың, колхоз бен совхоздардың арасындағы байланыс едәуір жақсарды. Кеңес өкіметінің кезінде әрбір партия мен мемлекет қайраткері өкімет басына келісімен өзінің экономикалық саясатын ауыл шаруашылығын өркендету шараларын қарастырудан бастайтын. Мәселен, қазан төңкерісінен кейін В.И. Ленин солай еткен. Сол ізбен Н.С. Хрущев 1953 жылы СОКП Орталық Комитетінің, Л.И. Брежнев 1965 жылы наурыз Пленумын ауыл

шаруашылығының проблемаларын шешуге арнады. Өйткені, аграрлық сектор халыққа азық-түлік беретін бірден-бір негізгі сала. Мұны дұрыс түсінген кеңес өкіметі 1941-1945 жылдардағы Отан соғысы аяқталысымен әділсіз колхоздарды нығайту, ал 50-жылдардың басында ұсақ колхоздарды ірілендіру саясатын іске асыра бастады.

Ауыл шаруашылығы да өз мүмкіндігінше дамып жатты. Оған мына статистикалық деректер дәлел бола алады: 1916 жылы қазақ жерінде 18 миллион 364 мың қой болған екен. Кейінірек бұл сан күрт төмендеп кетіпті. Тек 1955 жылы ғана осы деңгейге шамалаған жайы бар. Мынаған назар аударғандарыңызды қалар едім: егер 1955 жылы Қазақстанда қой саны 17 миллионнан сәлпәл ғана асса, 1986 жылы 36 миллионға, ал мүйізді ірі қара 4 миллионға жетер-жетпес болса, 1986 жылы 9 миллионнан асты. Есепке кірмейтін шошқаның өзі 3 миллионның үстіне шықты. Құс фабрикаларының іске қосылуы құс пен жұмыртқа өндіруді әлденеше есе арттырды. Республика азық-түліктің бұл түрімен өзін-өзі толық қамтамасыз ететін жағдайға жетті. Мал өнімдерінің барлық түрін өндіру арта түсті. Атап айтқанда, егер, 1955 жылы республикада 530 мың тонна ет өндірілсе, 1986 жылы бұл көрсеткіш 1 миллион 300 мың тоннаға жетті [3].

Д.А. Қонаевтың мәдениет саласына тигізген көмегі мен қамқорлығы ұлан-ғайыр. Алматы қаласын тұрғызған да Д.А. Қонаевтың еңбегі. Д.А. Қонаевтың теле орталыққа да тигізген көмегі де ұлан-ғайыр. «Алғашқы көрсетілімдер барысында студияның ұжымы алдында көптеген қиындықтар туындады. Бірақ қиындықтар студияның шығармашылығына да әсерін тигізді. Мысалы, Алматы теле орталығының құрылысы өте баяу жүрді. Ол 1956 жылы басталған еді. Бірақ 1958 жылы наурыз айларында бұл құрылыстың алғашқы бөлігі ғана дайын болды. Кіші дикторлық студиясы болды. Жабдықтау студияның бөлігі, кино жобалық және кіруге рұқсат берілетін залы болды. 1960 жылы шілде айларында Қазақ КСР-нің Министрлер Кеңесіне республикадағы телевизиялық материалдық-техникалық базасын көтеру жөніндегі мәселе бойынша хат жолдады. Н.И. Беляевтің Д.А. Қонаевтың тікелей басшылығымен Министрлер Кеңесінде бұл мәселе қозғалды және материалдық-техникалық базаны жақсарту мемлекеттік жоспарға сай Байланыс Министрлеріне ұсынылды. 1960 жылдың жоспарына Алматы, Қарағанды, Өскемен, Ақтөбе, Петропавл, Жезғазған теле орталықтарын салу құрылысын аяқтап, оны мемлекеттік бюджетке енгізу негізге алынды. Теледидар құрал-жабдықтары Одақтың түрлі қалаларынан Москва, Новгород, Новосибирск, Кировоград, Ереван, Алматыдан алынды. Отандық теле орталықтың өзгелерден бір ерекшелігі отандық соңғы техникамен және ішінара шетелдік жабдықпен жабдықталғандығында. Телехабарлар кино лентаға емес, бейне жазу таспасына түсірілді. Бұл жұмыс процесінің оперативтілігін арттыруға, яғни түсірілген хабарларды сол күні көрсетуге мүмкіндік болды. Кез келгеннің қолы жете бермейтін «Корпункт» аталатын жылжымалы телестудия болды [4].

Бұл игі шараларды іске асыру үшін қаражат қажет болды. Қолынан келгенінше қаражат мәселесін шешіп беруді Д.А. Қонаев өз мойнына алатын. 1971 жылы елімізде салыстырмалы космостық және жер арқылы көрсететін кабельді теледидардан, Орталық Азия және Ресей республикаларынан хабардар болдық. Қазақстан сыртқа көрсететін хабарларға қол жеткізді. Д.А.Қонаевтың қамқорлығы өте зор болды. «Д.А. Қонаевтың қамқорлығымен жаңа телестудия бой көтерді» деп жазды К. Смаилов. Сонымен қатар, Д.А. Қонаевтың нұсқауымен Камал Смаиловқа арғы беттегі (Қытайдағы, Қырғыздағы) бауырларға қазақша және ұйғырша телехабар көрсететін канал ұйымдастыруды айтқан болатын. Бірақ қаржы да, техника да түгел табылып, 1984 жылы тура шілденің бірінде «Алатау» эфирге шықты. Бұл тікелей Д.А. Қонаевтың тапсырмасымен 2 айдың ішінде орындалған еді. Осы қамқорлықты бүгінгі күнде газет-журналдарда көзі көргендер өз мақалаларында жазып, келешек ұрпаққа ұлы көсемнің жақсылығын, ұлтжандылығын үлгі етуде. Мысалы, 1941 жылы Алматыға «Мосфильм» мен «Ленфильм» студиялары көшіп келгенде, жаңа ғана Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалған 29 жасар Д.А. Қонаев астанадан келген өнер қайраткерлерін орналастыру, оларға жағдай жасауға тікелей атсалысқан. Оның қамқорлығы жайында кейін Наталья Сац, Григорий Рошаль өте жылы лебіз білдірген. «29 жасар Димашты біздің әкеміз деп атайтын едік» - деген [5].

Түркістан қаласының ғана емес сонымен қатар, 47 қаланың көркін жандандырған Д.А. Қонаев еді. Әсіресе Алматы қаласын. Алматы 48 мың тұрғына бар кішкене қалашық еді. 1955-1985 жылдары Алматыда үлкен құрылыс кешендері басталды: көшелер, алаңдар, әдемі үйлер, мекемелер салынды, әдемі, үлкен алаңдарға белгілі қоғам қайраткерлердің, революционерлердің, ғалымдардың ескерткіштері қойылды. Әсіресе, 1960 жылдары үй құрылысы және өнеркәсіп, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік мекемелер құрылысы жанданды. Д.А.Қонаев әрбір мекеменің проектісін өзі бекітті.

Отыз жыл ішінде көптеген жаңа мекемелер салынды. Үкімет үйі (1958 жылы), 1980 жылы ҚКП ОК-нің жаңа мекемесі жаңа алаңнан салынды. Ғылым Академиясының да мекемесі елден ерекше салынған еді.

Халық саны өскендіктен, «Арман», «Целинный», «Байқоңыр» және тағы да басқа кинотеатрлар салынды. Қазақ және орыс драма театрлары, Орталық концерт залы, цирк, 3 мың адам сиятын Республика сарайы салынды. Спорт мекемесінен Орталық стадион, Спорт сарайы, «Динамо» жүзу бассейні, «Медеу» мұз айдыны көздің жауын алды.

Медеу мұз айдынының салу құрылысын Ізбасар Балтағұлұлы Философия ғылымының кандидаты, қайраткер былай деп еске алады: «Димекеннің халқының болашағы үшін жасаған жақсы бір батыл қадамының бірі – «Медеу» бөгеті. Ғалымдармен ақылдаса отырып жасаған ерлікке пара-пар шешімдері мен оған өзінің тікелей басшылығы дер едік. Алматы қаласының ежелден келе жатқан табиғи «жауы» – сел қаупі. Сол селден халық 1921 жылы қандай қасірет шеккені тарихтан белгілі. Табиғаттың бұл тарпаң мінезі бұдан кейін де біресе Талғар, біресе Қаскелең, біресе Есік көлдерінде асау аттай тулап, елдің есін шығарды. Міне, дәл осы тұста Димекеннің басшылығымен бүкіл Одақтық ғылыми мекемелер, ғалымдар бірнеше рет бас қосып, пікір алысып, әртүрлі пікірлер мен ұсыныстарды талқылай келе, ақыры «Махнадка» атты тәсілді қолдануға, яғни тауды екі жағынан бірдей бір-біріне қарама-қарсы қопарылыс жасау арқылы жасанды үлкен бөгет жасап, тасқынның жолын мәңгілікке бөгеп, тосқауылдың астынан, жағынан ғылымға негізделген құрылыстар жасап, сел қаупінің алдын алу, Алматы қаласын апаттан аман алып қалу жайлы сөз еткенде Димекен ғана КСРО Ғылым Академиясы Сібір бөлімшесінің директоры, академик Лаврентьевтің қолдауына сүйене отырып, үлкен жауапкершілікті мойнына алған болатын. Дүние жүзінің тарихында қарама-қарсы бағытталған жарылыспен тұңғыш алып бөгет жасалынды», - деді [6].

Бірлік үйі мен 800 адамдық театр мен концерттік залы бар, қысқы бағы бар, спорт-бассейн залы бар Пионер сарайының салынуы халыққа үлкен қуаныш әкелді. Басты деп саналған даңғылдар мен көшелерде қайта жөндеу жұмыстары жүріп жатты. Ауруханалар көбейді. Қаланың батыс бөлігінде 750 орындық емхана мен урологиялық корпус, онкологиялық және туберкулез институттар ашылды. Солардың ішіндегі ең кереметі сумен емдейтін «Арасан» емхана комплексі еді. Қаланың мәдениет өміріне келетін болсақ, 1970 жылы 20 оқу залы бар ұлттық кітапхана ашылды. 1985 жылдың аяғында «ҚазГуград» Мемлекеттік университеті жөндеуге берілді. Қала тұрғындарын қанағаттандыру үшін және келген қонақтар үшін үлкен темір жол вокзалы салынды. Қонақтар үшін «Қазақстан» (25 қабатты, биіктігі 107 метр, 1000 орынды), «Достық», «Алма-Ата», «Отырар», «Алатау», «Жетісу», «Түркістан» және т.б. қонақ үйлері қызмет көрсетті. Сонымен қатар қаланы сауда үйлері де көркейтті: Орталық универмаг, Универсам, «Россия», «Қазақстан», «Москва». Орта Азия мен Қазақстандағы заманға сай, ыңғайлы сауда орталығына «Зеленый базар» жатты. Ол мемлекеттік, жеке меншік, кооперативтік өнеркәсіп комплексін өзіне жинақтаған. «Самал», «Айнабұлақ», «Алмагүл», «Ақсай» және т.б. шағын аудандар көптеген үйлердің салынуының нәтижесінде қалыптасты. Көктөбе Телеорталығының салынуы үлкен мерекеге ұласты, сонымен қатар бірнеше залы бар ҚазТелеорталық ашылды. Қала сыртында «Алатау» санаторийі салынды. Алматы қаласы мәдениет және спорт жарыстарын халықаралық деңгейде өткізуге әбден мүмкіндігі бар. Қала көпшілікке арналған базасын нығайтты.

Д.А. Қонаевтың 19 ақпан 1979 жылғы сайлаушылар алдында сөйлеген сөзінде, Алматы қаласының өзіне жарты миллион шаршы метр тұрғын үй, жаңа мектептер, емханалар және ауруханалар, сауда орталықтарын салу керектігін айтты. Алдыға қойған мақсат бойынша Алматы қаласында мектепке дейінгі мекемелерден тарықпауы керек екендігін түсінікті түрде баяндады. Көптеген адамдарды үймен қамтамасыз етуге, ал ескі немесе тұруға мардымсыз жерлердегі адамдарды жаңа үймен қамтамасыздандыру мәселесін де кезектен тыс қалдырмады. Жұртшылықтың біразы сегізінші, тоғызыншы бесжылдықта көшірілсе, жаңа үйге көшіру кейінгі жылдарға дейін жалғасты.

Д.А.Қонаев ҚКП XV съезіндегі баяндамасында мәдени және тұрғын үй мәселесіне 7 миллиард рубль қаржат бөлінгенін, күнделікті 300 пәтер беріліп жатқанын айтты. 30 миллион шаршы метр тұрғын үйлер салынып бітіп, 3 миллион 215 мың адам үймен қамтамасыз етілді. Бұл қала тұрғындарының әрбір бесіншісі үймен қамтамасыз етілді деген сөз. Мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй құрылысы мәселесінде біздің елмен ешқай ел теңесе алмайды.

Д.А. Қонаевтың қамқорлығының нәтижесінде бірқатар игі шарлар іске асты. Мысалы, Кеңес өкіметі кезінде денсаулық сақтау мекемесі біраз жетістікке жетті. 1913 жылы елде 244 дәрігер, 393 фельдшер жұмыс істесе, бар жоғы 1800 орын ғана болып, тұрмыстық жағдайы ауыр еді. Ал 1980 жылы ірі материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Халыққа медициналық көмекті 1700 емхана мен 2275 амблаториялық-емханалар мекемелері көрсетті. Аурухана орыны 1913 жылмен салыстырғанда 43 есе, 46 мың дәрігерлер 100 есеге өсті. Революцияға дейін бірде-бір медбике болмаған аймақтарда енді үш жарым мың ғылыми қызметкерлер мен оқытушылар қызмет атқарды [7].

Бірінші Хатшы болып қызмет атқарған кезде Д.А. Қонаев ғылым мен білімге ерекше мән берді. Ал білім жүйесін жетілдіруде сіңірген еңбегі тіпті ерекше. Д.А. Қонаев кезіндегі білім жүйесі туралы К. Нәрібаев былай дейді: «Димекеннің кезінде жоғары оқу орындарының саны 26-дан 55-ке дейін, студенттер саны 70 мыңнан 275 мыңға дейін, институт мұғалімдерінің саны 9 мыңнан 22 мыңға дейін өсті. Барлық облыстарда мектепке мұғалімдер дайындайтын педагогикалық институттар ашылды. Өскеменде жол құрылысы, Рудныйда индустриалды-өндірістік, Целиноградта инженерлік-құрылыс, Қостанайда ауыл шаруашылығы, Алматыда энергетика, архитектура және құрылыс, темір жолдары, автомобиль жолдары институттары ашылды. Қарағандыда еліміздегі екінші мемлекеттік университет бой көтерді. Алматыдағы бірінші ҚазМУ-дің жаңа қалашығы пайда болды. Осы қалашықты тұрғызуды, тиісті қаражатын бөліп, құрылыстың тоқтамай жүргізілуін Димекен қатаң қадағалап отырды. Жыл сайын, кейде жылына 2-3 рет барып, құрылыстың жағдайын өз көзімен көріп қайтатын».

1964 жылдан 1986 жыл аралығында Қазақстан Коммунистерінің бес бірдей съезі өтті. Соның қай-қайсысында да кезекті бесжылдықта халық шаруашылығын өркендетудің негізгі қорытындылары шығарылып отырды. Республиканың табыстары таразыланды, экономиканы дамытудағы орын алған олқылықтар мен қателіктер сараланып, мейлінше әділ бағасын беруге ұмтылды.

Бірінші: Қазақстан өзінің 60 жылдық торқалы тойы тойланатын жылы өнеркәсіп өнімдерін 1920 жылмен салыстырғанда 875 есе көп өндірді. Тек тоғызыншы бесжылдықта 365 жаңа кәсіпорын, цех және өндіріс орындары іске қосылды. Екінші: ауыл шаруашылығы тың игерген және одан кейінгі жылдарда күрт көтерілді. 1954-1979 жылдар ішінде Қазақстан 290 миллион тоннаға жуық астық, басқа да ауыл шаруашылық өнімдері дайындалыпты. Үшінші: республикада 1936 жылы небәрі 16 жоғары және 83 орта арнаулы оқу орындары бар екен. 1980 жылы жоғары оқу орны – 55-ке, оның ішінде, екі университет бар, орта арнаулы оқу орны – 231-ге жетті. Төртінші: 1973 жылдың басында-ақ республика әлемнің ондаған іргелі елдерімен байланыс жүйесін жолға қойған-ды [8].

Қорытынды. Қорыта келгенде, Д.А. Қонаев басқарған жылдары экономикамыз дамып, мәдениет саласы көтерілді бұл жетістіктер Д.А. Қонаевтың тікелей ерен еңбегінің нәтижесі еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік - эссе) (Ауд. С.Әбдірайымұлы). – Алматы: Санат, 1994. – 512 б.
2. Ашимбаев Т.А. Экономика Қазақстана, свершения и перспективы. – Алма-Ата:Қазақстан, 1982. – 38 б.
3. Шәмшәтұлы И. Д.А.Қонаев биліктен қалай кетті? // Ақиқат. – 2008. – №10. – 42-44 бб.
4. Жұман С.Ә. Қазақ теледидарының қалыптасуы мен даму тарихы: Тарих ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 31 б.
5. Смайылов К. Д.А. Қонаевтың экран өнеріне жасаған қамқорлығы // Ақиқат. – 2002. – №1. – 21-28 бб.
6. Елу жыл ел ағасы. Құрастр. Серік Әбдірайымұлы. – Алматы: Санат, 2002. – 464 б.
7. Кунаев Д.А. Ленинская национальная политика ПСС в действии. – Москва: Полит. Лит., 1981. – 664 б.
8. Нәрібаев К. Қонаевтану ілімін қалыптастыруымыз керек. // Жас Алаш. – 2008. - 21 тамыз. – 1-4 бб.

ӘОЖ 373.24

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН
БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Абишева А.С., «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» БББ 2 курс магистранты,
Фейзулдаева С.А., философия докторы (PhD)

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

ajzjya@gmail.com

Мақалада мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту ерекшеліктері туралы мәселелері баяндалады. Ерекше білім беру қажеттілігі, таным және танымдық іс-әрекет ұғымдарына сипаттама беріледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекет ерекшеліктерін талдай отырып, құрылымдық компоненттері беріледі және танымдық іс-әрекет белсенділігін дамыту жолдары қарастырылады.

Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, ерекше білім беру қажеттілік ұғымы, танымдық іс-әрекет.

В статье излагаются вопросы об особенностях развития познавательной деятельности детей с особыми образовательными потребностями дошкольного возраста. Дается характеристика понятий особая образовательная потребность, познание и познавательная деятельность. Анализируя особенности познавательной деятельности дошкольников с особыми образовательными потребностями, даются структурные компоненты и рассматриваются пути развития познавательной деятельности активности.

Ключевые слова: дошкольники, понятие особой образовательной потребности, познавательная деятельность.

The article presents questions about the peculiarities of the development of cognitive activity of children with special educational needs of preschool age. The characteristic of the concepts of special educational need, cognition and cognitive activity is given. Analyzing the features of cognitive activity of preschoolers with special educational needs, structural components are given and ways of developing cognitive activity are considered.

Keywords: preschoolers, the concept of a special educational need, cognitive activity.

Қазіргі жаһандану заманында білім беру кеңістігінде еліміздің болашағын қалыптасыратын әрі бәсекеге қабілетті тұлғалардың қалыптасуы мектеп жасына дейінгі кезеңдегі әр баланың сапалы білім алуынан негіз алады. Мектепке дейінгі жаста балалар қоршаған орта жайлы көптеген мағлұмат ала отырып, айналасындағы заттармен, олардың маңызы мен оны қандай мақсатта не үшін қолданылатынын түсінеді. Баланың сезімдік тәжірибесінің реттелуі, таным, қабылдау және ойлау сияқты процестердің адамға тән жоғары сенсорлық эталондар формаларының игеріліп, білім алудың қалыптасу кезеңі болып саналады.

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыты модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға негізделген. Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар. Атап айтатын болсақ, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету барысында балалардың танымдық зияткерлік іс-әрекеттерін дамыту [1].

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінің ерекшелігі инклюзивті ортаны дамыту болып табылады. Ол барлық санаттағы балаларды мектепке дейінгі тәрбие және орта біліммен қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлардың жасалуымен сипатталады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға инклюзивті білім берудегі ең бастысы-кұрдастарымен бірге білім беру және әлеуметтік тәжірибе алу.

«Ерекше білім беру қажеттілігі» (ЕББК) (special Educational Needs - SEN) термині алғаш рет 1978 жылы Лондонда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру мәселелері жөніндегі комитеттің есебінде қолданылған. Осы комитеттің төрағасы, Британдық философия профессоры Баронесса Мэри Уорнок сол жылы оқыған баяндамада «егер баланың оқу процесінде қиындықтар туындаса, онда қосымша немесе арнайы қызметтер ұсыну қажет болса, баланың ерекше білім беру қажеттіліктері болады» - деп нақтылаған [2].

Ерекше білім беруді қолға алуда инклюзивті ортаны қалыптастыру үрдісі және балалардың жас ерекшелік психологиясы мен дамуына сай ұйымдастырылады. Осыған орай әрбір мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке қажеттіліктері негізінде оқытудың әр түрлі модельдерінің өзгермелі арақатынасын пайдалана отырып, инклюзивті білім берудің өзіндік моделін әзірлеп жасайды.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру тәжірибесін енгізуге, оның нормативтік-құқықтық негіздерін әзірлеуге профессор Р.А. Сүлейменованың зерттеулері мұрындық болды. Р.А. Сүлейменова қазақстандық арнайы білім беру жүйесінің негізін қалаушы бола отырып, инклюзивтік білімге ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды олардың жасы мен жынысына, әлеуметтік және экономикалық, этникалық және діни мәртебесіне қарамастан толық әлеуметтенуді қамтамасыз ететін жалпы білім беру процесіне толыққанды кіруден алыстататын кедергілерді жоюға бағытталған мемлекеттік саясат ретінде анықтама береді. [3].

Ерекше білім алу қажеттілігі бар балалардың (яғни физикалық мүмкіндігі шектеулі, мүгедек, әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары бар девиантты мінез-құлықты, тұрмыстық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелері бар отбасы балалары, мигрант, басқа елден қайта оралған және босқын отбасыларының балалары; дарынды балалар, сондай-ақ мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балалар) сапалы білім алуға тең қолжетімдігі қарастырады [4]. Мұндай ерекше жағдайлар мектеп жасына дейінгі ұйымдарда кездесетіндіктен, балалардың танымдық белсенділігін дамыту үшін де жасалуы керек. Себебі:

- когнитивтік сала жеткіліксіз дамыған;
- оқуға деген ынтасы төмен немесе мүлдем жоқ;
- жаңа материалға ұзақ уақыт назар аудармауы;
- балалар тәуелсіз және бастамашыл емес.

Танымдық іс-әрекет мыналармен сипатталады:

- a) Сенсорлық процесс
- b) Интеграция

- с) Идеяны құру
- d) Құрылымдау процесі
- e) Конгнитивті құрылым

Сөздік анықтамаға сәйкес, танымдық іс-әрекет – бұл оқуға деген ұмтылыспен, психикалық күшпен және білімді меңгеру процесінде ерік-жігердің көрінісімен сипатталатын жеке адамның ақыл-ойының белсенділік жағдайы [5].

Танымдық іс-әрекет-бұл саналы әрекет, қабылдау, ойлау, есте сақтау, зейін, сөйлеу сияқты психикалық процестер арқылы қоршаған шындықты білуге бағытталған. Л.С.Выготский ақыл-ой дамуы, ақыл-ойдың жаңа қасиеттерін қалыптастыру арқылы өздігінен орындалатын жаңа нәрсені білдіреді және психикалық функцияларды еріктілік пен зейін сызығы бойынша төменгі деңгейден жоғары даму деңгейіне аударады деп жазды.

С.М. Джакуповтың зерттеу жұмыстары оқыту барысында танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыру мәселесіне арналған. С.М.Джакупов өз зерттеулерінде, біріккен диалогты іс-әрекет нәтижелері мен мағыналарының, мақсаттарының арасындағы байланыстар мен қатынастар барысында жүзеге асады деп көрсетеді [6].

Жеке тұлға өзінің іс-әрекеті процесінде ғана дамитыны белгілі. Адамды тек суда жүзуге үйретуге болады, ал баланы тек іс-әрекет процесінде әрекет етуге үйретуге болады. Баланың дамуының қозғаушы күштері туралы мәселе іс-әрекет тұжырымдамасы аясында шешіледі.

Танымдық іс – әрекеттер-бұл балалардың белсенділігі, оның көмегімен ол жаңа білім, білік пен дағдыларды алуға тырысады. Бұл жағдайда ішкі міндеттеме дамиды және білімді жинақтау, кеңейту және танымы үшін әр түрлі іс-қимыл әдістерін қолдану қажеттілігі қалыптасады. Демек бүлдіршіндердің алған білімі мен күнделікті ақпаратты оқып, қабылдап, есте сақтап, пайымдап жинақтап есте сақтауды дамытудың маңыздылығы айқындалады.

Мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың көпшілігінде білім қоры шектеулі, шаршау, зейіннің тұрақсыздығы, танымдық процестердің төмен деңгейі бар.

Бақылаулар мен эксперименттік зерттеулер кейбір психикалық процестер балаларда күрт қалыптаспаған, ал басқалары салыстырмалы түрде сақталған деп айтуға мүмкіндік беретін материалдар береді. Бұл белгілі бір дәрежеде балалар арасындағы танымдық іс-әрекетте де, жеке салада да кездесетін жеке айырмашылықтарға байланысты болады.

Жалпы психикалық дамымаған баланың танымдық әрекеттері мен жеке басының бұзылуы оның әртүрлі көріністерінде айқын көрінеді. Таным мен мінез-құлықтың ақаулары байқаусызда басқалардың назарын аударады. Алайда, кемшіліктермен қатар, бұл балаларға тән кейбір жағымды мүмкіндіктер бар, олардың болуы даму процесін қамтамасыз ететін тірек ретінде қызмет етеді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар дамуға қабілетті, ол баяу, біртіндеп жүзеге асырылады және психикалық белсенділікке сапалы өзгерістер енгізетін прогрессивті процесс болып табылады. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың дамуы биологиялық және әлеуметтік факторлармен анықталады. Олардың біріншісіне ақаудың ауырлығы, оның құрылымының сапалық ерекшелігі, оның пайда болу уақыты жатады, ал әлеуметтік факторлар-бұл баланың ең жақын ортасы: ол тұратын отбасы; ол араласатын және уақыт өткізетін ересектер мен балалар.

Танымдық іс-әрекеттің ерекшеліктерін талдай отырып, құрылымдық компоненттерге тоқталу керек: назар аудар, қызығушылық, сезім мен қабылдау, ойлау, сөйлеу және т.б.

Баланың танымдық іс-әрекетіндегі қызығушылықтың рөлі белгілі. Бұл барлық танымдық әрекет тек қызығушылықпен ынталандырылады және ерікті күш-жігерді қамтымайды дегенді білдірмейді. Алайда, қызығушылық-бұл баланың оқу іс-әрекетіне саналы көзқарасын, оның жұмысының өнімділігін қамтамасыз ете алмайтын шарт. Білімге және еңбек қызметіне деген қызығушылық бұл балалардың тонусын арттырады, оларда қуанышты көңіл-күй қалыптастырады, жұмыс қарқыны мен сапасына оң әсер етеді. Сонымен қатар, ол тәртіпті жақсартуға ықпал етеді, босаңсуды және пассивті белсендіреді, балаларға қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың танымдық қызығушылығын дамыту бойынша жұмыста келесі факторларды ескеру қажет:

- үйде және МДҰ-да қолайлы психологиялық климат құру;
- эмоционалды жайлылықты қамтамасыз ету;
- баланы белсенділікке қосуды ынталандыру (ойын, танымдық, жеке, практикалық);
- танымдық іс-әрекетке қабылдаудың әртүрлі түрлерін (визуалды, тактильді, есту, дәмдік) қосу.

Танымдық іс-әрекетте ойлау мен іс-әрекет теориясын адам психикасы мен мінез-құлқымен байланыстыра отырып, әйгілі психолог Л.С. Выготский ойлау әрекетіне ерік пен сезім үнемі қатысып отыратынын айтады. Бұл жағдайда адамның білімі мен тәрбиесі, зияткерлігі мен эмоциясы оның негізгі психологиялық дамуын анықтайды деген ой салады. Психолог еңбегінде танымдық ұғымдардағы ойлауды – іс әрекет арқылы ойлау, ұғымдардағы ойлау, ұғымдық ойлау деп түсінуге болады деген тұжырым жасайды [7].

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын дамыту дамушы орта болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Танымдық іс-әрекетті дамыту үшін әр түрлі іс-шаралар қолданылады, бірақ ең көп таралған және тиімді түрі - ойын, бақылау және эксперимент.

Ойын бұл жаңа нәрселерді таныстыруға және оны қайталауға мүмкіндік беретін ерекше әрекеттің түрі.

Бақылау-қоршаған әлемнің объектілері мен құбылыстарын мақсатты, жоспарлы қабылдау. Бұл күрделі танымдық іс-әрекет, оған қабылдау, ойлау және сөйлеу қатысады, тұрақты назар қажет. Бақылау-табиғатты танудың негізгі құралы болып табылады.

Эксперимент балаларды қоршаған тірі және жансыз табиғат әлемімен таныстырудың ең сәтті жолы.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық іс-әрекет белсенділігінің жалпы дамыту жолдары:

1) көрнекі-иерархиялық жіктеуге арналған картиналарды (кескіндемені), арнайы суреттерді қарау: жануарлар мен өсімдіктердің түрлері; жылдың әр мезгілінде табиғат туралы мультфильмдер мен фильмдерді (жекелеген фрагменттерді) қарау;

2) ауызша (сұрақтар, педагогтың әңгімелері);

3) практикалық (заттарды тексеру, эксперимент, табиғаттағы еңбек; дидактикалық ойындар мен жаттығулар; заңдылықтарды салыстыру, жалпылау, анықтау; техникалық құрастыру; санау материалымен жұмыс жасау; математикалық есептерді құрастыру және шешу).

4) ойын әрекеті (ойын-жаттығулар, сергіту ойындары, спорттық, қимыл-қозғалыс ойындары, ұлттық ойындар, аңғаруға байланысты ойындар, шапшандыққа байланысты жүргізіп ойнайтын ерікті ойындар, дидактикалық ойындар, саусақ ойындары, желілі-рөлдік, үстел үсті ойындары және т.б.)

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар санының артуы жағдайында, білім беру мекемелері үшін осы санаттағы балаларға сапалы білім беруде танымдық іс-әрекеттерінің дамуында тек тәрбиеші-педагогтар ғана емес, уақытылы түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетуге қабілетті арнайы мамандар – педагог-дефектологтардың көмегі қажет екенін айта кеткен жөн.

Қорыта келе, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау барысында теориялық талдау көрсеткендей, ерекше білімді беруді қажет ететін, мектеп жасына дейінгі балалардың, ерекше жағдайдың көп түрлілігі мен жеке қажеттіліктерінің негізінде танымдық процестердің даму күйі қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы, 3 – тарау.

2. Wang H. L. Should All Students with Special Educational Needs (SEN) Be Included in Mainstream Education Provision? A critical analysis. – International Education Studies, 2009. – Vol. 2. № 4. – P. 154-160.
3. Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями. – Алматы: Раритет, 2002. – С. 9-17.
4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P23000000249>
5. Бутер Н.К. Индивидуальный образовательный маршрут в изучении предмета как средство формирования и развития универсальных учебных действий // Пермский педагогический журнал. 2018. № 9. С.5.
6. Асылханова М., Сабирова Ж., Қуанәлі М. мектепке дейінгі балалардың танымдық процестері дамуының психологиялық аспектілері //ХАБАРШЫ «Психология» сериясы. – 2022. – Т. 73. – №. 4.
7. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық; Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы. 1-том. Л.С. Выготский. Мәдени-тарихи тұжырым-дама / Жетекшісі – акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – 464 б.

ӘОЖ 372.4

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУҒА ДАЙЫНДАУ

Ажибаева Н., «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ 2 курс магистранты
Капенова А.А., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

nazerkk95@mail.ru

Білім беру жүйесіндегі жаһандық өзгерістердің қалыптасқан жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушыларды оқытуға дайындығы қоғамның сұраныстары мен уақыттың қиындықтарына сәйкес келуі керек. Қазіргі педагогикалық процесс бастауыш сынып оқушысының жеке басының оқу және тәрбие деңгейінде кешенді дамуын, оқушылардың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін қалыптастыруды және ашуды білдіреді, ол кейіннен білім алудың күрделене түсетін жүйесінде дамиды. Сонымен бірге, бастауыш сынып оқушысының интеллектуалдық әлеуетін тұтас педагогикалық процесс ретінде дамытуға қатысты ғылыми дискурс, сәйкесінше болашақ мұғалімнің жаңа жағдайда қызметке дайындық критерийлері белсенді іздеу сатысында тұр.

Тірек сөздер: бастауыш сынып оқушылары, білім беру жүйесі, балалардың дамуы, интеллектуалды және шығармашылық әлеует, интеллект.

В сложившихся условиях глобальных изменений системы образования готовность будущего учителя младших классов к обучению школьников должна соответствовать запросам общества и вызовам времени. Современный педагогический процесс подразумевает комплексное развитие личности младшего школьника на уровне обучения и воспитания, формируя и раскрывая интеллектуально-творческий потенциал учащихся, который впоследствии получит свое развитие во все усложняющейся системе получения знаний. В то же время, научный дискурс в отношении развития интеллектуально творческого потенциала младшего школьника как целостного педагогического процесса, а соответственно, и критериев готовности будущего педагога к деятельности в новых условиях, находится на этапе активного поиска.

Ключевые слова: младшие школьники, система образования, детское развитие, интеллектуально-творческого потенциал, интеллект.

In the current conditions of global changes in the education system, the readiness of the future primary school teacher to teach students must correspond to the demands of society and the difficulties of the time. The modern pedagogical process implies the comprehensive development of the personality of a primary school student at the educational and educational level, the formation and disclosure of the intellectual and creative potential of students, which subsequently develops in an increasingly complex system of Education. At the same time, the scientific discourse regarding the development of the intellectual potential of a primary school student as a holistic pedagogical process, and, accordingly, the criteria for the readiness of the future teacher for activities in new conditions, is at the stage of active search.

Keywords: primary school students, education system, child development, intellectual and creative potential, intelligence.

Кіріспе. Бүгінгі таңда әлеуметтік процестердің ерекшелігі мынада: тұлғадан метабілімнің дамуын болжайтын көп тапсырма мен шығармашылық қажет, бұл сөзсіз оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыруға әсер етеді және жаңа типтегі тұлғаны дамыту мақсатына сәйкес білім беру жүйесінің барлық компоненттерін қайта құруды қамтиды.

Мұғалімнің интеллектуалды-шығармашылық әлеуетті дамытуға дайындығы бір жағынан, оқушының санасы мен ойлау процестерінің даму кезеңдеріне сәйкес білім беру бағдарламасының кезеңдік міндеттерін іске асыруға дайын болу талаптарымен анықталады. Екінші жағынан, болашақ мұғалім психологиялық-педагогикалық құралдарды, әдістерді, әдістер мен технологияларды қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін тиімді ашу үшін өзінің шығармашылық педагогикалық қызметіне дайын болуы керек.

Материалдар мен әдістер. XX ғасырдың басында педагогика және психология саласындағы мамандар ақпаратты қабылдау мен түсіндіруге тұрақты дағдыларды қалыптастырудың белсенді кезеңі ерте мектеп жасында қаланғанын анықтады. Ерте мектеп жасында қалыптасқан өзінің зияткерлік әлеуетін пайдаланудың негізгі мүмкіндіктері болашақта оқу және кәсіби даму қабілетін анықтайды деп айтуға негіз жоқ емес.

Сонымен қатар, педагогика ғылымы мен практикасында бастауыш сынып оқушысының зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуды қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілі әлі әзірленбеген. Тиісінше, болашақ мұғалімді бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін дамытуға дайындау үшін бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды-шығармашылық әлеуеті ұғымын да, оның құрылымдық-мазмұнды сипаттамасын да анықтау өте маңызды. Қазіргі кездегі ғылыми негізделген тәсілдер шеңберінде және бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды-шығармашылық әлеуеті тұжырымдамасының аспектілерін түсіндіретін бірқатар жуықтауларды қарастыру қажет.

Бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды және шығармашылық әлеуеті ұғымы екіұшты, адамның саналы қызметінің екі аспектісін біріктіреді: интеллект және шығармашылық. Демек, интеллектуалды және шығармашылық әлеует ұғымы, ең алдымен, оқушының жеке басының саналы іс-әрекетімен анықталады. Көп қырлылығына байланысты бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды және шығармашылық әлеуетінің мәнін анықтау пәнаралық көзқарас тұрғысынан қарастырылуы керек.

Сонымен, «интеллектуалды және шығармашылық әлеуетке» деген философиялық көзқарастар тұрғысынан «интеллект», «шығармашылық», «интеллектуалды әлеует», «шығармашылық әлеует» компоненттерін түсінуге көзқарастардың эволюциясы байқалады. «Интеллект» ұғымының алғашқы түсіндірмелерінің бірі Платонда кездеседі. Өзінің «идеялар ілімінде» «логистика» немесе жанның ақылға қонымды бөлігі идеялардың құдайлық әлемін қабылдау және оларды шындыққа айналдыру қабілеттері арасындағы байланысты қалыптастыратын метафизикалық құбылысты білдіреді деп санайды [1].

Платонның интеллекттің мәнін түсінуге деген диалектикалық тәсілі, біздің ойымызша, интеллект пен шығармашылықтың интеграциясы туралы қазіргі түсінікке жақын интеграцияны көрсетеді. Алайда, интеллект қабылдаған және жүзеге асыратын идеяның қайнар көзі адам болмысынан тыс ежелгі көріністе көрінеді. Ежелгі көріністегі шығармашылық адамның шындықты идеализациялауға деген ұмтылысына, идеялардың (шабыттың) әмбебап қайнар көзімен таныстыру арқылы Құдайға ұқсауға деген ұмтылысына негізделген. Тиісінше, біз интеллектуалды және шығармашылық туралы ежелгі философиялық идея осы екі ұғымның интегративтілігіне жақын болғанымен, интеллект, тұлғаишілік акцептор ретінде және шығармашылық – идеялардың сыртқы құдайлық көзі (доноры) ретінде айқын сызық сызатынын көреміз.

Кейінгі дамуда Аристотельдің схоластикалық көзқарастарынан бастап және бүкіл Орта ғасырларда интеллектуалды және шығармашылық ұғымдарды одан әрі ажырату тенденциясы байқалады, интеллектті тұлғаның трансцендентті мәні ретінде түсінуге дейін, ал Шығармашылық – бұл өмірлік тәжірибе процесінде осы мәннің нақты көрінісі ретінде, ақылмен объективтендіруге ұшырайды. Бұл жағдайда интеллект (*intellectus*) және ақыл (*ratio*) бөлінеді, ал шығармашылық жеке тұлғаның пассивті жағын білдіретін белсенділік аспектісінен тыс қарастырылады. Бұл тәсілді кеш схоластиктердің (Ансельм Кентербери, Джон Скот Эриуген) және шығыс философтарының (Ибн Сина, Ибн Рушди) жүргізушісі ретінде байқауға болады [2, 3].

Бұл зерттеу аясында әл-Фарабидегі интеллект пен ақыл-ойды түсіндіру өте қызықты. «Ақыл туралы» трактатында философ адамның ақыл-ойын сезімтал, қиялшыл және ұтымды күштердің бірлігі арқылы потенциалдан өзектілікке аударатын белсенділік деп санайды [4, 5]. Бұл интерпретация интеллект пен шығармашылықтың бірлігі туралы қазіргі түсінікке өте жақын. Жаңа заман философиясы интеллектуалды және шығармашылық синергияның жаңа кезеңімен сипатталады. Интеллект адамның белгілі бір түсінік арқылы заттардың мәніне ену қабілеті ретінде қарастырылады (Т.Аквинский) [6].

Шығармашылықты интеллектуалды іс-әрекеттің объектісі ретінде түсінуге рационалистік көзқарас пен интеллектуалды-шығармашылық белсенділіктің әлеуметтік контекстіндегі релятивистік ұстаным арасындағы қарама-қайшылықтар мен қарама-қайшылықтарда психология, нейрофизиология, мәдениеттану, әлеуметтанудың эмпирикалық зерттеулерімен байытылған пәнаралық көзқарасты одан әрі дамыту үшін негіз қалыптасады. Интегративті «интеллектуалды-шығармашылық» құбылысында қамтылған ұғымдарды анықтауға көзқарастардың эволюциясын талдай отырып, «интеллект» және «шығармашылық» ұғымдарын синтездеудің бірнеше рет әрекеттерін ақылға қонымды, танымдық іс-әрекет процесінде тұлғаның көрінісі ретінде атап өтуге болады.

XX ғасырдың басынан бастап жаратылыстану білімінің белсенді дамуы, бұрын физиология, нейрофизиология және психология ойлау процестері, олардың мәні мен танымдық іс-әрекеттегі көріну механизмдері туралы идеяны едәуір байытты. Ең алдымен, бастауыш мектеп жасындағы баланың нейрофизиологиялық даму кезеңінің ерекшеліктерін атап өтіп, нейропсихология, нейрофизиология және жас психологиясы тұрғысынан интеллектуалды - шығармашылық потенциал құбылысына біріктірілген ұғымдарды қарастыру керек.

Адамның функционалдық дамуы адамның аналитикалық, логикалық, сонымен қатар сөздік қабілетін қалыптастыратын, қойылған шығармашылық тапсырмаларды талдау мен түсіндіруге қатысатын аймақ болып табылады. Интеллектуалдық-шығармашылық әлеуеттің дамуының қазіргі кезеңінде бұл екі ұғымды ажырату танымдық іс-әрекеттің мүмкіндіктерін айтарлықтай тарылту дегенді білдіреді деп есептейміз. В.Грэй дәлелді эксперименттер барысында интеллектуалдық белсенділік пен шығармашылық әлеуметтік болмыстың қызмет етуіндегі ажырамас екі процесс екенін анықтады. Осыған сәйкес, В.Грэй шығармашылық интеллект индивидтің қоршаған орта жағдайларына бейімделу формасы болып табылады, қазіргі адам үшін оның көпшілігі әлеуметтік тұрғыдан анықталады [7].

Интеллект пен шығармашылықтың дамуы арасындағы табиғи байланыстың бұл ерекшелігі интеллектуалдық және шығармашылық әлеуеттің даму ерекшеліктерін көрсетеді деп есептейміз. Белгілі бір мағынада интеллект жоғары приматтардың миының когнитивтік функцияларының жиынтығы ретінде шығармашылық болып табылады. Интеллектуалдық потенциал неғұрлым жоғары болса, соғұрлым шығармашылық қабілеті жоғары болады. Сонымен бірге, қоршаған ортаның жағдайлары неғұрлым күрделі болса, жеке адамның психикалық реакцияларының жауаптары да күрделі және әртүрлі болады. Нейрофизиологияның және дәлелді медицинаның дамуымен психология да белсенді дамуға ие болды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Бастауыш сынып оқушысының психологиясына талдау жасай отырып, психология мен нейрофизиологияның ережелері педагогика психологиясының теориялары мен тұжырымдамаларын дамытуға негіз болғанын атап өткен жөн. Психолог ғалымдар мидың жоғары бөлімдерінің құрылымдарын зерттеудегі алғашқы жетістіктер аясында танымдық іс-әрекет ойлаудың даму сатысына сәйкес құрылымдалған, бұл біртұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудағы когнитивті даму ерекшеліктерін тиісті ескеруді қажет етеді деген идея естіледі [8].

Бұл дамудың өте маңызды аспектісі, өйткені танымдық белсенділіктің дамуы ми құрылымдарының дамуымен тікелей байланысты. Отандық бастауыш білім беру жүйесімен жүргізілген көптеген эксперименттердегі оқу міндеттерінің шамадан тыс күрделенуі әр жас тобында өзінің шекті танымдық мүмкіндіктері бар екенін дәлелдеді. Кем дегенде он – он бес жыл бұрын болған ультра ерте даму сәнін еске түсірген жөн. Оқуды алты-жеті жасында емес, бес жасында бастаған балалар танымдық қабілеттерінің дамуының күтілетін динамикасын көрсетпеді, мектеп бағдарламасын әрең игеріп, көбіне екінші жылы қалды. Бұл жерде мәселе балалардың мектепке әлсіз дайындығы емес, жас ерекшеліктерінің даму ерекшеліктері болды. Ойлаудың алшақтығы-бұл тапсырманың бірегей шешімін табу және құру мүмкіндігі. Ойлаудың конвергенциясы белгілі бір алгоритмді нақты орындау арқылы шешімді қамтамасыз етеді. Мұнда ғылыми идеяға қайшы, шешім шығарудың екі түрі де кез-келген адамның ойлау процесінде болатындығын қосуымыз керек. Алайда, белгілі бір түрдің даму дәрежесі, оның таралуы алдыңғы кезеңдердегі мәселелерді шешудің жеке қабілеттері мен жеке тәжірибесіне негізделген айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

Оқу-танымдық іс-әрекеттегі конвергентті және дивергентті ойлаудың өзара байланысы интеллектуалды және шығармашылық әлеует ұғымының интегративтілігі мен қосарлануын анықтайды.

Бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін түсінудің қолданыстағы тәсілдерінің анықталған ерекшелігіне байланысты біз жоғарыда аталған екі олқылықты көрсететін авторлық анықтама алдық. Әрі қарай авторлық анықтаманың жеке аспектілерінің хронологиясы мен мазмұны берілген.

Сонымен қатар, интеллект пен шығармашылықтың жалпы ғылыми және философиялық тұрғыдан мета-пәнге қатынасын түсіну генезисін ескере отырып, пәнаралық тәсілге сараланған көзқарас арқылы интеллектуалды-шығармашылық мета-пәндік категорияны білдіреді деп болжауға болады. Интеллектуалды және шығармашылық әлеуеттің мета-пәні оның көрінісінің жан-жақтылығымен, пәндік салаға қарамастан анықталады және білім көлемін ұлғайтумен ғана емес, сонымен бірге олардың арасындағы қатынастарды игерумен де қамтамасыз етіледі. Демек, интеллектуалды және шығармашылық әлеуеттің мета-пәні метабілімнің жеке және әмбебап базасын қалыптастыруды білдіреді, оның даму процесі экспонент бойынша метатанымдық қабілетпен қамтамасыз етіледі.

Бұл сапа интеллектуалды-шығармашылық әлеуеттің спецификалық емес, ойлау құрылымына біріктірілген және өзін-өзі дамыту қабілетінің әмбебаптығын анықтайды. Оқу мәселелерін мақсатты түрде шешу шеңберінде интеллектуалды және шығармашылық әлеуеттің көрінісі сонымен қатар бұл тұжырымдама баланың физиологиялық дамуына қарай мидың кортикальды-субкортикалық бөлімдерінің фазалық дамуына сәйкес дамитын метатанымдық қабілет деп айтуға мүмкіндік береді. Нейрофизиология, психология,

әлеуметтану және педагогика шеңберінде бар осы қабілеттің дамуының қазіргі түсінігін егжей-тегжейлі зерттеу бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды-шығармашылық әлеует төмендегідей анықтамалар береді деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- а) метатанымдық қабілет;
- б) шешілетін міндеттердің сипатына сәйкес көрінеді;
- в) баланың жеке қабілеттері мен бейімділіктеріне сәйкес көрінеді;
- г) дамудың нақты-операциялық кезеңіне сәйкес, метазананияны қалыптастыра отырып, танымдық белсенділіктің бұрын жинақталған тәжірибесін жүйелейді және жинақтайды;
- д) әлеуметтік бейімделу тәсілі ретінде көрінеді және оқу іс-әрекетінің әлеуметтік маңызды аспектісі ретінде қалыптасады.

Қорытынды. Осылайша, интеллектуалды-шығармашылық әлеуеттің жоғарыда аталған аспектілеріне сүйене отырып, жалпы философиялық тәсілдерді, сондай-ақ нейрофизиология, психология, Әлеуметтік психология және педагогика шеңберінде қалыптасқан тәсілдерді ескере отырып, біз бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды-шығармашылық әлеуеттің метатанымдық қабілет екенін анықтадық. Метатанымдық қабілет пәндерді біртұтас білім жүйесі ретінде зерттеу кезінде өзіндік ойлау процестерін түсіну және талдау қабілетін білдіретін мета-пәндік аналитикалық әрекетке байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Платон. Собрание сочинений: в 4 т. – СПб., 2006. – Т. 1. – 623 с. 66 Микешина Л.А. философия познания: полемические главы. – М.: Прогресс-Традиция, 2002. – 624 с.
2. Философиялық сөздік / ред. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
3. Ибрагим Т. Аль-Фараби. Трактат «О разуме» / пер. с араб. // Ориенталистика. – 2019. – №2(4). – С. 954-982.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 б.
5. Яковлева Л.И. Очерки по философии нового времени. – М.: Альпина, 2013. – 187 с.
6. Шайзадаев У.Н. Значение и место идей мировой философии казахского мыслителя Абая Кунанбаева в развитии миропознания // http://www.rusnauka.com/14_ENXXI_2012/Philosophia/3_110204.doc. 19.01.2022.
7. Грей У. Живой мозг. – М.: Мир, 1966. – 302 с.
8. Пиаже Ж., Инельдер Б. Генезис элементарных логических структур. – М.: Эксмо-пресс, 2002. – 416 с.

ӘОЖ 81'23

ҚАЗАҚ ТІЛІН ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

Айтқазы Ш. М., 1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Абызова А.М., PhD, оқытушы-дәріскер

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

shaitkazieva@gmail.com

Мақалада қазақ тілін инклюзивті білім беру негізінде оқыту мәселесі дәйекті қарастырылған. Қазіргі таңда ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоса алғанда, барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған инклюзивті білім беру жүйесі тақырыбы – өзекті. Бұл мақала ғалымдар жүргізген зерттеулер мен қазақ тілін инклюзивті сыныптарда оқыту тәжірибесін талдауға негізделген. Көру, есту, сөйлеу, ақыл-ой бұзылыстары бар балаларды оқыту жүйесі бейімделген оқытудың арнайы

бағдарламалары мен әдістемелерін жасақтауды, әлеуметтік бейімделу және интеграция бағдарламаларын әзірлеуді, тілдік дағдыларын тиімді тәсілдер арқылы дамыту үшін қолайлы жағдай туғызуды қамтиды.

Тірек сөздер: қазақ тілін оқыту, инклюзивті білім беру жүйесі, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, оқыту әдістері, инклюзивті білім берудің ерекшеліктері.

В статье последовательно рассматривается проблема преподавания казахского языка на основе инклюзивного образования. В настоящее время актуальна тема системы инклюзивного образования, направленная на создание равных возможностей для всех учащихся, включая детей с особыми образовательными потребностями. Эта статья основана на исследованиях, проведенных учеными, и анализе опыта преподавания казахского языка в инклюзивных классах. Система обучения детей с нарушениями зрения, слуха, речи, интеллекта включает разработку специальных программ и методик адаптивного обучения, разработку программ социальной адаптации и интеграции, создание благоприятных условий для развития языковых навыков с помощью эффективных подходов.

Ключевые слова: обучение казахскому языку, система инклюзивного образования, дети с особыми образовательными потребностями, методы обучения, особенности инклюзивного образования.

The article consistently examines the problem of teaching the Kazakh language on the basis of inclusive education. Currently, the topic of the inclusive education system is relevant, aimed at creating equal opportunities for all students, including children with special educational needs. This article is based on research conducted by scientists and an analysis of the experience of teaching the Kazakh language in inclusive classrooms. The education system for children with visual, hearing, speech, and intelligence impairments includes the development of special programs and methods of adaptive learning, the development of programs for social adaptation and integration, and the creation of favorable conditions for the development of language skills using effective approaches.

Keywords: Kazakh language teaching, inclusive education system, children with special educational needs, teaching methods, features of inclusive education.

Қазіргі таңда қазақ тілін пән ретінде оқыту түрлі бағытта жүргізіліп жатыр. Осы орайда қазақ тілін инклюзивті білім беру негізінде ерекше қажеттілігі бар балаларға оқыту мәселесі алдыңғы қатарға шыққанын баса атап өтуіміз қажет. Сондықтан көру, есту, сөйлеу, ақыл-ой бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы оқы бағдарламасын әзірлегенде қазақ тілін жете меңгерту міндеті бірінші орынға қойылуы қажет. Себебі қазақ тілін жақсы білу ерекше қажеттіліктері бар балалардың толыққанды әлеуметтенуі, жеке дамуы және білім алуы үшін маңызды фактор болып табылады. Тілді игеру айналасындағылармен табысты және өнімді қарым-қатынаста болуына көмектеседі. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға қазақ тілін оқытудың айрықша маңызға ие екендігінің бірнеше себептері бар. Атап айтсақ:

1) Коммуникация орнату. Тіл-қарым-қатынастың негізгі құралы. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар қарым-қатынас жасау барысында қиындықтарға тап болуы мүмкін, сондықтан ана тілін меңгеру әлеуметтенуді жақсартуға көмектеседі;

2) Когнитивті қабілеттерді дамыту. тілді меңгеру зейін, есте сақтау, ойлау және мәселелерді шеше білу сияқты когнитивті қабілеттердің дамуына ықпал етеді. Бұл балалардың интеллектуалды және когнитивті дамуы үшін маңызды ақпаратты талдау, салыстыру және синтездеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

3) Еркіндік. Тілді түсіну және сөйлеу қабілеті балаларды тәуелсіз етеді. Олар өз қажеттіліктерін тіл арқылы білдіре алады, сұрақтар қоя алады және түрлі жағдаяттарға қатыса алады. Бұл өзін-өзі бағалауға ықпал етеді, себебі балалар қоршаған ортамен еркін қарым-қатынас жасай алады.

Тарихқа көз жүгіртсек, XVII ғасырда швейцариялық математик Я.Бернулли (1654-1705) математикаға «интеграл» терминін енгізеді. Алдағы кезекті үш ғасырда «интеграциялау» термині философия, психология, әлеуметтану сияқты басқа ғылым салаларында да кеңінен қолданыла бастады. Бұл қатарға кейінірек педагогика да қосылды. «Интеграция» термині латын тілінен аударғанда *integrare* – толтыру, толықтыру, *integer* – біртұтас деген мағынаны білдіреді. Педагогикада «әлеуметтік интеграция» термині XX ғасырда пайда болды. Алғашында бұл ұғым АҚШ-та нәсілдік, этникалық бөлінушілік мәселелерімен байланысты болса, кейінірек эмигранттардың балаларына қатысты қолданылды. Тек XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қана жоғарыда айтылған термин Еуропа халықтарының сөз қолданысында мүгедектігі бар жандардың мәселелері контекстінде қарастырыла бастады. Педагогика тарихында ерекше білім беруді қажет ететін және дамуы қалыпты балалардың оқу әрекетіне бірлесе жұмылдырылуы жөніндегі еуропалық білім беру тәжірибесіне педагогикалық идеяларды енгізу И.Г. Песталоццидің (1746-1827) есімімен тығыз байланысты. Ортақ білім беру идеясын, көру, есту, ақыл-ой даму бұзылыстары бар балаларды оқыту мәселесін XIX ғасырдың бірінші жартысындағы озық еуропалық мұғалімдер де (Франция, Германия, Австрия және т.б.) қолдады. Еуропа елдерінде XIX ғасырдың 40-50 жылдарынан бастап бастауыш мектептердің саны артты (1 сыныпта 80 бала) оқыды. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар мұндай жағдайда арнайы ашылған мектеп-интернаттарда оқыды немесе мүлде білім алмады [1, 31 б.] Кейін XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың екінші жартысына дейін инклюзивті білім беру жүйесі үзілді-кесілді екінші орынға қойылып, тіпті маңызды тақырып ретінде күн тәртібінде қозғалмады. Ресейде 1806-1930 жылдары арнайы жабық мектеп-интернаттары болды. Бірақ балалар қоғамнан ажыратылған күйде білім алды. Кейін КСРО-да мүгедектер мүлде жоқ деп жарияланды, себебі ерекше адамдар көшеде көрінбейтін. Осылайша жалпы халық екі топқа бөлінді. Бұл жағдай қаншалықты парадоксальды болып көрінсе де, мүгедек жандарға белгілі бір деңгейде жағдай жасалды, дегенмен олардың құқықтары шектелді. Кейін әлемнің түкпір-түкпірінде наразылықтар бой көрсете бастады. Нәтижесінде әлемдегі алғашқы инклюзивті мектеп 1958 жылы Швецияда салынды. Школьгарден мектебі денсаулығында түрлі ақаулары бар балаларға қатарластарымен бірге білім беруді мақсат етті. 1970 жылы Швецияда Н.Бенк-Миккелсон және Б.Нирье «нормализация» тәртібін енгізеді. Бұл ұғымның негізгі қағидасы - мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алуға, жұмысқа орналасуға құқығы туралы ереже, сондай-ақ қалыпты жағдайға жақын өмір сүру [2, 65 б.]. Сонымен қатар барлық бала дамуында қандай бұзылыс болса да, білім алуға құқылы әрі оны қоғам қабылдауы тиіс [3, 166 б.]. БҰҰ-ның мүгедектердің мүдделері мен құқықтарын қорғау жөніндегі қызметінің нәтижесінде 1981 жыл «мүгедектер жылы» болып жарияланып, көмек көрсету бағдарламасы әзірленді [4, 20 б.]. Сол бағдарламаның аясында инклюзивті білім беру жүйесінің ауқымы кеңейді. Демек, инклюзивті білім беру – барлық оқушыларды, олардың жеке ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру процесіне қосуға тырысатын білім беру тәжірибесі. Инклюзивті білім берудің мақсаты – оқушыларға тең мүмкіндіктер сыйлау.

Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесі 2000 жылдардан бастап айтыла бастады. 2011 жылдан бастап елде заңдар, заңға тәуелді нормативтік актілер қабылданды, олар әр баланың қандай да бір кемсітуден білім алу құқығын бекітеді. 2022 жылы Білім министрлігі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын әзірледі [5].

Ерекше білім беруді қажет ететін, инклюзивті білім алатын балалардың кейбір түрлері:

- 1) интеллектуалды және даму кідірісі бар балалар: ақыл-ой кемістігі бар немесе дамуында кідірісі бар балалар;
- 2) физикалық шектеулері бар балалар: шектеулі қозғалғыштық, аяқ-қолдың болмауы;
- 3) есту және көру қабілеті, сөйлеу бұзылыстары бар балалар: есту, көру, қабілеті нашар, тілінде мүкістігі бар, сондай-ақ, зағип балаларды қамтиды;
- 4) аутизм және аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар: аутизм немесе аспергер синдромы;

5) эмоционалды және мінез-құлық мәселелері бар балалар: агрессивтілік, депрессия және басқа эмоционалдық бұзылулары бар балаларды қамтиды [6, 44 б.].

Мүмкіндігі шектеулі бала үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні зор. Сол себепті балалармен психомоторлы және сенсорлы үдерістерді дамытуды сабақ барысында тіл оқытумен қатар қолға алу керек. Жалпы, инклюзивті білім берудің негізгі принципі – әртүр-лілікті тану. Инклюзивті білім беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғаліміне бірнеше өте маңызды талаптар қойылады. Сол талаптарға сәйкес бірнеше әдістерді ұсынуды жөн көреміз.

Біріншіден, мұғалім тек пәнді жете біліп қана қоймай, сонымен қатар сабақты ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістерін жақсы меңгеруі керек, бастысы: ақпаратты балаларға қолжетімді әрі қолайлы етіп беруге дайын болуы маңызды. Қазақ тілі сабақтарында практикалық жұмыстардың көпшілігі ақпараттық технологиялар көмегімен байланыстырылатынын, бұл материалды меңгеруді жеңілдететінін және керісінше жаңа міндеттерді тудыратынын есте сақтау қажет. Жеке оқушының да, бүкіл сыныптың да психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағды құрылымын жеңілдету алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, ақпараттық технологияларды қолдану өте маңызды рөлге ие. Daisy жүйесінің сөйлейтін кітаптары - электрондық қолжетімді ақпараттық жүйе. Көмекші технологияларға есту аппараттары, экранды оқу құрылғылары, арнайы функциялары бар пернетақталар және т.б. сияқты құрылғылар жатады. Мәселен, қарындаш ұстай алмайтын балалар дұрыс таңдалған көмекші технологияларды (техникалық жабдықтар, бағдарламалық қамтамасыз ету және тиісті білім беру технологиясы) пайдаланып, сурет салып, жаза алады. Сол сияқты сөйлей алмайтын балаларға компьютермен дауыстық байланыс орнатуға мүмкіндік беріледі. Мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытуда көмекші технологияларды қолданудың негізгі мақсаты – қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беру (жазбаша немесе ауызша) [7, 117 б.]. Есту қабілеті нашар дамыған оқушыларға қойылған сұраққа визуалды немесе тактильді жауап беру тәсілін де сабақта қолдансақ болады. Яғни, экраннан мәтінді көрсетіп, ауызша сөйлесудің баламаларын ұсына аламыз. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ақпараттық технологияларды қолдану – өзін-өзі жүзеге асырудың тамаша мүмкіндігі.

Екіншіден, сабақ тек тәрбиелік, дамытушылық қана емес, сонымен қатар түзету-дамытушы болуы қажет. Сондай-ақ әрбір сабақта оқушыларға жеке-жеке сараланған көзқарас болуы керек екенін ерекше атап өткен жөн. Сонымен қатар практикалық жұмысты дайындаған кезде бірден балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес бірнеше нұсқаны ойластыру маңызды. Әсіресе, сөйлеу кемістігі бар балаларға және жазу жүйесінде қате жіберетін балаларға арналған әр түрлі фонетикалық, орфографиялық жаттығуларды жасатып отыру қажет.

Инклюзивті жалпы білім беруші мектебінің бастауыш сынып оқушыларының жұмыстарын талдау нәтижесінде әр түрлі қателердің жиі кездесетіні анықталды. Жазу жұмыстарының ішіндегі ең көп кездесетін: сөзде дыбыстарды шатастыру, яғни дыбыстық құрамның бұзылуы, соның ішінде әріпті акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы (айтылуы) бойынша шатастыру сияқты қате түрлерін айтуға болады. Әсіресе, оқушылардың к-к, н-ң, з-с, б-п, д-т, г-к, і-ы әріптерді шатастыруы жиі кездеседі. Мысалы бақдаршан - бағдаршам, таспақа - тасбақа, гөбелек - көбелек, бұғын - бүгін, дәпдер - дәптер, ілгіш - ілгіші, қариндапі-қарындаш (ы,і дыбыстарының түсіп қалған). Жоғарыда көрсетілген қателердің бірден-бір себебі – акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы (айтылуы) бойынша фонемаларды жиі шатастыру балалардың фонематикалық естіп қабылдау, ажырату дағдыларының толық деңгейде жетілмеуінен. Арнайы әдебиеттерде кинетикалық ұқсастығы бойынша әріптерді шатастыру сөйлеу тілінің орфоэпия заңдылығымен де, орфографиямен де байланысты емес деп қарастырады. Ондай қателер оқушыларда дыбыс пен әріп арасында байланыстың толық қалыптаспауынан болады. Яғни, бір жағынан фонема мен артикулеманың, екінші жағынан графема мен кинеманың байланыстарының жеткіліксіздігі болып саналады. Сонымен қатар балалардың жазуында әріптерді жазбай кетуі байқалады. Оқушылардың жұмыстарында сөздің соңғы әрпі немесе

бірінші әрпі жиі жазылмай қалады. Мысалы, кемеітін - келмейтін, ұнады - ұнатады, таспк - тасбақа, етк-етік, телдида-теледидар, қыыл – қызыл [8, 70 б.].

Көптеген авторлардың пікірі бойынша жоғарыда аталған қателердің жиі болу себебі – балалармен мектеп жасына дейін жазудың функционалды базисін (бейнелі-графомоторлы, сукцессивті, конструктивті және кеңістіктік түсініктерінің) дамытуға арналған арнайы жұмыстың ойдағыдай жүргізілмеуінен. Осы процестерді дамыту үшін жеке түзету бағдарламасы әзірленіп, сол бағдарламаға байланысты жазбаша және ауызша сөйлеу тілінде кездесетін қателерді түзетуге арналған көмекші құрал ретінде жұмыс дәптері қолданылуы қажет. Әрбір тақырып ережеден, жаттығу жұмыстарынан тұруы тиіс. Оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында тапсырмалар түрлі-түсті болуы маңызды. Мысалы: дауысты дыбыстардың түрлері тақырыбына арналған ережедегі тапсырма оптикалық дисграфияны түзетуге бағытталған. Тапсырмада дауысты дыбыстар берілген, оқушылар сол әріптерді бояуы керек. Әріпті бояу арқылы көзбен қабылдауын, есте сақтауын (түсті, пішінді, өлшемін, көлемін) дамытуға болады. Бірінші тапсырманы орындау арқылы жуан дауысты дыбыстарды ажырата алуын анықтап, ұсақ қол моторикасын дамытамыз. Екінші тапсырма арқылы жіңішке дыбыстарды меңгеруін бекітуге болады. Үшінші тапсырма акустикалық дисграфияны түзетуге арналуы тиіс.

Үшіншіден, сабақ техникалық оқу құралдарымен, дидактикалық материалмен жабдықталуы қажет. Ұсынылған барлық материал баланың даму деңгейіне сәйкес, сабақтың логикасымен байланысты болуы негізгі міндет болып табылады. Егер компьютермен жұмыс болса, онда мұғалім балаларға экрандағы әрекеттердің барлық алгоритмін нақты көрсетіп, оқу әрекетіне жұмылдыруы маңызды. Сабақта өзіндік жұмысқа берілетін тапсырма толығымен ұқсас мысалдар талданғаннан кейін жасалуы қажет. Жаңа сабақты меңгеру әрқашан алдыңғы сабақтарда алынған ақпаратты қайталаудан басталғаны жөн.

Төртіншіден, мүмкіндігі шектеулі балалардың концептуалды аппаратының тар, ал логикасының аз дамуына байланысты болғандықтан практикалық әрекеттерге, оқушы тәжірибесіне, сондай-ақ баланың неғұрлым дамыған қабілеттеріне барынша сүйену қажет. Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты барлық ұғымдар оған түсінікті ассоциацияларды тудыруы керек. Көптеген авторлардың еңбектерінде бастауыш мектеп оқушыларының сөздік қоры шектеулі екендігі баса айтылған. Балалардың осы тобына тән белгі (ерекше балалар) – әртүрлі патогенезге байланысты айтарлықтай жеке ерекшеліктерге ие болуы. Ерекше балаларда сөздік қордың нормадан аз болуы, сын есімдер, есімдіктер, үстеулер сияқты сөйлеу бөліктерінің шектеулі қоры, осыған байланысты кеңейтілген мәлімдемелер жасай алмауы байқалады. 8 жаста сөйлеудің жалпы дамымауы бар балаларда синтагматикалық және парадигматикалық ассоциациялардың параллель түрде қатар өсуі байқалады, қалыпты сөйлеу қабілеті бар балаларда қарама-қарсы заңдылық айқындалған. 6 жастан кейін парадигматикалық ассоциациялар күрт өсіп, синтагматикалық ассоциациялар саны азаяды.

Парадигматикалық және синтагматикалық ассоциация дегеніміз не? Бұл – лингвистикалық негізде пайда болатын ассоциацияның түрі. Парадигматикалық ассоциация – сөздердің семантикалық байланысынан қалыптасқан ассоциация, мысалы, үстел-орындық, ұл-қыз, қара-ақ және т. б. Синтагматикалық ассоциация – сөйлемдегі сөздердің синтаксистік байланыс принципі бойынша қалыптасады, мысалы, үстел-тұр, ұл-кішкентай, қара-көрпе және т. б. Міне, осы мәселені жүйелі түрде кезең-кезеңімен шешу қажет. Алғашында атаулы сөйлемдер, кейін жалаң сөйлемдер (бастауыш пен баяндауыштан тұруы қажет), одан соң жайылма сөйлемдерді құрау ең тиімді тәсіл болып табылады [9, 84 б.].

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру жағдайында балаларға неғұрлым қолайлы орта қалыптастыру маңызды. Сонда ғана ерекше білім беруді қажет ететін балалар әлеуметтенуге бейім болып, өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді. Қазақ тілі пәнін ерекше білім беруді қажет ететін балаларға оқыту барысында А.Байтұрсынұлының оңайдан күрделіге әдісін пайдалану сөзсіз нәтиже берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Малофеев Н.Н. Западноевропейский опыт сопровождения учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях интегрированного обучения / Дефектология. № 5. 2005. 30-45 б.
2. Culham A., Nind M. Deconstructing Normalisation: Clearing the Way for Inclusion // Journal of Intellectual and Developmental Disability. 2003. Vol. 28. № 1. P. 65-78
3. Ратнер Ф.Л., Сигал Н.Г. История становления и развития идей инклюзивного образования: международный опыт // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение Вопросы теории и практики. - Тамбов: Грамота, 2012. № 12. Ч. 2. С. 162-167
4. Ярская- Смирнова Е.Р., Лошакова И.И. Инклюзивное образование детей-инвалидов // Социологические исследования. 2003. № 5. С 20-29
5. сайт <https://old.special-edu.kz/nprbase.html>
6. Карынбаева О.В. Подготовка педагогов к созданию интегрированной образовательной среды для детей с ограниченными возможностями // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. 2014 . № 170.С. 43–49
7. Дозорова Л.В. Основные преимущества использования ИКТ в инклюзивном образовании / Л.В. Дозорова, Е.А. Гурова // Приоритетные направления развития науки и образования: материалы VIII Междунар. науч.– практ. конф. (Чебоксары, 29 янв. 2016 г.) // редкол.: О.Н. Широков [и др.] – Чебоксары: ЦНС «Интерактив плюс», 2016. – С. 117-119
8. Абдикаримова С.А. Инклюзивті жалпы білім беруші мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайы //Открытая школа 2013. № 7. - 69-79 б.
9. Материалы IX Международной научной конференции. (г. Санкт Петербург, 2016 июль). — СПб: Изд-во «Молодой учёный», 2016 июль. — IV, 84 с. ISBN: 978-5-4386-0978-0.

ӘОЖ 811.512.122

ОҚЫЛЫМ МӘТІНДЕРІ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Акимжанова Г.М., 2- курс магистранты

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

muratbaevna87@mail.ru

Мақалада қазақ тілі сабақтарында функционалды сауаттылықты дамытудағы мәтінмен жұмыстың маңыздылығы талданған. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу сауаттылығын арттыруда оқушыларға ұсынылатын оқылым мәтіндерінің жаңа форматы қарастырылып, тапсырмалар ұсынылды. Мәтінмен жұмысты жүйелі ұйымдастыру, талдау әдіс-тәсілдерін қарастыра отырып, оқу мақсатына қол жеткізу жолдары көрсетілді.

Тірек сөздер: функционалды сауаттылық, оқу сауаттылығы, мәтін, дискретті мәтін, тұтас мәтін.

В статье проанализирована значимость работы с текстом в развитии функциональной грамотности на уроках казахского языка. В повышении читательской грамотности по обновленной образовательной программе учащимся был рассмотрен новый формат предлагаемых текстов и предложены задания. Рассмотрены методы и приемы систематической организации, анализа работы с текстом, показаны пути достижения учебной цели.

Ключевые слова: функциональная грамотность, читательская грамотность, текст, дискретный текст, сплошной текст.

The article analyzes the importance of working with text in the development of functional literacy in Kazakh language lessons. In order to improve reading literacy according to the updated educational program, students were considered a new format of the proposed texts and tasks were offered. The methods and techniques of systematic organization, analysis of work with the text are considered, and ways to achieve the educational goal are shown.

Keywords: functional literacy, reading literacy, text, discrete text, solid text.

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұнына сай қазақ тілі пәні бойынша функционалды сауаттылықты қалыптастыруда оқушының тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дұрыс меңгеруіне баса назар аударылып отыр. Бұл дағдылар оқушының -

- өмірде еркін қарым-қатынас жасауына;
- өзгелермен пікір алмасып, көзқарасын еркін білдіре алуына;
- өз ойын, көзқарасын жүйелі әрі нақты жеткізуіне;
- кез-келген ақпаратты тиімді қолдануына;
- түрлі ақпаратты жәй ғана оқып шықпай, саралап, талдап оқуына;
- оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеялар жасауға жол ашады.

Осы төрт дағдының ішіндегі ең маңыздысы – оқылым дағдысы, себебі оқудың тиімді жолын меңгеріп, оқығаны бойынша сараптау (анализ) жасай алған адам ойын еркін айта да алады, сауатты жаза да алады.

Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас» еңбегінде «Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» – деген анықтама береді [1, 102-б.].

Функционалды сауаттылықты қалыптастырудың негізі – мәтінмен жұмысты дұрыс қалыптастыра білу болып табылады. Оқу сауаттылығы – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдана білуі, мәтін мазмұны бойынша ой толғауы, жаңа ақпаратты игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдана білуі, әлеуметтік ортаға бейімделуі.

«Оқылым – берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік – қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым – қатынаста кеңінен пайдалана білу» – екендігін Ф.Оразбаева анықтайды [1, 102-б.]. Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі.

Сондай-ақ Ф.Оразбаева оқылымның маңызын атап көрсетеді:

1. Оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым – қатынаста керегіне жаратады.

2. Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, білімін арттырады, ішкі ой-санасын байытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады.

3. Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйретуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды. Мұның өзі уақыт өте келе сарапқа түсіп, өмірде, ғылым мен техникада жаңа ізденістердің шығуына жол ашады. Адамның қоғамдағы рөлі артады, коммуникация процесі дамиды [1, 103-б.].


Оқылым – ақпаратты түсінудің интеллектуалды тәсілдерінің бірі. Мәтіндегі ақпаратпен жұмыс жүргізу кезіндегі оқыту түрлері – танысу, талдау және аналитикалық оқу, ақпаратты іздеу. Оқылыммен танысудағы мақсат – тақырып бойынша жалпы түсінік қалыптастыру. Ол үшін мәтіндегі аннотацияны, мазмұнын, алғы сөз және қорытындыны қарап шығады, сондай-ақ терминологиялық сөздікке (көрсетілген жағдайда) шолу жасап шығуға болады. Аналитикалық оқылым – бұл мәтін мазмұнын толық түсіну үшін нақты әрі жүйелі жүргізілетін жұмыс. Ақпараттың мазмұнын түсінуде мәтіндегі тақырып пен ойды өз сөзімен тұжырымдайды, жоспар және тезис құрастырады, қажетті ақпаратты іріктейді, сыни тұрғыдан

қарайды. Танысу және аналитикалық оқылымның нәтижесі үлестірмелі парақшалармен, сызба немесе кластермен көрсетілуі керек. Сонымен қатар түрлі жазбаларды жүргізуге, графикалық сызбалар жасауға, оқылымның мазмұнына байланысты сурет және диаграммалар жасауға болады, бірақ кез келген ақпарат көзінің библиографиялық сипаттамасын жасау және дәйексөздерді жазу керек. Ақпаратты іздеу – мәтіннен қажетті тақырыпты, цитатаны, факт және сөзді іздеу үшін шолу жасау[2, 29-б.].

Қазақ тілі пәнінен 7-сынып оқушыларына оқулықтың «Сүйіспеншілік және достық» бөлімі бойынша «Жаман жолдас» тақырыбында тұтас мәтін берілген. Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында оқулықтағы берілген мәтін тұтас емес (дискретті) мәтін форматына өзгертіліп ұсынылды. Бағдарлама бойынша 4-бөлімге берілген оқу мақсаты: 7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында оқу мақсатына сәйкес мәтін бойынша бірнеше тапсырмалар жасалды. Мәтіналды тапсырма ретінде оқушылар «дос» сөзіне ассоциация жасайды.

Миға шабуыл.

Кесте – 1. Мәтіналды тапсырма. «Дос» сөзіне ассоциация жасаңыз



Сурет 1. Толық емес мәтін. Жаман жолдас

Мәтінмен жұмыс. Мәтін бойынша тапсырмалар.

Топтық жұмыс. 1-тапсырма. «Суретті сөйлет» әдісі. Берілген суреттерге сүйеніп, мәтін мазмұнын айтыңыз. Тірек сөздерді пайдаланыңыз.

Тірек сөздер: дос, әлсіз, мықты, ағаш, өлген адам, иіскеу, сыбырлау, ұялу.

Тапсырманы орындау барысында оқушылардың берген жауаптары:

1-топ оқушылары: Суреттегі әңгіме екі дос туралы. Екі дос жолда келе жатады. Олардың біреуі - әлсіз, екіншісі – мықты болады. Олар келе жатып аюды кездестіреді. Мықты жігіт жолдасын тастап, ағаштың басына шығып кетеді. Әлсіз жігіт ағашқа шыға алмағандықтан, өлген адам сияқты жерге жата қалды. Аю әлсіз жігіттің қасына келіп иіскеп, тиіспей кетіп қалады. Мықты жігіт ағаштан түсіп, досынан аюдың не айтқанын сұрайды. Сонда әлсіз жігіт аю құлағыма «Досын қиындықта тастап кететіндермен дос болма!» - деп сыбырлап кетті дейді. Мықты жігіт ұялып қалады.

2-топ оқушылары: Бұл суретте Ы.Алтынсариннің «Жаман жолдас» әңгімесі көрсетілген. Әңгіме екі дос туралы. Олардың бірі – әлсіз, екіншісі – мықты жігіт. Екі дос жолда келе жатып, аюды кездестіреді. Сол кезде мықты жігіт әлсіз досын тастап, ағаштың басына шығып кетеді. Аюдан қатты қорыққан әлсіз жігіт жерге өлген адамның кейпінде жата қалады. Аю оның қасына келіп иіскейді де, кетіп қалады. Мықты жігіт ағаштан түсіп, досының қасына барады.

- Сенің құлағыңа аю не айтты? – деп сұрайды. Сонда әлсіз жігіт:
- Ешқашан өзінді қиын кезде тастап кететін адаммен дос болма деді, – дейді.

Мықты жігіт өзінің қылығынан ұялып қалады.

Жеке жұмыс. 2-тапсырма. «4 сөйлем» әдісін пайдаланып, мәтін мазмұны бойынша өз ойыңызды білдіріңіз.

1. Пікір
2. Себебі
3. Мысалдар, деректер
4. Шешімі

Мәтін бойынша оқушылардың оқушылардың пікірі:

5. Пікір: Менің ойымша мықты жігіттің әрекеті дұрыс емес.
6. Себебі: Ол қиын сәтте досына көмек көрсете алмады.
7. Мысалдар: ол досының әлсіз екенін біле тұра, өз басын ғана ойлап ағашқа шығып алды.
8. Шешімі жақсы дос ешқашан досына қиянат жасамау керек деп ойлаймын.

3-тапсырма. Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Мінсіз дос» тақырыбында ойтолғау жазыңыз. Дара және күрделі етістіктерді қолданыңыз. Тапсырманы бағалауға қойылатын талаптар:

- Тақырыпқа сай жазады;
- Ойды жүйелі, нақты жеткізеді;
- Сөйлем құрылымын сақтайды.
- Дара және күрделі етістіктерді қолданады.

«Жаман жолдас» мәтіні оқу мақсатына сәйкес толық емес (дискретті) мәтін түрінде берілді. Сабақ барысында білім алушылар мәтінді дайын күйінде оқығаннан гөрі, сурет бойынша болжам жасау арқылы мәтіннің мазмұнын анықтайды. Оқушыларға мәтінді түрлендіріп ұсыну арқылы сабаққа қызығушылығын оятады, белсенділігін арттырады, өз ойын дұрыс әрі жүйелі айта білуге дағдыландырады. Тапсырамларды орындату арқылы достың қадірін білуге, мінсіз дос бола білуге үйретеді.

Оқулықтың «Сүйіспеншілік пен достық» бөлімінде оқушыларға оқу бағдарлама-сынан тыс М.Шахановтың «Достық өлкесінің заңы» өлеңін оқуға кеңес берілген.

Мәтінмен жұмыс. М.Шаханов. «Достық өлкесінің заңы» өлеңі

Алдымызда қанша сауал тосылды,
Өмір бізді ерте үйірді биіне.
Сәби кезім.
Бірге ойнайтын досымды
Ертіп бардым нағашымның үйіне.
Сәбилік шақ!
Сүттей аппақ кезең бұл,
Аңғал, бейқам балбұлақтай
сыңғырлы.
Досым "киіп көремін" деп әжемнің
Аңдаусызда көз әйнегін сындырды.
Енді қайттік, амал-айла азайып,
Құтылуға өткел іздеп тарықтық.
Досым менің ұяң еді ғажайып,
Әжем өте қатал еді, жарықтық.
- Бала мұнша бола ма екен мазасыз,

Қане, қайсың көзәйнекті
сындырған?
- деді әжеміз, - қалдырмаймын
жазасыз,
Сындырған кім?
Алдыма кеп тұр жылдам
Енді қайттік, кім ұсынбақ көмегін?
Бұл қырсықтан құтқармақ боп
досымды:
- Мен сындырдым, кешіріңіз... мен
едім..
Дедім үнсіз төмен салып басымды.
Бір ерекше дүлей мінез тосып ек,
Шіркін, адам табиғаты-ай сан
қырлы.
Қанша ашулы болғанымен осы рет

Әжем мені жазалаусыз қалдырды.
Лезде қайта көтеріліп еңсеміз,
Көңіліміздің айдынынан күн күлді.
Сол сәтте інім сыбыр етті:
"Сенбеңіз,
Көзәйнекті қонақ бала сындырды".
Әжем кенет ашу буып күйгелек,
Ашу буып аң-таң болып қалды да:
- Жүр бері, - деп құлағымнан
сүйрелеп
Ертіп барды нағашымның алдына.

"Қой, бәйбіше, дау тудырма
бекерге,-
Деп нағашым әңгімесін жалғады, -
Айып па екен, өзін беріп қатерге,
Ер жігіттің досын қорғап қалғаны.
Достық деген ізгіліктің алаңы,
Оған куә ғасырлар мен замандар.
Отанын да сатып кете алады
Қиын шақта досын сатқан
адамдар!"

[3, 27-б.].

7-сынып оқушыларына өлең мәтіні тұтас мәтін түрінде ұсынылды және мәтін бойынша оқу мақсатына сәйкес бірнеше тапсырмалар әзірленді.

Мәтін бойынша тапсырмалар.

Жұптық жұмыс. 1-тапсырма. Өлеңде неше кейіпкер бар? Ондағы айтылған оқиғаның ретін өз сөздеріңізбен айтыңыздар.

Кесте 2 – Жұптық жұмыс тапсырмасы.

кейіпкер	• Іс әрекеттер
кейіпкер	• Іс әрекеттер
кейіпкер	• Іс әрекеттер
кейіпкер	• Іс әрекеттер
кейіпкер	• Іс әрекеттер

Кесте 3 – Сәйкестендіру тапсырмасы

Кейіпкерлер	Іс әрекеттер
Бала	Шындықты айтып қойды.
Досы	Көзілдіріктің сынғанына ашуланды.
Әже	Баланың іс-әрекетін қолдады.
Інісі	Көзілдірікті сындырғанын мойындады.
Нағашысы	Көзілдірікті сындырып алды.

Оқушылар берілген тапсырмаларды орындай отырып, өлең мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылап, саралау жүргізу арқылы өмірде нағыз дос әрқашан қиын сәтте қол ұшын созуға дайын бола білетін, қуанышты бөлісе алатын жанашыр, сенімді адам екендігін түсінеді. Оқушыны бойына сенімділік, қамқорлық, жауапкершілік, адалдық қасиеттерін қалыптастырады.

Топтық жұмыс. 3-тапсырма. «Кейіпкерлерді сөйлетіңіз» әдісі. Мәтін мазмұнына сүйеніп, рөлдік ойын дайындаңыздар. Тапсырманы бағалауға қойылатын талаптар:

- Мәтін мазмұны бойынша рөлдік ойын дайындайды;
- Кейіпкерлердің сөздерін, іс-әрекетін өз ойыңызбен жеткізеді;

Рөлдік ойын жасатудың негізгі мақсаты – оқушылар әр кейіпкердің кейпіне ене отырып, креативті ойлана білуге, жеке өз ойларын ашық айта білуге үйренеді. Білім алушылар топпен бірлесе отырып, әр кейіпкердің іс-әрекетіне баға береді, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Жеке жұмыс. 4-тапсырма. «3-2-1» стратегиясы. Мәтін мазмұны бойынша кері байланыс жасаңыз.

1. Үш маңызды ақпарат

2. Қиындық тудырған екі аспект
3. Ұнаған бір іс- әрекет

Оқу сауаттылығының деңгейлері – 1-деңгейден 6-деңгейге дейін бағаланатынын ескерсек, 2-мәтін 3-деңгейге сәйкестендіріліп жасалды. Оқушылар оқу мақсатына сәйкес оқылым стратегияларын қолдану арқылы мәтін бойынша комментарий жасайды, кейіпкерлердің іс-әрекетіне талдау жасайды, өмірмен байланыстыра отырып, пікір білдіреді.

Қорыта айтқанда мәтінмен жұмысты жүйелі ұйымдастыру арқылы білім алушының сөйлеу, ойлау, қорытынды жасай білу дағдыларын дұрыс қалыптастыруға болады. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, оқылым мәтіндері бойынша жүйелі құрастырылған тапсырмалар оң нәтиже көрсететіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық - Алматы, 2005 – 147б.
2. Романичева Е.С., Пранцова Г.В. Функциональное чтение: Теория и практика: учебное пособие. М: Неолит, 2020 - 144 с.
3. Шаханов М. Эверестке шығу. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. - Алматы: Атамұра, 2003 – 272б.

ӘОЖ 9(571) 333.16

ПАВЛОДАР Өңіріндегі Тәркілеу Науқаны

Ақынбай Д. С., 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: Сантаева К. Т., т.ғ.к.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ, Талдықорған қ.

akunbaidina01@gmail.com

Мақалада Павлодар Ертіс өңіріндегі жүргізілген байларды тәркілеу науқанын жүргізілу барысы сипатталады. Тоталитарлық қоғамының қуғын-сүргін шараларының бірі болған аса ірі байларды тәркілеудің себеп салдарын анықтап, науқанның жүргізілу ерекшеліктеріне тоқталады.

Тірек сөздер: бай, тәркілеу, ұжымдастыру, шаруашылық, шаруалар, кәмпеске, колхоз

В статье описывается ход проведения кампании по конфискации богатых в Павлодарском Прииртышье. Выявив причинные последствия конфискации особо крупных богатых, ставших одной из репрессивных мер тоталитарного общества, он остановится на особенностях проведения акции.

Ключевые слова: богатый, конфискация, коллективизация, хозяйство, село крестьяне, конфискация, колхоз

The article describes the course of the campaign to confiscate the rich in the Pavlodar Irtysh region. Having identified the causal consequences of the confiscation of the particularly large rich, which have become one of the repressive measures of a totalitarian society, he will focus on the specifics of the action.

Keywords: rich, confiscation, collectivization, economy, peasants, confiscation, collective farm

Кеңес қоғамында қалыптасып келе жатқан тоталитарлық жүйенің негізгі объектісі халық болды. Халықтың ең ауқымды бөлігі болып саналатын шаруалар тоталитарлық жүйенің барлық қуғын-сүргін шараларын бастарынан кешірді. Бұл жүйенің басты мақсаты: жеке шаруашылықтарды жою, жеке тауар өндірушілерді экономикалық және саяси жағынан қоғамның момын, мойынсұнғыш «қуыршақтарына» айналдыру еді. Ұжымдастыру, бай-

кулактарды тәркілеу, ауқатты байларды тап ретінде жою – тоталитарлық қоғамның қалыптасуын қамтитын алғашқы баспалдақтардың бірі еді. Қоғамның едәуір бөлігін қамтитын шаруаларды бағындырмайынша «социализмді» орнату мүмкін емес болды.

1925 жылы билік басына келген Ф.И.Голощекин «Кіші Қазан» саясатын ұсынды. Бұл саясаттың мәні қазақ ауылдарын кеңестендіруді жүзеге асыру болды. Алайда, Ф.И.Голощекин бастаған атқамінерлердің пікірінше бұл саясаттың негізгі кедергісі - байлар болды. 1928 жылы наурызда БКП ОК Казкрайкомының республикалардың саяси-экономикалық жағдайына шолуынан келтірілген деректер осы сөзіміздің дәлелі бола алады. Байлар қолына мал түріндегі бағалы мүлікті және орасан зор құнарлы жерлерді иемдеген. Соның арқасында шаруашылықты толық қолына бағындырған. Қол астындағы жұмысшыларын ғана емес айналасындағы кедейлерге де қатігездікпен зәбір көрсетіп отыр. Ауылда рулық меншік болмағанымен, рулық қатынастардың сақталуы шаруашылықтың артта қалуына ықпал етуде. Ескі дәстүрлер мен әдет-ғұрып заңдары әлі де сақталған. Заңдар негізінде ақсақалдар мен байларға және олардың билігіне құрмет көрсетіледі. Тарихи тұрғыдан ескірген бұл заңдар мен дәстүрлердің тасымалдаушылары байлар, рулық ақсүйектер, дінбасылары мен атқамінерлер болып саналады. Сондықтан олар бұл ғұрыптарды өз таптық қанаушылық мақсаттарында шебер пайдаланып отыр. Мұның барлығы дерлік кедейлердің таптық санасының дамуына, ауылдағы таптық күрестің формалануына, жалпы алғанда ауылды социалистік тұрғыдан қайта құру жолындағы үлкен кедергі болып отыр. Тәжірбиеде көрсеткендей, ауылдағы кедей тап өкілдері билік пен білікті басшы көмегімен қанаушы тап өкілдеріне қарсы тұра алды. Ауылдағы таптық күрестің материалдық жағдайын дамыту үшін мемлекеттік шаралар дер кезінде көмекке келуі қажет. Бұл тұрғысынан ауылдың мәдени өрлеуіне жағдай жасап, ауылшаруашылығының дамуына ықпал ету үшін байлардың экономикалық қуатына соққы беру қажет [1, 19-23 б.]. РСФСР-дің кейбір артта қалған ұлттық аумақтары, мысалы Қазақстан, РСФСР-дің орталық аудандары бастан өткерген революциялық кезеңдерді бастан кешірген жоқ, сондықтан революция патша үкіметі тұсындағы ескі қатынастарға яғни, рулар мен байлардың саяси үстемдігіне әсер ете қоймады. Шеткі аймақтардағы Кеңес өкіметінің өмір сүру тәжірибесі көрсеткендей, билер, манаптар және ірі рулар мен бұрынғы артықшылыққа ие болған таптардың өкілдері әлі күнге дейін Кеңес өкіметінің бітіспес жаулары болып табылады; олар Кеңес үкіметінің ауылдағы негізгі қызметіне жан-жақты кедергі келтіріп, арам пиғылды үгіт-насихат жүргізіп, қазақ халқы арасында рулық араздық пен ұлттық араздық тудырды, олар рулық қатынастарды және кедейлердің экономикалық тәуелділігін пайдаланып, сол арқылы осы ұлттық республикалардың экономикалық және мәдени даму қарқынын тежейді [2, 131 б.]. Сол себепті ауыл кедейлерін байлардың рулық үстемдікке ие басшылардың және бұрын артықшылыққа ие болған тап өкілдерінің экономикалық тәуелдіктен қанаушы топтардың қысымынан босату және еңбекші халықтың шаруашылық, мәдени дамуына жағдай жасау үшін Бүкілресейлік ОСК президумы «Ірі байлар мен мал саудагерлерін тәркілеу және оларды отбасылармен бірге тұрақты жері бойынша тұру құқығынан, жерді пайдалану құқығынан айыру» туралы қаулы қабылдаған болатын. Қаулыға сәйкес 100-ден астам ірі қара малы бар жанұялары, ірі байлар мен мал саудагерлерін олардың барлық мүлкін, яғни ауыл шаруашылығы техникасын, киіз үй, жер үйлерін, малдарын тәркілеп, жерді пайдалану және тұрақты тұратын жерлерде тұру құқығынан айыру болды. Сол сияқты, бұрын артықшылыққа ие болған топтар мен төмендегі топтардағы адамдарды жер пайдалану және тұрақты тұратын жерлерде тұру құқығынан айыру:

- Сұлтандар мен хан ұрпақтары;
- Арнайы марапатталған болыс губернаторлары;
- Дін өкілдері: ишандар, имамдар және олардың кез келген кез келген тірі және

заттай ауылшаруашылық құрал-саймандарын, малдарын және басқа да мүлкін тәркілей отырып, жалдамалы жұмыс күшін пайдаланатын отбасыларын және айналасындағы халықпен құлдық сипатта қарым-қатынас жүргізетін отбасыларды қарастырды [3, 188 б.].

Сонымен қоса, кейбір жағдайларда облыстық және аудандық комитеттердің шешімімен мүліктік жағдайы жетпегеніне қарамастан «қоғамға қауіпті» деп саналған тұлғалардың ауылшаруашылық мүліктері түгелдей тәркіленіп, жерді пайдалану және тұрғылықты жерінен тұру құқығынан айырылды. Бұл шаралар қаулы жарияланған күннен бастап үш ай мерзімінде жүргізілуі тиіс болды. 1928 жылдың 1 қаңтарынан бастап мүліктерін жасыру мақсатында бөліске салғандардың мүлікін жарамсыз деп танып, кінәлілер қылмыстық жауапкершілікке тартылу қажет делінді құжатта.

1928 жылғы 15 мамырдағы БКП(б) Казкрайкомының БКП (б) Орталық Комитетіне жіберілген баяндамасында тәркілеуге тиіс шаруашылықтарыдың нормалары келесідей бекітілді: Көшпелі аудандардағы ірі байларға ірі- қара бойынша 400-ден астам малы бар байлар жатса, жартылай көшпелі аудандар үшін бұл норма 200-150 малы бар байлар, отырықшы аудандар үшін 50-100 бас малы бар шаруалар жатқызылды. Бұл шаруашылықтар тәркіленіп қана қоймай, тұрғылықты тұрып жатқан губернияларынан тыс жерлерге отбасымен бірге жер аударылуы тиіс болды. Мал саны көрсетілген нормаға жетпесе де «айналасындағы халықпен құлдық сипатта сипатта қарым-қатынас жасауына байланысты әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде қарастырылды [2, 188 б.]. Олар рулық, шаруашылық үстемдіктерін пайдалана отырып Кеңес үкіметінің ауылды кеңестендіру саясатына қауіп төндіреді деп есептеді. «Әлеуметтік қауіпті элемент» қатарына сұлтандар мен хан ұрпақтары, бұрынғы болыстық әкімдер, билер жатқызылып, мал-мүлкі тәркіленіп, мүліктік жағдайына қарамастан көшірілді. Осы мәлімдеме негізінде 1928 жылы 15 тамызда Бүкілодақтық Коммунистік партия Казкрайком бюросының отырысында Е.Ерназаров басқаратын тәркілеу комиссиясын құру туралы шешім қабылданды. Комиссия құрамына Н.Нұрмақов, Ғ.Тоқтабаев, Ө.Жандосов, Волленберг, Әлиев, Атрауова, Тимофеев, Богданов, Тоғжанов және РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен қарастырылған кеңес комиссиясы кірді. Тәркілеуді жүзеге асыру мақсатында округтарда кеңестік комиссиялар құру жоспарланды. Партиялық комиссияларға округтар бойынша тәркілеуге жататын байлардың тізімдерін жасау тапсырылды. Бұл декрет бойынша Қазақстанда 700 ірі шаруашылық; оның ішінде ірі меншік иелері ретінде – 600, қоғамға қауіп төндіретін элементтер ретінде -100 шаруашылық тәркіленуі тиіс болды. Сонымен қатар бұрынғы хан ұрпақтары, патша өкіметі тұсында марапат алған болыстыр, бір сөзбен айтқанда мүлкі аз болса да «антисоветтік элемент» ретінде оларда жер аудару тізімдеріне жатты [3, 51-53 б.].

Сонымен қатар, тәркілеуге және көшіруге жататын байлардың тізімдері үнемі түзетіліп отырды: кейбір фамилиялар алынып тасталды, басқалары қосылды. Тізімнен шығаруға мыналар негіз болды:

- адамның малы жетпеген;
- Бай «тым момын, кеңес өкіметіне қарсы емес» еді.

Оның орнына басқа адамдардың есімдері ұсынылды. Ал мұндағы істерге айға таңба басқандай көрінетін дәлелдемелер ұсынылды «тұқым қуған болыс», «патша үкіметінің марапаттары» т.б. Кеңес үкіметі 1928 жылғы 27 тамыздағы КАССР Халық Комиссарлар Кеңесі Орталық Атқару Комитетінің «Бай шаруашылықтарын тәркілеу және көшіру туралы қаулысын қолдану туралы» нұсқаулығын жариялады. Құжатта КАССР Халық Комиссарлар Кеңесі жоғарыда аталған қаулыны жүзеге асыру жүктелген органдарға (уездік комитеттерге) аудандардан тыс жерлерге жер аударылған билерді анықтаудың нақты ережелерін басшылыққа алуды және олардың мал-мүліктерін тәркілеуді ұсынды [4, 210 б.]. Дәл осы күні 1928 жылы 30 тамызда тағы екі жарлық шықты. Бұл ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы облыстарын құру туралы» декретінде ОСК қаулысын жүзеге асыру үшін республиканың жаңа әкімшілік-аумақтық бөлінісі айқындалды және де байдың малы мен мүлкін шығару және тәркілеу туралы декрет жарық көрді [2, 216-218 б.]. Бұл құжат дәл сол күні, 1928 жылы 30 тамызда ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Орталық Атқару Комитетінің шешімімен көшіруге жататын адамдарды көшіру аймақтарын белгілеу туралы» екінші қаулысымен жалғасты. 1928 жылғы 27

тамыздағы Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі, байлардың отбасыларын бір уезден екінші уезге көшіру тәртібін белгіледі. Әдетте, жер аударылғандар оңтүстік облыстардан болса, республиканың батыс аймағына жіберілетін. Демек, Жетісу мен Сыр бойындағы байлар Орал округіне көшірілетін болса, Орал уезінен байлар Жетісу ауданына жіберілді. Гурьев уезінен Петропавлға, сәйкесінше Қарқаралы ауданынан Қостанайға, Семей уезінен Сыр бойына, Павлодар және Петропавл уездерінен Ақтөбеге, Қызылорда уезінен Адаевскийге, Ақмола уезінен Гурьевке, Ақтөбе уезінен – Қарқаралыға, Қостанай уезінен – Семейге. Қаулыны жергілікті атқарушы органдар міндетті түрде орындауға тиіс болды [4, 25 б.].

Тізімді жасағанда жер аударылуға тиіс байлардың малы орныдаушылар ойлағаннан әлдеқайда аз болып шықты. Мәселен, Қызылорданың бір ауданындағы дерекке сәйкес 27644 мал тәркілену жоспараланса, соның ішінде шаруашылықтардан – 18202 бас мал ғана шыққан [5, 316 б.]. Жоспарды орындау үшін комиссиарлар жиі бірнеше отбасын біріктіріп отырған. Жер аударуға, тәркілеуге жататын шаруалардың малының аздығы шаш ал десе бас алатын орындаушыларды қызықтыра қоймады. Мысалы Нұрманов Аймұханның қарамағындағы бар болғаны 35 мал болсада екінші топқа жатқызылды. Оның себебі былай түсіндірілді: Аймұхан орта тапқа жатқанымен оның әкесі полуфеодал және ауыл кедейлері үшін «қауіпті элемент» [6, 126 б.]. Сондықтан оның шаруашылығы тәркіленіп, жер аударылуы керек. Қазақ қоғамының ерекшеліктерін ескермей бауырлардың шаруашылықтарын біріктіріп, тәркілеген жағдайлар да кездеседі.

Шламды түптеу үшін біз 0,3–0,5 мг/л концентрацияда (бір сатылы әдіс) ХБК қосылған Кнудсон ортасын немесе ½ MS қолдандық. Микрокесінділерді тамырлаудың екі сатылы әдісі оларды 3 мг/л ХБА қосылған бір ортада 2-3 күн бойы орналастырудан тұрды, содан кейін микрокесінділер 0,3-0,5 мг/л концентрацияда ХБА бар орталарға ауыстырылды. долананың ересек үлгілерінен бөлініп алынған қолтық асты бүршіктерінің культурасында алынған өсімдіктерде ризогенез байқалмады, бұл микроөркендердің жасару процесінің аяқталмағанын анық көрсетеді[7].

Зерттеу нәтижелері. Өсімдіктерді өркендердің қолтық асты вегетативті бүршіктерінен регенерациялауға негізделген *Crataegus xdsuqarica* Zabel клондық микрокөбейтудің биотехнологиялық әдістері жасалды. Зерттеу нәтижесінде абиотикалық және биотикалық факторлардың морфогенез процестеріне әсері, мысалы, біріншілік экспланттарды *in vitro* культурасына енгізу мерзімі, қоректік орталардың құрамы, ортадағы өсу реттегіштерінің концентрациясы, құрылды. Біз Nas және Read ортасын *Crataegus xdsuqarica* Zabel бүршіктерінің дамуын индукциялау үшін ең қолайлы деп таптық. Тәжірибе нәтижелері *Crataegus xdsuqarica* Zabel өскіндерінің *in vitro* регенерациясына стерилизация режимі, бүршік таңдау мерзімі, олардың сабақтағы орналасуы және қоректік ортадағы цитокининдердің мөлшері көбірек әсер ететінін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Abdulqader SM, Abdulrhman AS, Ramazan ZI. Effect of wounding and different concentration of IBA on the rooting and vegetative growth of stem cutting of three olive cultivars. Kufa J Agri. 2017; 2(9):203-225.
2. Akram MT, Qadri RW, Khan I, Bashir M, Jahangir. Clonal multiplication of guava (*Psidium guajava*) through soft wood cuttings using IBA under low-plastic tunnel. Int. J Agri. Biol. 2017; 19(3):417-422.
3. Baghel M, Raut UA, Ramteke V. Effect of IBA concentrations and time of air layering in Guava cv. L49. Res. J Agri Sci. 2016; 7(1):117-120.
4. Chandramouli H. Influence of growth regulators on the rooting of different types of cuttings in *Bursera penicillata* (DC) Engl. M.Sc. Thesis, Univ. Agric. Sci. Bangalore, 2011.
5. Galavi M, Karimian MA, Roholla S, Mousavi. Effects of different auxin (IBA) concentrations and planting-beds on rooting grape cuttings (*Vitis vinifera*). Annu. Rev. Res. Biol. 2013; 3(4):517-523.
6. Ghosh D, Bandyopadhyay A, Sen SK. Effect of NAA and IBA on adventitious root formation in stem cuttings of pomegranate under intermittent mist. Indian Agriculturist. 2012; 32(4):239-243.
7. Jadav AS. Studies on propagation of phalsa by cuttings. M.Sc. Agri. Thesis, Univ. Agric. Sci., Dharwad, Karnataka (India), 2007.

ARDUINO ОРТАСЫНДА 3D SCANNER ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жайлаубай Н.Қ., магистрант

Ғылыми жетекші: Кулмагамбетова Ж.К., т.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Nurzhanzh2000@mail.ru

Мақалада функционалды 3D сканерлеу жүйесін жасау үшін әртүрлі аппараттық құрамдас бөліктерді, соның ішінде сенсорлар мен жетектерді Arduino тақтасымен біріктіру туралы қарастырылады. Аппараттық құрал конфигурациясы, сенсорды біріктіру, қозғалтқышты басқару, деректерді өңдеу алгоритмдері, байланыс хаттамалары және пайдаланушы интерфейсі сияқты негізгі аспектілер талданады. Жұмыстың мақсаты - Arduino көмегімен 3D сканерін енгізуді әзірлеу процесі, калибрлеу процедуралары және жалпы жұмыс процесі туралы түсінік беру.

Тірек сөздер: Arduino, 3D сканер, Калибрлеу процедуралары, лазерлік триангуляция, сенсор, жетектер, микроконтроллер.

В статье рассматривается интеграция различных аппаратных компонентов, включая датчики и исполнительные механизмы, с платой Arduino для создания функциональной системы 3D-сканирования. Рассматриваются такие ключевые аспекты, как настройка оборудования, интеграция датчиков, управление двигателями, алгоритмы обработки данных, протоколы связи и пользовательский интерфейс. Цель работы - дать представление о процессе разработки, процедурах калибровки и общем рабочем процессе реализации 3D-сканера с использованием Arduino.

Ключевые слова: Arduino, 3D сканер, калибровка, лазерная триангуляция, сенсор, диски, микроконтроллер.

The study addresses the integration of various hardware components, including sensors and actuators, with an Arduino board to create a functional 3D scanning system. Key aspects covered include hardware setup, sensor integration, motor control, data processing algorithms, communication protocols, and user interface considerations. The paper aims to provide insights into the development process, calibration procedures, and overall workflow of implementing a 3D scanner using Arduino.

Keywords: Arduino, 3D scanner, Calibration procedures, laser triangulation, sensor, drives, microcontroller.

Соңғы жылдары 3D сканерлеу технологияларының таралуы өндіріс пен дизайннан археология мен денсаулық сақтау саласына дейінгі әртүрлі салалардың көкжиегін кеңейтті. Бұл қызығушылықтың артуы қол жетімді және үнемді 3D сканерлеу шешімдерін әзірлеу қажеттілігін тудырады. Осы мақсаттар үшін қол жетімді платформалардың үлкен санының ішінде Arduino жүйесі қол жетімділікті, пайдаланудың қарапайымдылығын және қауымдас-тықты қолдауды ұсынатын әмбебап және кең таралған платформа ретінде ерекшеленеді.

Бұл мақалада Arduino ортасында 3D сканерінің жұмысын ұйымдастырудың қыр-сырлары талқыланады. Біздің мақсатымыз - Arduino көмегімен 3D сканерлеу жүйесін енгізгісі келетін зерттеушілер және инженерлер үшін толық нұсқаулықты ұсыну. Ұйым сенсорлар мен жетектерден микроконтроллерлерге дейінгі әртүрлі аппараттық компоненттерді біріктіруді қамтиды. Бұл элементтердің өзара әрекеттесуі тиімді 3D сканерлеу аппаратын құруда шешуші рөл атқарады.

Зерттеу барысында біз аппараттық құралдарды таңдау, сенсорларды біріктіру, қозғалтқышты басқару механизмдері, деректерді өңдеу алгоритмдері және байланыс хаттамалары сияқты негізгі мәселелерді қарастырамыз. Сонымен қатар, мақала 3D сканерлеу процесінің дәлдігін қамтамасыз ету үшін калибрлеу процедураларының маңыздылығын түсіндіреміз. Осы іргелі аспектілерді қамту арқылы біз Arduino экожүйесінде 3D сканерлеу шешімдерін дамытуға практикалық үлес қосуды мақсат етеміз.

Зерттеуді бастаған кезде біз Arduino негізіндегі 3D сканерлеу жүйелерінің осы технологияға қолжетімділікті демократияландырудағы ықтимал әсерін мойындауымыз керек. Іске асыру процесін жеңілдету және шығындарды азайту арқылы мұндай жүйелер пайдаланушылардың кең ауқымының мүмкіндіктерін кеңейте алады, инновациялар мен әртүрлі салаларда қолдануды ынталандырады. Осы мақаланың келесі бөлімдерінде Arduino ортасында 3D сканерінің жұмысын ұйымдастыруда қолданылған әдістер, қол жеткізілген нәтижелері және салдары талқыланады.

Зерттеу әдістері. Аппараттық құралды орнату: Біздің 3D сканерлеу жүйеміздің негізі нақты анықталған аппараттық конфигурация болып табылады. Arduino ортасымен үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін компоненттер мұқият таңдалды. Сканерлеу платформасын дәл басқару үшін қадамдық қозғалтқыш пайдаланылды және тереңдік туралы ақпаратты алу үшін лазерлік триангуляция сенсоры таңдалды. Arduino тақтасы сенсорлармен байланыс және қозғалтқыштарды басқару үшін қажетті интерфейстерді қамтамасыз ететін орталық басқару блогы ретінде қызмет етті.

Сенсорды біріктіру: Сенсорды біріктіру 3D сканер архитектурасының маңызды аспектісі болып табылады. Нүктелік бұлт деректерін түсіруге жауапты лазерлік триангуляция сенсоры Arduino-ға осы сенсор үлгісі үшін әзірленген арнайы кітапхана арқылы қосылды. Датчиктердің бұрмалануын есепке алу үшін дәл тереңдік өлшемдерін қамтамасыз ету үшін калибрлеу процедуралары орындалды [1].

Қозғалтқышты басқару: Сканерлеу платформасы Arduino басқаратын қадамдық қозғалтқыш арқылы қозғалады. Қозғалтқыш қозғалысын сканерлеу процесімен синхрондау үшін қозғалтқышты басқарудың арнайы алгоритмі әзірленді. Бұл алгоритм ажыратымдылық пен қадам жылдамдығы, діріл мен дәлсіздікті азайту кезінде сканерлеу тиімділігін оңтайландыру сияқты факторларды ескерді.

Мәліметтерді өңдеу: Алынған нүктелік бұлттар түріндегі сенсор деректері бірқатар өңдеу қадамдарынан өтті. Шикізат мсының көрсеткіштерін тұтас 3D көрінісіне түрлендіру үшін нүктелік бұлтты құру алгоритмі жүзеге асырылды. Қайта құрастырылған 3D үлгісінің жалпы сапасын жақсарту үшін деноизация және шектен шығуды жою әдістері қолданылды.


Байланыс хаттамалары: 3D сканері мен сыртқы құрылғылар арасындағы үзіліссіз байланысты қамтамасыз ету үшін деректер алмасу хаттамасы әзірленді. Arduino құрастырылған 3D модельдерін USB арқылы компьютерге тасымалдау үшін конфигурацияланған. Бұл арнайы бағдарламалық жасақтаманы пайдалану арқылы нақты уақыт режимінде сканерленген деректерді бақылауға және өңдеуге мүмкіндік береді.

Калибрлеу процедуралары: 3D сканерінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін мұқият калибрлеу процесі жүргізілді. Ол сенсор параметрлерін дәл баптауды, қозғалыс кезінде жүйелі қателерді өтеуді, сондай-ақ сканерлеу платформасының туралануын тексеруді қамтиды.

Пайдаланушы интерфейсі: Қажет болмаса да, пайдаланушы интерфейсі пайдаланушы тәжірибесін жақсарту үшін жасалған. Бұл интерфейс пайдаланушыларға жүйе күйі туралы нақты уақытта кері байланысты қамтамасыз ете отырып, сканерлеу процесін бастауға, бақылауға және басқаруға мүмкіндік береді [2].

Тестілеу және валидация: Жүйенің функционалдығын тексеру үшін ауқымды сынақтар жүргізілді. Сынақ сканерлеулері белгілі өлшемдері бар алдын ала анықталған нысандарда жүргізілді және қайта құрастырылған 3D модельдердің дәлдігі жердегі шындық деректерімен салыстырылды.

Төменде электроника бөлігіне не қажет екенін диаграмма шекті қосқышпен көрсетілген. Түйме сканерлеу процесін бастау үшін пайдаланылады. Vref-ті 3,3 В-қа қосамыз. Сенсордың максималды кернеуі 2,4 В. Дәлдігін жақсарту үшін ADC үшін сыртқы кернеуді түрлендіруді қолданамыз.



Сурет 1 – ARDUINO ортасында 3D SCANNER жұмысын ұйымдастыру схемасы

Қорытынды. Arduino ортасында 3D сканерінде жұмыс істеу жүйелі және көп қырлы тәсілді қамтиды. Arduino ортасындағы 3D сканер жұмысының сәтті жүзеге асырылуы аппараттық қосылымдарды мұқият тексеруге, сенсоритте инициализацияға, қозғалтқышты басқаруға, деректерді жинауға, өңдеуге, байланысқа, тұтынушы интерфейсіне (қолданылуы мүмкін), қателерді өңдеуге, тестілеуге және құжаттауға байланысты болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гужов В.И. Методы измерения 3D-профиля объектов. Контактные, триангуляционные системы и методы структурированного освещения: учеб. пособие // Новосибирск: Изд-во НГТУ, 2015. – 82 с.
2. Буянов С.С. Перспективы использования 3D-технологий для развития информационно-аналитической платформы «История современной России» // Genesis: исторические исследования № 06 – 2014. - 75-97 с.

ӘОЖ 004.93

БІЛІМ БЕРУДЕ AR ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жақып Ж.Т., магистрант

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

zhanat_zhakyp@mail.ru

Мақала жалпы білім алушылар үшін білім беру саласында толықтырылған шындық технологияларын пайдалану мүмкіндігін қарастырады. Бұл технологияның білім алушылар үшін ұсынатын мүмкіндіктері мен оқу процесіндегі маңыздылығы талқыланады. Толықтырылған шындық технологиясы білім алушылардың оқу тәсілдерін өзгертуге және білім беру мазмұнымен өзара әрекеттесуге мүмкіндіктер ашады. Білім беру саласындағы AR технологияның қолданылу аймағы және олардың тиімділігі мен мүмкіндіктеріне шолу жасалады.

Тірек сөздер: Толықтырылған шындық, білім, визуализация, технология, білім беру саласы, практикалық оқыту.

В статье рассматривается возможность использования технологий дополненной реальности в сфере образования для обучающихся в целом. Обсуждаются возможности, которые эта технология предлагает учащимся, и ее важность в процессе обучения. Технология дополненной реальности открывает возможности для изменения способов обучения обучающихся и взаимодействия с содержанием образования. Область применения технологий AR в образовании и обзор их эффективности и возможностей.

Ключевые слова: Дополненная реальность, образование, визуализация, технологии, сфера образования, практическое обучение.

The article considers the possibility of using augmented reality technologies in the field of education for students in general. The possibilities that this technology offers to students and its importance in the learning process are discussed. Augmented reality technology opens up opportunities to change the way students learn and interact with the content of education. The scope of application of AR technologies in education and an overview of their effectiveness and capabilities.

Keywords: Augmented reality, knowledge, visualization, technology, the field of education, practical training.

Қазіргі таңда ақпарат көзінің дамуы, технологиялардың зерттелуі мен қолданылуы қарқынды түрде дамып келеді. Заман талабына сай мобильді озық технологиялар мен мүмкіндігі шектеулі ескі әдістер мен құрылғылар жаңаларына ауыстырылуда. Мектеп оқушыларына да, жоғары оқу орнының білім алушыларына да, қай салада болмасын жаңа технологияның пайда болуы, олардың мүмкіндіктерінің көп болуы үлкен жаңалық пен серпіліс алып келеді. Білім беру саласында оқушыларды суреттермен, ескі фильмдерді көрумен немесе ескірген әдебиеттерді оқумен баурап алу екіталай. Айта кету керек, қазіргі оқу процесінде теориялық білімнен практикалық білімнің маңыздылығы жоғары. Сондықтан бұл мақалада білім сапасын арттыруда, білім беруде қолданылатын AR технологиясы жаңа білім алуға қолайлы жағдайларды модельдеу үшін пайдаланылатындығы талқыланады. Сонымен қатар осы кезге дейінгі жарияланған әдебиеттерді талдай отырып, аталған AR технологиясының артықшылығы мен тиімді жақтары қарастырылады.

80-ші және 90-шы жылдардың басында Джарон Ланиер "виртуалды шындық" (Virtual Reality – VR) терминін ұсынды және оның тұжырымдамасын жасады. Бірақ көп ұзамай ғылымға Boeing корпорациясы Томас П. Коделл "толықтырылған шындық" ұғымын енгізеді (Augmented Reality – Ar), ол үшін теориялық және практикалық база да беріледі. Толықтырылған шындық қабаттасуға мүмкіндік беретін жаңа интерактивті технология ретінде пайда болды. Ол нақты уақыттағы объектілерге арналған компьютерлік графика немесе мәтіндік ақпарат, бастапқыда тәуелсіз екі кеңістіктің экраны: адамның айналасындағы нақты объектілер әлемі және виртуалды компьютерде жасалған әлем [1]. Ал қазір біз осы ұғымдардың әрқайсысын кеңінен қолданамыз, соның ішінде білім беруде және ғылым мен қызметтің басқа салаларында қолданылады.

Толықтырылған шындық компьютерлік жүйелер толығымен виртуалды ортаны құратын виртуалды шындық аймағының кеңеюінен туындады. AR-дің ең көп таралған анықтамасы: нақты уақыт режимінде интерактивті компьютерлік графикада, мәтінде, бейнеде немесе аудиода көрсетілген нақты әлемдегі шындық. Толықтырылған шындыққа арналған техникалық құрал-бұл смартфон, планшет, компьютер немесе AR арнайы бағдарламалық жасақтама мен камерамен жабдықталған көзілдірік. Осы уақытқа дейін қолданылған AR қысқаша анықтамасын 1997 жылы осы бағыттың зерттеушісі Рональд Азума берген. «AR пайдаланушыға нақты әлем объектілеріне толығымен немесе ішінара қабаттасқан виртуалды нысандармен нақты әлемді көруге мүмкіндік береді. Сондықтан AR шындықты толығымен алмастырудың орнына толықтырады». AR технологиясы смартфон сияқты құрылғыдағы камера мен бағдарламалық құралды пайдаланып виртуалды кескіндерді фокусталған нақты затқа қабаттастырудан тұрады. Белгілер, кескіндер, нысандар, дыбыстар, орындар нақты өмірдегі заттар ретінде таңдалуы мүмкін [2].

Ар технологиялары білім алушыларға толықтырылған шындық объектілерін басқаруға, оларды жылжытуға мүмкіндік береді. Айналындыру, масштабты өзгерту, әр түрлі жағынан қарау-бұл дамуға үлкен серпін береді. Тереңнен ойлау, зерттелетін тақырыпты толық және тереңірек қабылдауға мүмкіндік береді[3].

Білім берудегі толықтырылған шындық (AR) технологияларын әзірлеу және пайдалану электронды технология зерттеушілерінің, оқытушыларының және білім ошақтарының назарын аудартады. Толықтырылған шындық білім алушылардың оқу тәсілдерін өзгертуге және білім беру мазмұнымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Білім беруде AR технологияларын әзірлеуге және пайдалануға қатысты мәселелерді қарастыруға болады. Толықтырылған шындыққа негізделген оқу материалдары дәстүрлі әдістермен салыстырғанда білімді жақсырақ түсінуге, сақтауға және қолдануға көмектеседі. Білім беру мақсаттары үшін AR мазмұнын жасау маңызды мәселе болып табылады. Толықтырылған шындыққа негізделген оқыту тәжірибесін бағалау әдістерін әзірлеу өте маңызды. Бұл деректер қауіпсіздігіне, оқушылардың жеке өміріне және олардың келісіміне қатысты мәселелерді қамтиды. AR бірлескен және әлеуметтік оқыту тәжірибесін жеңілдету мүмкіндігіне ие[4]. Бұл технология-білімді терең түсінуде, коммуникацияда және өзара оқытуды алға қарай ілгерілету процесінде толықтырылған шындықтың тиімділігін көрсетеді. Нағыз мұғалім білім алушының пәнге деген қызығушылығын ояту үшін шығармашылықты ашу, өзін-өзі ынталандыруға мүмкіндік беретін шындық іс-әрекет және өзін-өзі оқыту өте маңызды екенін түсінеді. Сондықтан, қолда бар білімдерін тереңдете отырып, жаңа білім алу сияқты оқу процесіндегі мақсатына кеңейтілген шындық технологиясы жауап береді.

Толықтырылған шындық білім беру мен тренингте практикалық оқыту процесіне енуі қамтамасыз ету үшін қолданылады. Мысалы, медицина саласындағы білім алушылар адам анатомиясын визуализациялау үшін AR қолдана алады, ал қызметкерлер AR модельдеу арқылы оқудан өте алады. Ғылыми білім беру шеңберінде, AR университеттің химия курсына қолданылған. Толықтырылған шындық қосымшалары оқу тиімділігін, мотивацияны және процестерді жақсарта алады. Бақылау және эксперименттік топтар арасындағы дисперсиялық талдау AR қолданбасы арқылы оқытылған топта оқушылардың мотивациясы маңыздырақ екенін көрсетеді. Сонымен қатар, толықтырылған шындық қосымшалары медициналық процедураларды оқытуға арналған жабдықтар мен мамандандырылған қажеттілікті азайтады[5]. AR оқытушылардың да, білім алушылардың да оқуын жеңілдететінін қолданба. Сонымен қатар, білім беру саласында бұл технологияның қолданылу аясы өте кең, оқытушылар мен білім алушылар үшін тиімді бұл технологияның пәндермен байланысы да санаулы пәндермен шектелмейді. Толықтырылған шындық педагогикалық бағытта көптеген мүмкіндіктерге жол ашады. Зерттелетін материалды жақсырақ көрсету үшін сабақ кезінде пайдалануға болатын қолданба. Мысалы, білім алушылар биология, анатомия, физика, тіпті математика сияқты күрделі ғылымдарды интерактивті және қызықты түрде оқи алады. Сонымен қатар, бастауыш сыныптағы AR қосымшасы түсіндіруге қиын және тіпті балалардың шығармашылығын дамытуға көмектесетін әртүрлі жағдайларды модельдей алады. AR қосымшалары білім алушыларға шығармашылық жұмыстарда және іс-шараларды ұйымдастыруда көмектесе алады. Оқыту процесіндегі сынып сағаты, тәрбие жұмысы бағытында да көрнекілікті арттыра отырып, шындық бейнені толықтыру мүмкіндігіне ие. AR студенттерге виртуалды жобалар мен тапсырмалар арқылы білімдерін көрсетуге мүмкіндік беретін жаңа бағалау әдістерін ұсынады. Бұл үлгерімді жан-жақты және объективті бағалауға ықпал етеді. Толықтырылған шындық технологиясы білім берудің жаңа көкжиектерін ашады, дәстүрлі оқыту әдістерін өзгертеді және оқу процесін тартымды және тиімді етеді. AR-ды білімге енгізу күш пен инвестицияны қажет етеді, бірақ білім алушыларды болашаққа дайындауда бұл қадам қажет және негізделген бола алады.

Соңғы онжылдықта AR технологиясы тез танымал болды, өйткені орнатылған құрылғыларды және телефондар, планшеттер және портативті ойын консольдері сияқты ақылды құрылғыларды тарату арқылы, олар қазір күнделікті өмірде органикалық түрде

таралған. AR жаттығулары басқа модельдеу әдістерімен салыстырғанда белгілі бір артықшылықтарды көрсетеді деп ерекшеленеді. Толықтырылған шындық мүмкіндіктері әртүрлі жағдайларда және әртүрлі қиындық деңгейлерінде қайталанатын оқыту үшін салыстырмалы түрде жылдам және есте сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар жануарлар мен тірі тіндерді модельдеудің басқа модельдерімен салыстырғанда шынайы тұрғыда қарастырады. Олар ішінара тапсырмаларды орындайтын машиналардан айырмашылығы пайдаланушының түсінуін және толық процедураларды орындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. AR-дің ең маңызды артықшылықтары шынайы әсерлер мен мотивация, оқыту мен оқыту процесіне тарту [6]. Оқу процесінде бұл технологияның атап айтар артықшылықтары жетерлік. Бұл технологияның мүмкіндігі: бұл оқуға деген ынтаны арттыруы, AR әсіресе тартымды графикалық және виртуалды оқу ортасын қамтамасыз етуі. Сондай-ақ білім алушылардың пәнмен шынайы қарым-қатынасы, олардың белсенді қатысуы, жақсартылған қабылдау нәтижесі, сондай-ақ оқушылардың оң көзқарасының қалыптасуы. Шын мәнінде, AR жаңа білім алуға, әсіресе балаларға, жасөспірімдерге және жастарға білім беру үшін қолайлы жағдайларды модельдеуге мүмкіндік ашатын қолданба секілді сипатталады. Мүмкін, AR оқу процесінде жаңа білім мен ақпараттың "тазалығы, тереңдігі" мәселесін шешуге арналған үздік технологиялар қатарынан табылуы керек.

Қорытындылай келе, толықтырылған шындық қолданбалары оқу процесін, мотивацияны және оқу тиімділігін жақсартуға, білім алушылардың мәліметті терең түсінуіне, оқытушылардың ақпаратын, көрнекіліктерін және әртүрлі мазмұн нысандарын ұсынуға көмектеседі. Бұл технологияның білім алушылардың оқу үлгерімін жақсартуға, оларға нақты тапсырмалар мен нысандарға назар аудартуға мүмкіндігі бар. AR педагогтардың кәсіби қызметіне, білім беру мазмұнын өзгертуге айтарлықтай ерекшелік енгізеді. AR материалды баяндау мен игерудің жаңа ақпараттық әдісін қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді, жоғары технологиялық дидактикалық құралдар болып табылады.

Толықтырылған шындық саласы бұрыннан бар, дегенмен қолданылу аясының өсуін және соңғы бірнеше жылда қол жеткізілген прогресс болғанын байқауға болады. Бұл технологияның қай салада болмасын артықшылықтарын атап, одан да көп мүмкіндіктерін сипаттауға болады. Толықтырылған шындық-көптеген соңғы жетістіктерге қарамастан, оны әрі қарай қолданып әлі де көп нәрсе істеу мүмкіндігіне ие.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кравченко Ю. А., Лежебоков А. А., Пашенко С. В. Особенности использования технологии дополненной реальности для поддержки образовательных процессов// Открытое образование. №3. 2014. С. 337 49-54.
2. Sayed, N. A., Zayed, H. H., Sharawy, M. I. (2010). ARSC: Augmented reality student card. 2010 International Computer Engineering Conference (ICENCO), pp. 113–120.
3. Зайцевская Л.С. Дополненная реальность в образовании. URL: <http://tofar.ru/dopolnennaya-realnostv-obrazovani.php>
4. Z. Turan and G. Atila, "Augmented reality technology inscience education for students withspecific learning difficulties: its effect on students' learning and views," Research inScience & Technological Education, vol. 39, no. 4, pp. 506–524,2021.
5. Radu, Iulian. "Augmented Reality in Education: A Meta-Review and Cross-Media Analysis." Personal and Ubiquitous Computing, vol. 18, 2014, pp. 1533-1543.
6. Salmi, Hannu, et al. "Making the Invisible Observable by Augmented Reality in Informal Science Education Context." International Journal of Science Education, vol. 7, no. 3, 2017, pp. 253-268.

ӘОЖ 541.124

МЕКТЕПТІК МАТЕМАТИКАДА ФУНКЦИЯНЫҢ НҮКТЕДЕГІ ШЕГІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Жұмағалиева Ұ.Е., 2-курс магистранты

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Zh.ulmeken23@gmail.com

Мақалада мектеп математикасында функцияның нүктедегі шегі ұғымын оқыту әдістемесінің мәселесі қарастырылған. Математикалық анализдің негізгі әрі іргелі ұғымдарының бірі - функцияның шегі ұғымы. Мақалада мектепте шек ұғымын оқытуда туындайтын мәселелер және оларды шешу жолдары, шек есептерін шешуде қолданатын тиімді әрі пайдалы анықтамалар ұсынылған. Мақала функция шегі тақырыбының ұсынылуына қатысты өзекті болары анық.

Тірек сөздер: Математикалық анализ, математика, тізбектің шегі, функция, функцияның шегі, сол жақ шек, оң жақ шек.

В статье рассматривается проблема преподавания понятия предела функции в точке в школьной математике. Одним из основных и фундаментальных понятий математического анализа является понятие предела функции. В статье представлены проблемы, возникающие при обучении понятию предела в школе и пути их решения, эффективные и полезные определения, используемые при решении задач о пределе. Статья будет актуальна для изложения темы предела функций.

Ключевые слова: Математический анализ, математика, предел ряда, функция, предел функции, левый предел, правый предел.

The article discusses the problem of teaching the concept of the limit of a function at a point in school mathematics. One of the basic and fundamental concepts of mathematical analysis is the concept of the limit of a function. The article presents problems that arise when teaching the concept of a limit at school and ways to solve them, effective and useful definitions used in solving problems about a limit. The article will be relevant for presenting the topic of the limit of functions.

Keywords: Mathematical analysis, mathematics, limit of a series, function, limit of a function, left limit, right limit.

Қазіргі білім беру қажеттіліктері математиканы оқыту әдістемесіне жаңа міндеттер қойып отыр. Мектепте математикалық талдауды зерттеу әдістемесі мәселесі, әсіресе өткір. Математикалық талдаудың бүкіл курсы бойынша жарияланымдар саны, оқулықтар артып келе жатқанына қарамастан, математиканың жекелеген мәселелері мен салалары бойынша жалпылама мектеп бағдарламасында оқытылып жүрген функция шегі ұғымы терең қарастырылмайтыны байқалады, осы мәселені жүйелеуге әрекет жасалуы қажет. Тиісті әдебиеттерді зерттеу және талдау мектеп бағдарламасындағы оқулықтар функция шегі теориясының толық жүйесін бере алмайтынын көрсетті.

Математикалық ұғымдардың ішінде іргелі болып табылатын шектер теориясының есептері проблемалық сипатта болып келеді және оларды шығару үдерісінде есепке сәйкес талдау жасау, талқылаулар жүргізе отырып тиісті жауапты іріктеп алу және іздеу сияқты күрделі ақыл ой операциялары орындалады. Сондықтан да көп сатылы абстракциялауды талап ететін шектер теориясын оқып үйренудің маңызы зор. Шектер теориясын оқыту бастау алатын мектеп математикасындағы функцияның нүктедегі шегі ұғымын оқыту әдістерін жетілдіру өзекті болып табылады. Мектептік математикада функцияның нүктедегі шегін оқыту мәселесін қарастырайық.

Қазіргі таңда мектеп математикасында шек, функция шегі тақырыбы әртүрлі көлемді және түсіндірудің белгілі бір тәсілдері ұсынылған әртүрлі баспалардағы оқулықтармен оқытылып жүр.

Соның бірі қазіргі мектеп бағдарламасында оқытылып жүрген жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10 сыныбына арналған, авторлары А. Е. Әбілқасымова, Т. П. Кучер, В. Е. Корчевский, З.В. Жұмағұлова, алгебра оқулығына қысқаша тоқталайық. Оқулық бойынша функцияның шегі ұғымының анықтамасын төмендегідей береді:

Егер кез-келген $\varepsilon > 0$ болғанда, $0 < |x - a| < \delta$ теңсіздігін қанағаттандыратын кез келген $x \neq a$ үшін $|f(x) - A| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалатындай, $\delta > 0$ саны табылса, онда A саны X айнымалысының a санына ұмтылғандағы $y = f(x)$ функциясының шегі деп аталады. Жазылуы: $\lim_{x \rightarrow a} f(x) = A$.

Егер x айнымалысы a санына ұмтылған кезде x тек қана a -дан кіші мәндерді қабылдаған жағдайда A_1 саны $y = f(x)$ функциясының шегі болса, онда A_1 саны $y = f(x)$ функциясының a нүктесіндегі сол жақ шегі деп аталады.

Жазылуы: $\lim_{x \rightarrow a-0} (f(x)) = A_1$.

Егер x айнымалысы a санына ұмтылған кезде x тек қана a -дан үлкен мәндерді қабылдаған жағдайда A_2 саны $y = f(x)$ функциясының шегі болса, онда A_2 саны $y = f(x)$ функциясының a нүктесіндегі оң жақ шегі деп аталады.

Жазылуы: $\lim_{x \rightarrow a+0} (f(x)) = A_2$. Сонымен бірге, сол жақ, оң жақ шектер туралы осындай анықтамалар көрсетілген.

Мысалдарға

$$1) \lim_{x \rightarrow 1} \frac{x^2 - 3x + 2}{x^2 - 1} = \lim_{x \rightarrow 1} \frac{(x-1)(x-2)}{(x-1)(x+1)} = \lim_{x \rightarrow 1} \left(\frac{x-2}{x+1} \right) = \frac{1-2}{1+1} = -\frac{1}{2}$$

$$2) \lim_{x \rightarrow 2} \frac{5x^3 - 4x^2 + 18}{-7x^2 + 9} = \frac{5 \cdot 2^3 - 4 \cdot 2^2 + 18}{-7 \cdot 2^2 + 9} = \frac{42}{-19} = -2 \frac{4}{19}$$

$$3) \lim_{x \rightarrow -3} \frac{x^2 - 9}{x + 3} = \lim_{x \rightarrow -3} \frac{(x-3)(x+3)}{x+3} = \lim_{x \rightarrow -3} (x-3) = -3-3 = -6$$

т.с.с. шектің мәнін

есептеуге арналған жоғарыдағыдай есептер көрсетілген. Біз бұл мысалдардың шығарылу жолына зер салсақ, біріншіден x қандай да бір санға ұмтылса, сол санды функцияға апарып қоя салатын жаттанды әрекеттер жасалып жатқанын байқаймыз, екіншіден, бұл тапсырмалар жоғары сынып оқушыларына өте оңай болып көрініп, шек ұғымын тереңірек түсінуге мүмкіндік тудырмасы анық.

Мектеп бағдарламасында оқытылып жүрген тағы бір жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10 сыныбына арналған, авторлары Ә. Н. Шыныбеков, Д. Ә. Шыныбеков, Р. Н. Жұмабаев алгебра және анализ бастамалары оқулығы. Оқулықта функция шегі ұғымына анықтама берместен бұрын, функция шегін бірінші мысал арқылы түсіндіреді.

$f(x) = x^2$ функциясы берілсін. Бұл функция бүкіл сан осінде анықталған. Мәселен, $x = 3$ нүктесінде анықталған, x айнымалысының мәндері 3-ке жақындай түссе, $f(x) = x^2$ функциясының сәйкес мәндері 9-ға жақындайды. Жалпы, $\varepsilon > 0$ қаншалықты аз сан болса да, $|x^2 - 9| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалатындай x -тің мәндерін табуға болады. Ол үшін x

айнымалысының мәндері 3-ке мейлінше “жақын” болуы жеткілікті. Сондықтан x айнымалысының мәндері 3-ке ұмтылатындай болып өзгерсе, $f(x) = x^2$ функциясының сәйкес мәндері 9-ға жақындайды. Бұл жағдайда 9 санын $f(x) = x^2$ функциясының x аргументі 3-ке ұмтылғандағы шегі деп атайды. Оны былай жазады: $\lim_{x \rightarrow 3} x^2 = 9$.

Егер кез келген $\varepsilon > 0$ саны үшін $x = a$ нүктесінің аймағы табылып, осы аймақтағы әрбір x ($x \neq a$) үшін $f(x) - A < \varepsilon$

теңсіздігі орындалса, онда A санын $f(x)$ функциясының $x = a$ нүктесіндегі шегі деп атайды. Оны былай жазады: $\lim_{x \rightarrow a} f(x) = A$ және оны “ x -тің a -ға ұмтылғандағы $f(x)$ функциясының шегі A -ға тең” деп оқиды. Бұл Шыныбеков оқулығында қарастырған жалпы анықтама. Оқулықта функцияның нүктедегі шегі ұғымын маңай арқылы түсіндірген.

Функцияның шегін тұжырымдауға қажетті шектік нүкте анықтамасын келтірейік. X жиыны және a нүктесі берілген болсын. Егер әрбір мүшесі a -дан өзге және X жиынында

жататын, қайсыбір $\{x_n\}_{n \geq 1}$ тізбегі $\lim_{n \rightarrow \infty} x_n = a$ теңдігі орындалатындай табылса, онда a нүктесі « X жиынының шектік нүктесі» деп аталады. Мектептегі қарастырылып жатқан осы шек ұғымына қатысты есептерді басқа жолмен, жоғарыда айтып өткендей математикалық мағынасын түсіне отырып, терең қарастырайық.

Функцияның шегі ұғымын Гейне анықтамасы бойынша қарастырған жөн десек, Гейне анықтамасына тоқталып өтейік. Гейне анықтамасын функция шегінің тізбектер тіліндегі анықтамасы деп те аталады. f функциясы X нақты сандар жиынында анықталып, a нақты саны сол жиынның шектік нүктесі болсын. Егер белгілі бір b нақты саны және X жиынынан бөлініп алынған, бірде-бір мүшесі a -ға тең емес, шегі бар және ол a санына тең болатын, яғни

$$x_n \in X, x_n \neq a, x_n \rightarrow a, (n \rightarrow \infty)$$

Шарттарын қанағаттадыратын, әрбір

$$x_1, x_2, \dots, x_n, \dots$$

Тізбегі үшін оған сәйкес

$$f(x_1), f(x_2), \dots, f(x_n), \dots$$

Тізбегінің шегі бар және ол b санына тең болса, онда f функциясының a нүктесінде тізбектер тілінде шегі бар және b санына тең деп,

$$\lim_{x \rightarrow a} f(x) = b$$

символымен белгілейді. Осы жерден Гейне анықтамасын оқулықтағы анықтамамен салыстырып қарайтын болсақ, Гейне анықтамасы ғылыми түрде нақты әрі ашылып жазылғанын байқай аламыз. Оқулықта тақырыпты ашу бөлімінде, оқушыға бұрын естімеген жаңа әрі маңызды тақырыппен таныстыруда анықтамаға баса назар аударылу қажет. Енді осы

$$\lim_{x \rightarrow 2} \frac{5x^3 - 4x^2 + 18}{-7x^2 + 9}$$

жоғарыда көрсетілген оқулықтағы мысалдардың бірін Гейне анықтамасы бойыша шығарып көрейік:

$$x_n = 2 + \frac{1}{n} \text{ деп алып,}$$

$$\lim_{n \rightarrow \infty} \frac{5\left(2 + \frac{1}{n}\right)^3 - 4\left(2 + \frac{1}{n}\right)^2 + 18}{-7\left(2 + \frac{1}{n}\right)^2 + 9} = \lim_{n \rightarrow \infty} \frac{5\left(8 + \frac{12}{n} + \frac{6}{n^2} + \frac{1}{n^3}\right) - 4\left(4 + \frac{4}{n} + \frac{1}{n^2}\right) + 18}{-7\left(4 + \frac{4}{n} + \frac{1}{n^2}\right) + 9} =$$

$$= \lim_{n \rightarrow \infty} \frac{40 + \frac{60}{n} + \frac{30}{n^2} + \frac{5}{n^3}}{-28 - \frac{28}{n} - \frac{7}{n^2} + 9} = -\frac{42}{19} = -2\frac{4}{19}$$

Оқулықта берілген есептердіде осы Гейне анықтамасы бойынша шығаруды қарастырайық:

1-есеп:

$$\lim_{x \rightarrow 2} (3x - 2) = 4$$

Оқулықта ұсынылған анықтама және мысалдарға сүйеніп шығарсақ,

$$\lim_{x \rightarrow 2} (3x - 2) = 3 * 2 - 2 = 4.$$

Дәл осы есепке Гейне анықтамасын қолданып, функцияның шегін табайық:

$$\lim_{x \rightarrow 2} (3x - 2) = 4$$

$$x_n = 2 + \frac{1}{n}$$

$$\lim_{n \rightarrow \infty} \left(3\left(2 + \frac{1}{n}\right) - 2\right) = 6 + \frac{1}{n} - 2 = 4.$$

2-есеп:

Коши анықтамасы бойынша:

$$\lim_{x \rightarrow -1} (x^2 + 1) = (-1)^2 + 1 = 2$$

Гейне анықтамасы бойынша:

$$x_n = -1 + \frac{1}{n}$$

$$\lim_{n \rightarrow \infty} \left(\left(\frac{1}{n} - 1\right)^2 + 1\right) = \lim_{n \rightarrow \infty} \left(\frac{1}{n^2} - \frac{2}{n} + 1 + 1\right) = 2$$

3-есеп:

Коши анықтамасы бойынша:

$$\lim_{x \rightarrow 2} (2x^2 - 3x) = 2 * (2)^2 - 3 * 2 = 2$$

Гейне анықтамасы бойынша:

$$x_n = 2 + \frac{1}{n}$$

$$\lim_{n \rightarrow \infty} \left(2\left(2 + \frac{1}{n}\right)^2 - 3\left(2 + \frac{1}{n}\right)\right) = \lim_{n \rightarrow \infty} \left(8 + \frac{8}{n} + \frac{2}{n^2} - 6 - \frac{3}{n}\right) = 2$$

Жоғарыда көрсетілген Коши және Гейне анықтамалары бойынша шығарылған мысалдарға және есептерге зер салып мұқият қарасақ, Гейне анықтамасымен есептің шығарылу алгоритмі тереңдетілген әрі математикалық білімді жоғарылатуға арналғанын аңғарса болады.

Қорытындылай келе, функциялардың шектері математикада және басқа салаларда маңызды және кеңінен қолданылатын тақырып болып табылады. Мектеп бағдарламасындағы, шекке қатысты есептер жаттанды сипатқа ие, белгілі бір алгоритмге негізделгенін байқаймыз. Алайда, алгоритмді меңгеру оқушылардың математикалық ойлауының жеткілікті түрде дамығанына кепілдік бермейді, ал ойлауды дамыту олардың

болашағы үшін басты нәрсе, басты мақсат, сондықтан мектептегі оқудың негізгі нәтижесі болуы керек. Әрине, алгоритмдерді қолдана білу керек, бірақ оларды тиісті тапсырмаға қажет және жиі болған кезде ғана жатқа білсе жеткілікті. Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, математикалық құзыреттілігін арттыру үшін шектер теориясына қатысты есептерді жоғарыда атап өткен Гейне анықтамасы бойынша шығарған дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Темірғалиев Н.Т. Математикалық анализ 1,2,3-том. Алматы 1977ж.
2. Әбілқасымов А.Е., Шойынбеков К.Д., Есенова М.И., Жұмағұлова З.А. Алгебра және анализ бастамалары, 10-сынып, жаратылыстану-математика бағыты, Алматы: Мектеп, 2006.
3. Әбілқасымов А.Е., Шойынбеков К.Д., Есенова М.И., Жұмағұлова З.А. Алгебра және анализ бастамалары, 10-сынып, Қоғамдық-гуманитарлық бағыты, Алматы: Мектеп, 2006.
4. Ә. Н. Шыныбеков, Д. Ә. Шыныбеков, Р. Н. Жұмабаев, Алгебра және анализ бастамалары, 10-сынып, жаратылыстану-математика бағыты, Алматы: Атамұра, 2009.
5. Демидович Б.П. Сборник задач и упражнений по математическому анализу, "Наука", 1979
6. Ибрашев Х.И., Еркеғұлов Ш.Т. "Математикалық анализ курсы". Алматы. Мектеп. 1970.

ӘОЖ 8.81-2

I. ЖАНСУГІРОВТІҢ «ҚАЗАҚ ҮЙДІҢ ТҮРМЫСЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЭТЮДТАР

Жұмағалиқызы Н., 2-курс білімгері

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

zhumagali2005@bk.ru

Бұл мақалада І. Жансүгіровтің өлеңіндегі қазақ үй жабдықтары, халық үй тұрмысында қолданған заттардың этномәдени атаулары этнолингвистикалық тұрғыдан талданып, түсіндірме берілген.

Тірек сөздер: этнолингвистика, этюд, этимология, лингвистика, сөздік

В этой статье проанализированы этнокультурные названия предметов в стихотворении И. Жансугурова. А также этнолингвистически объяснены названия предметов использованных народом в быту.

Ключевые слова: этнолингвистика, этюд, этимология, лингвистика, словарь

This article analyzes the ethnocultural names of objects in the poem by I. Zhansugurov. The names of the objects used by the people in everyday life are also explained ethnolinguistically.

Keywords: ethnolinguistics, etude, etymology, linguistics, dictionary

«Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және негізгі шарты – ұлттық тіл», - деп Қадыр Мырза Әли айтқан. Ал, ұлттық тілді зерттеп, танып-білу ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен тарихынан хабар береді. Қазіргі таңда тіл білімі өте кең аумақты қамтиды. Қазақ тіл білімінің ерекше бір саласы «этнолингвистика» болып табылады.

Ғалым Әбдуали Қайдар: «Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы. Ол – этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым», - деген анықтама бере отырып, *этнолингвистикалық этюдтер* жайлы мынадай пікір айтқан болатын: «Этнолингвистикалық этюдтер деп отырғанымыз – этнос болмысын танып-білу мақсаты

мен «тіл әлемін» түбегейлі зерттеудің нәтижесінде әрбір негізгі мағыналық бірлікті және оған қатысты этнолингвистикалық арналарға деректерді сатылы қатыстық тәртібімен (негізгі – туынды – қатысты атаулар: баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері) берілетін түсініктемелер, анықтамалар, мағлұматтар топшылаулар. Олар этнолингвистикалық жұмыстың түрі мен мақсатына (монография, сөздік мақала т.б.), әр түрлі бұлақтардан жиналған информацияның мазмұнына қарай қысқа да, көлемді де болуы мүмкін» [1, 45-60 б.].

Ілияс Жансүгіровтің «Қазақ үйдің тұрмысы» өлеңі этнолингвистикалық этюдтар қорын кеңейту бағытында айрықша рөл ойнайды. Өлеңде Ілияс Жансүгіров алты қанат ақ үйдің толық қанды жабдықтарын тізіп, санамалап шығады. Өлеңдегі аса құнды «киелі лексикамызды» үш топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік:

1. Қазақ үйдің құрылымына қатысты этюдтар;
2. Қазақ үйдің ішіндегі жабдықтарға байланысты этюдтар;
3. Ас үй жабдықтары мен дастархан мәзіріне қатысты этюдтар.

Қазақ үйдің құрылымына қатысты этюдтар.

«Ақ үйге алты қанат келсем кіріп, Босаға, маңдайша мен табалдырық», - деп Ілияс өз өлеңін бастайды. Өрмен қарай киіз үйдің тірегі – «шаңырақ» сипатталады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «шаңырақ» сөзіне: «1) киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. 2) ауыспалы мағынасында: әркімнің тұрған, туған үйі» деген дерек келтірілген [2]. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде «шаңырақ» жайлы біршама толығырақ ақпарат беріледі: «Киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер, киіз үй сүйегінің негізгі бір бөлігі. Ол талдан немесе қайыңнан жасалады. Оның үлкен шеңберінде, иіп жасалған 8 күлдіреуіші болады. Шаңырақ шеңберінде айнала уық өткізуге арналған көз жасалады. Шаңырақ жасайтын ағаштың қабығын аршып, көлеңкеде кептіреді де, қозға көміп жұмсартады. Бұдан соң оны жонып, тезге салып иіп, қажетгі шеңбер пішініне келтіреді. Күлдіреуіштердің дөңес жағын үстіне қаратып, шеңберге бекітеді. Шаңырақтың екі бүйірінен екі желбау байланады. Шаңырақтың шеңберін сырлап, ішкі жағын сүйекпен, күміспен әшекейленген түрі де болған. Көне түркі тайпаларында шаңыраққа белгі соғылып, ол уақыт мерзімін ажырататын сағат есебінде пайдаланған». «Шаңырақ» сөзінің лингвистикалық және этнографиялық деректер негізінде беретін мағлұматы осымен шектелмейді. Жамал Манкеева: «Шаңырақ сөзі – тек киіз үйдің бір бөлігінің ғана атауы емес», - деп бұл сөзге қатысты үстеме, ауыспалы мағыналардың, фразеологиялық тіркестер мен сөз тіркестерінің көптігін, «шаңырақтың» киесі мен көшпелі қоғамдағы атқарар қызметінің молдығын аша түседі. Қазақта «Қара шаңырақтың отын өшірме» деген қадірлі ұғым бар. Бұндағы «қара шаңырақ» ұғымына қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «ата-баба тұрған үлкен үй» деген дерек келтіріледі [3, 88 б.]. Атадан балаға мұра болған отауды сақтау әрбір кейінгінің парызы екені сөзсіз. Ілияс өлеңіндегі «шаңырақ» киіз үйдің бір жабдығы ретінде ғана сипатталғанымен, «шаңырақтың» мағынасы, жалпы, тіл тарихымызда таңбаланған орны орасан зор.

Сол секілді қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «кереге» сөзіне: «киіз үйдің ағаштан жасаған жинамалы торкөзді сүйегі, қаңқасы», «уық» сөзіне: «кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сидан сырық, киіз үй сүйектерінің бірі» деген деректер келтірілген. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде бұл ұғымдар жайлы: «Кереге - ағаштан тор көздеп жіңішке қайыңнан жасаған киіз үйдің жиналмалы қабырғасы. Кереге көздерінің көлеміне қарай: тор көзді (кішкене) және жел көзді (үлкен) болып екіге бөлінеді. Тор көзді керегеде уық байланатын 20 бас, жел көзді керегеде 17 бас болады. Жиюлы керегенің биіктігі 2 метрдей, ені 75 см-дей болады. Ал жазған уақытта биіктігі төмендеп, ені 2-2,5 метрге дейін созылады. Кереге санына қарай киіз үй 4, 6, 8, 12 қанат етіп тұрғызылады. Хан ордасының кереге саны 30-ға дейін жеткен», «Уық - кереге мен шаңырақтың арасын қосып тұратын бір басы түзу, екінші басы иілген жіңішке сырық, киіз үйдің негізгі бөлшектерінің бірі» делінген. Бұдан бөлек тілімізде бұл ұғымдарға қатысты біршама фразеологиялық тіркестер, теңеулер,

бар. Мысалы: «Уық шаншыды - бір жерге шаңырақ көтеріп үй тікті, орын тепті», «Кереге(-сін) тұрғызды. 1. Үй қып бөлек шығарды. Баласын үйлендіріп, бөлек кереге тұрғызып берді (Ауызекі тіл). 2. Іргесін қалады. Жаңа үй салудың толып жатқан әңгімесі бар. Алдымен кесек құю керек, оны ұстаға өргізу керек, керегесін тұрғызу керек (А. Тоқмағамбетов)», «Керегесіне ақ тимеді - жарымады, байымады», «Керегеге таңылды - күйзелтті, жұтатты», «керегедей қия тас», «уықтай белім бүгіліп» т.б. Кейде «Керегенің кең болсын!» деген тілектер де айтылып жатады. Байқағанымыздай, түпкі мағынасы киіз үйдің жабдығын білдіретін сөздеріміз ауыспалы түрде қаншама реңді әрі көркем жаңа ұғымдарды туғызады. Бұл тізім тек осы мысалдармен шектелмек емес.

Киіз үйдің келесі бір бөлігі – *табалдырық*. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «есіктің маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жағында еденге тиіп тұратын екі босаға арасындағы көлденең ағаш», - деп анықтама беріліп, «*Табалдырығын аттады* – а) үйге кірді, үйге бас сұқты; ә) өмір кезеңінің бір баспалдағына көтерілді [2]. *Табалдырығын тоздырды* – қайта -қайта бара берді» деген мысалдар келтірілген. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» табалдырық жайлы: «*Табалдырық аттар* - этн. құдалыққа келген адамдардың үйге кірер алдында беретін кәдесі», - деген де ақпарат кездеседі. Табалдырыққа қатысты қазақ тілінде «Табалдырықты баспа! Табалдырықты отырма!» деген тыйым сөздер бар. Әрине, бұл тыйымдар өз кезегінде белгілі бір наным-сенімнен туған. Оған қатысты әртүрлі аңыз-әңгімелер де жетерлік. Біздің айтқымыз келетін дүние бұл жайында емес, қарапайым «табалдырық» ұғымының өрісінің кеңдігін саралауды көздейді. Ілияс та өз өлеңінде бұл ұғымды алғашқы болып атап көрсетуі тегін емес-ті. Қазақ табалдырықтан аттап, иіліп сәлем берген халық. Сол ілтипаттың көрінісін Ілияс бір ғана жолмен-ақ көрсете салғаны үлкен шеберлік.

Қазақ үйдің ішіндегі жабдықтарға байланысты этюдтар.

Қазақ үйдің ішіндегі жабдықтарды Ілияс көптеп тізіп көрсетеді. Мысалы:

«Түс киіз, көрпе, шай шымылдық,

Текемет, жастық, шапан, кілем, сырмақ,

Алаша, бешпент, көйлек, шәлі, берік...». Осы орайда «*текемет*» ұғымына тоқталсақ, қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «*Текемет* - бетіне әртүрлі ою-өрнек салынып басылған киіз үй жиһазы. Текеметті де киіз басқандай әдіспен басады. Алғашқы жартылай басылған түрі “талдырма” деп аталады» деген дерек келтірілген. Басқа деректер де осы мазмұнда. Сонымен қатар тілімізде «текеметтей әдемі» деген теңеу де бар.

Келесі бір ұғым - «*алаша*». Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде: «*Алаша* - (пар. алаче *الأچة*) – жүннен жасалған түрлі-түсті төсеніш», қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «1) түрлі түсті жіптен арқау салып жолақтап тоқитын тақыр кілем, төсеніш; 2) асылтұқымды түйе мен жабы түйеден шыққан түйе», ал қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде: «*Алаша* - жүннен жасалған түрлі-түсті төсеніш. Қазақ қоғамында ең көп қолданылған тұрмыстық заттардың бірі» деген деректер келтірілген [2].

Сырмақ. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде : «*Сырмақ* - зат. 1. Түрлі түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасаған қалың киіз; 2. жерг. Ішіне мақта салып, сырып істелген шапан» делінген [2]. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде: «түрлі-түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасаған әшекейлі ұлттық үй жиһазы», - деп анықтама беріледі.

Бұдан бөлек өлеңде «*сандық*» жиһазы да кездеседі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Сандық* - әртүрлі бұйым салуға арналған, ағаштан жасалған үй жиһазы, мүлік. *Сандықтас* – текшеленіп біткен, үсті тегіс тас» деп дерек келтіріледі. Ал «*сандық*» ұғымының ауыспалы мағынасы өте көп. Жыр сандығы, ой сандығы, дүние-мүлік, қазына, математикалық термин ретінде «сандық көрсеткіш» секілді мағыналары да бар. Ілияс өлеңде аталаған бұл жабдықтарды киіз үйдің ішіндегі заттары ретінде сипаттап көрсеткен. Қазақтың ұлттық нақышымен жасалатын бұл жабдықтар әр отбасында болғаны сөзсіз. Ақын осы таңдаулары арқылы қазақ болмысына тән мәдениетті айқындаушы құралдарды ғана тізіп көрсетпей, этнолингвистикалық мұра ретінде де қалдыра кеткен. Бұл заттардың әрқайсысы қазақтың

таңбалы дүниесі, лескикасы. Бұл жөнінде Ж. Артықбаев «Дәстүрлі қазақ этнографиясы» атты еңбегінде: Сандық – қазақ ұлтының құндылығының бірі саналады, қазақ халқы сандықпен байланыстырып бірнеше теңеулер де айтқан» дейді [4, 65 б.].

Ас үй жабдықтары мен дастархан мәзіріне қатысты этюдтер.

Дастарқан. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «1) Үстіне ас-тағам қою үшін жайылытын қалың мата; 2) ауысп. Ішіп-жем, дәулет, ризық. *Дастарқан аттады* – опасыздық жасады. *Дастарқан байлығын берсін алғ.* – ішіп-жемің мол болсын. *Дастарқан қайырды* – жақсы тілек айтып, бата берді. *Дастарқаның жиылмасын алғ.* – дәулетің мол болсын» деген деректер келтірілген. *Дастарқан* ұғымының ауқымы өте кең. Ол ас-тағам даярлаудан бастап дастарқан жаю немесе дастарқан жасау (қонақ шақыру үрдісі), дастарқан басы (қонақтардың және үй иелерінің орналасу реті, әңгіме-дүкен құру және т.б.) деп аталатын технологиялық жағынан да, ғұрыптық тұрғыдан да өте күрделі үрдісті білдіреді. Ілияс жоғарыда айтылған мағыналардың бәрін осы сөзге сыйғызып қарастырды деп санаймыз. Қазақтың ақ дастарқаны қашан да төрдің сәні, үйдің құт-берекесі болғанын ақын суретсіз-ақ жеткізіп отыр.

Саба. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «1) зат.этно. Жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, негізінен қымыз ашытатын ыдыс; 2) ауыс. Бір нәрсенің жалпы шеңбері, арнасы, көлемі, аясы. Мысалы: «Таулар көп мүлгуден талмаған, Сайлар көп сабасы толмаған» (Д.Қанатбаев, Жетіқарақшы.); 3) этно. Молшылықтың, ырыстың, байлықтың белгісі [2]. Мысалы: «Саба киелі ыдыс саналған. Ішінде қымызы тұрса да немесе бос болса да оған аяқ тигізбеген» (С.Мұқанов, Қазақ қауымы); 4) зат.этно.көне. Бір нәрсені қаптауға арналған қап, қапшық, аяқкиім т.б. жасау үшін пайдаланылатын аң немесе мал терісі. Мысалы: «Алыс жолға жүрерде түйенің табаны жұқарып тимес үшін, ескі сабадан шөрке істеліп, аяғына кигізілген түйені табанды түйе дейді» (Ж.Жанәбілев, Қаз. мал атауы)» деген деректер берілген. Бұл ұғым етістік ретінде де қолданылып, әртүрлі мағынаға ие болады әрі түрлі фразеологиялық тіркестерге, тұрақты теңеулерге негіз болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «*сабаның*» тағы бір мағынасы берілген: «өзендердің, ағын сулардың суы азайып, ең төменгі межеге жететін кезеңі». Ілияс осы ұғымдардың ішінен «*сабаны*» қымыз ашытатын ыдыс ретінде, киелі жабдық ретінде сипаттаса керек.

Қымыз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «зат. этно. Бие сүтінен арнайы ыдыста (сабада) ашытылып жасалатын қазақ халқының көне замандардан бергі дәстүрлі тағамы, қадірлі асы, емдік қасиеті мол сусын. Қымыз әдетте соғымға сойылған семіз жылқының қыртысы зақымдалмаған, жүні қырқылған шыңылтырланған терісінен тігілген (сабада) ыдысқа ашытылады. Тіл үйірілген ашымал дәм, сүр, саумал майының иісімен қосылып, тек қымызға тән көкірек сарайыңды ашатын хош иіс аңқып тұрады» деген ақпарат беріледі. Жалпы қымыз жайлы барлық анықтамалардың мазмұны бір. Қымыздың қаншалықты пайдалы, шипалы екендігі де бәрімізге аян. Қазақ тағамы жайында сөз қозғалса, қымызды ескермей кету мүмкін емес-ті. Ілиястың бұл сипатты өлеңінде де орын тапқан қымыз бізге жат емес.

Құрт. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «зат. этно. тамақ. Ашыған айранды пісіп, пісілген іркітті майы алынғаннан кейін, қазанға құйып қайнатып, қоюланғаннан кейін, дорба, қапшыққа құйып, 5-6 күн сорғытылған соң, ұсақтап бөліп, әртүрлі формада жасап, өреге кептірілетін ұлттық тағам. Құрттың түрлері көп: ақ, май, қара, қызыл, көшағыл, шағырмақ, шағылдақ, ащы, ақ түймеш және торақ, қораба, ежігей, жарма, баспа, сықпа т.б.» деп көрсетіледі. Бұдан бөлек қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құрттың» басқа да мағыналары көрсетілген: «1) денесі жұмыр, ұзынша келген, ирелеңдеп жылжитын омыртқасыз кішкентай жәндік; 2) туберкулез ауруының халықтық атауы; 3) көзін жою, жоқ қылу; жазасын беру, сазайын тартқызу». Ақын құртты тағам мағынасында қолданғаны анық. Құрттың қасиеті жайлы ел арасында әңгімелер көптеп кездеседі. Ашаршылық кездерінде, қуғын-сүргін кездерінде айып тағылған азаматтарымыздың әйелдері мен балаларын қудалаған кезде түрлі лагерьлерде осы құртты жеп аман қалғаны жайлы, шипалық қасиеті жайлы оқиғалар жетерлік. Ілияс та осындай қасиетті тағамды өлеңге қосу арқылы сөзімізді айқындай түспек.

Лияс Жансүгіровтің «Қазақ үйдің тұрмысы» өлеңінде этномәдени атаулар молынан кездеседі. Өлеңде көрсетілген әрбір ұғымды этнолингвистикалық тұрғысынан қарастыру барысында қазақ дүниетанымы мен болмысын айқын көре алдық. Әр халықтың тіліне тән этнолингвистикалық бірліктер сол халықтың өмірінің жиынтығын, ұзақ уақыт бойында қалыптасқан оның дүниетанымын, әдет-ғұрпын, арманын, мүддесін, рухани өмірін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Сардар, 2004. – 520 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі // жалпы редакцияны басқарған Жанұзақов Т.- Алматы: Драйк-пресс, 2008.- 968 б.
3. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
4. Артықбаев Ж., Садбанбекова Ә., Елемесов Ә., Дауенов Е. Дәстүрлі қазақ этнографиясы: оқу-әдістемелік құрал. – Павлодар: Кереку, 2008. – 260 б.

ӘОЖ 9(571) 333.16

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ХАЛЫҚ АҒАРТУ ІСІ (XIX Ғ.ІІ- ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Кажыкен Ж.Т., 2-курс магистранты
Ғылыми жетекші: Сантаева К.Т., т.ғ.к.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ, Талдықорған қ.

kazhyken01@bk.ru

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан өлкесіндегі халық ағарту ісі қарастырылады. Онда жергілікті қазақ халқының дәстүрлі білім беру жүйесіне үлкен нұқса келтіріп, империя әкімшілігі жергілікті халыққа орыс тілінде білім беру арқылы рухани отарлау саясатын жүргізгендігі айтылады.

Тірек сөздер: Түркістан, отарлау, білім, мектеп, оқу, ағарту ісі.

В статье рассматривается дело народного просвещения в Туркестанском крае второй половины XIX и начала XX веков. В нем говорится, что администрация империи проводила политику духовной колонизации путем обучения местного населения на русском языке, что сильно повлияло на традиционную систему образования местного казахского народа.

Ключевые слова: Туркестан, колонизация, образование, школа, учеба, просвещение.

The article deals with the case of public education in the Turkestan region of the second half of the XIX-early XX centuries. It says that the administration of the empire pursued a policy of spiritual colonization by teaching the local population in Russian, which greatly influenced the traditional education system of the local Kazakh people.

Keywords: Turkestan, colonization, education, school, study, enlightenment.

Патшалық Ресейдің оңтүстік өңірді әскери отарлаумен қатар, жергілікті қазақ халқын «рухани бодандықта» ұстауы да ұмыт қалдырған жоқ. Білім беру саласы арқылы патша үкіметі ұлттық санаға әсер ету, яғни оны рухани тұрғысынан әлсірету жағын көздегендігін тарихшы зерттеушілердің пікірлерінен білуге болады. Тіпті ашылған мектептердің өзінде мұсылмандық тұрғысындағы сабақтары азайып, керісінше христиан дінінің ілімдері мен бірінші кезекте орыс тілін меңгеру міндеті қойылды.

Граф К.К. Паленнің сенаторлық тексеру комиссиясына дейін Жетісу өңіріндегі алғашқы орыс оқу орны Сергиополь станциясындағы қазақ балаларына арналып 1852 жылы, ал Сырдария облысындағы алғашқы орыс мектептері Қазалы мен Перовск бекіністерінде ашылды. 1858 жылы

28 тамызда Орынбор – Орск діни қызметкер Тимашев тарапынан Форт I діни қызметкер Александр Победоносцовқа мектеп ашу құқығын берді. Бұл оқу орындарын тікелей Орынбор және Уфа епископы қолдап отырды. Бастапқыда, ашылған бұл мектептерде орыс балалары мен жергілікті халықтың балалары бөлек оқытылды. Мектептерде дәрістерді шіркеу қызметкері бергендіктен жергілікті халық өз балаларын бұл оқу орындарына беруден бас тартты. Мектепте оқытушылық қызметті прапорщик Батыршин мен юнкер Давыдов атқарды [1]. Мектеп бірнеше бөлмеден тұрып, оқу бағдарламасына орысша оқу, жазу, сондай-ақ, христиан негіздерін оқу кіретін. Бұл бекіністе орыс оқу орынының ашылуын қолдаған Сырдария отар шебінің генералы Данзас мектеп үшін жаңа ғимараттар салынып, оның жылдық шығынын белгілеу және мектепті кітаптармен қамтамасыз етуін талап етіп, бұйрық шығарады.

Қазалы бекінісінде орыс оқу орны 1860 жылы 21 қаңтарда ашылды. Бұл 50 орындық оқу орнына төменгі әлеуметтік сатыны құрайтын 31 орыс және екі қыз оқушысы қабылданды. Қазалы мен Перовскі орыс мектептерінде Ланкостр тәсілімен дәріс берілді. Бұл тәсіл негізінде оқытушы тек белсенді оқушыларға сабақты нақты түсіндіріп, ол оқушыларды дәріс беруге дайындайтын. Ал дәрісті терең меңгерген белсенді оқушылар кейіннен мұғалімнің бақылауында басқа оқушыларға сабақты түсіндіретін. Әрине, аталмыш тәсіл білім жолында ешбір нәтиже бермеді. Соның салдарынан, Түркістан генерал губернаторлығы құрылғаннан кейін, мектептерді тексеруден өткізген К.П. Кауфман орыс оқу орындарының деңгейінің төмен екенін ескеріп, келешекте бұратана балалары мен орыс балалары араласып білім алуларын талап еткен. Ол орыс балалары мен бұратана балаларының араласып оқу барысында мұсылмандыққа уақытша қол сұғылмауын ұйғарды [2]. Бастапқы кезеңде генерал Кауфман дін мәселесіне қатысты жағдайдың ушықпауын бақылады. Бірақ олардың саясатының іске аспау тұрғысынан енді орыс пен қазақ балаларын араласытырып оқыту тәсілін қолдануды жөн көрді. Яғни бұл орайда Ресей әкімшілігі христиан дінінің ілімдері мен орыстық сананы баяулап ендіруді уақыт өте келе іске асырғысы келгендігіне күмәніміз жоқ.

1870 жылы Ташкент қаласында Түркістан өлкесіндегі оқу ісін ретке келтіру үшін арнайы комиссия құрылды. 1871 жылы комиссия дайындаған жоба әскери министрге жіберіліп, заң жүзінде негізделуін қажет етті. Жобаға сай, Ташкент қаласында орыс және түземдіктерге арнап ерлер гимназиясын ашу, 20 орындық семинария қалыптастырып, оны бітіргендер 3 жыл бойы халықтық мектептер 2 түрлі болады деп жобаланды. Бірінші – уездік, 4 жылдық жалпы білім беру курсы мен шеберханалық сыныптар, екіншісі – бастауыш білім мектептері. Бастауыш білім беретін мектептер бағдарламасында орыс және қырғыз тілдерінде оқу, жазу және санаумен шектелді. Ал уездік мектеп бағдарламасында Құдай туралы ілім, орыс тілі, санау, сызу, түземдік тілдер (бұратаналар үшін орыс транскрипциясында). Семинариядағы бағдарлама негізінде Құдай туралы ілім, орыс тілі, орыс тарихы, география, арифметика, педагогика, түземдік тілдер оқытылу көзделді. Ресей империясының дәстүрлі саясатына айналып ғасырларға созылған орыстандыру саясаты қай жағынан алып қарасақ та, империяның үстем табы дворян-помещиктерінің мүддесіне орай жүргізіліп келді. 1876 жылы Орынборда Ағарту министрі граф Толстой қазақтар үшін арабша жазуды орыс графикасына көшіру үшін арнайы мәжіліс шақырып, нақтылы нұсқаулар да берді. XIX ғ. соңына қарай, патшалық өкіметтің шет аймақтарындағы орыс тұрғындарына арналған оқу орындарының жүйесі, Түркістан өлкесінде де орта дәрежелі білім беретін мектептердің ашылуымен ерекшеленді. Мұндай орта білім беретін оқу орындар гимназиялар еді. Гимназиялық білім беру жоспарына сай, «оқытылатын пәндер мен оқыту әдісі қазақ оқушыларының бойына орыс адамына құрметпен қарайтын» сезімді туғызады. Орыс отаршылдары келгенге дейін, жергілікті жерлерде қазақ балалары мұсылман мектептері мен медреселерінде оқыды. Мысалы, Сырдария облысында (Ташкент қаласын, Перовск және Қазалы уездерін, Әмудария бөлімін қоса алғанда) 1892 жылы 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе болды. Ал Жетісу облысында 1891 жылы 12510 оқушы, 1897 жылы 12835 оқушысы бар 88 мектеп пен медресе жұмыс істеді [3].

Егер Сырдария мен Жетісу облыстарындағы білім орындарына сандық тұрғысынан салыстырсақ, онда Сырдария өлкесінде мектептер мен ондағы оқушылар жағынан Жетісу өлкесінен әлдеқайда көп болғандығын айтуға болады. Оның себебін Сырдария өңірінде мұсылман қауымының көп орналасуы және олардың дінге деген көзқарасының берік екендігімен түсіндіруге болады. Ал Жетісу өңірінде ұйғырлар мен дүнгендердің қоныстандырылуы Ресей әкімшілігінің отарлау саясатының сипатының күшеюі де өз септігін тигізуі мүмкін. Олардың сандық жағынан көбеюі патша әкімшілігіне пайдалы еді. Ал Жетісу өңірінде мұсылман мектептеріндегі оқушылардың санының көбеймеуін мұсылмандық үгіт насихаттауының мүлдем жіргізілмегендігімен түсіндіруге болады.

Жалпы қазақ даласындағы негізгі оқу орындары бұл дәстүрлі түрдегі медреселер мен мектептер болатын. Олардың көпшілік бөлігі оңтүстік өңірде кең қанат жайып, өзгеріске ұшырап, сонымен қатар дамытылып отырған. Патшалық білім беру жүйесінің ошақтары күн санап арта түсті. Олардың басты мақсаты жергілікті қазақ халқының балаларын мектептерге көптеп тарту еді. Бірақ сан жағынан артқанымен сапасы жағынан төмен дәрежеде қалып қойған орыс мектептері «түзем» халықтарының сұранысына ие болған жоқ. Мысалы, Жетісу облысы бойынша, 1902 жылы Қапал уезіндегі үш орыс–түзем мектебінде 57, Жаркент уезіндегі 4 орыс–түзем мектебінде 158, Верный уезіндегі 4 орыс–түзем мектебінде 270 оқушы ғана білім алатын [4]. Патшалық білім беру орындарының көбеюі сол кезеңде прогрессивті құбылыс ретінде танылғанымен, ондағы сапа мәселесі әлі де болса жеткілікті деңгейінде емес еді. Мұсылман мектептеріне жергілікті әкімшілік орындары Түркістан халықтарын діни негізде біріктіретін рухани күш ретінде қарап, оған тежеу салу мақсатында әрекеттене бастады. Мысалы, Жетісудағы қазақтар мен өзге де мұсылман халықтары арасында мұсылмандықтың әсерін әлсірету мақсатында, жергілікті әкімшілік орындары, мұсылман мектептерінде орыс тілін оқытуды талап етті. Мұндай талап орындалмаған жағдайда мұсылман мектептері жабылуы тиіс болды. Өйткені бұл мәселе мемлекеттік саясат деңгейінде қойылуы себепті Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы фон Кауфманның 1880 жылы 8 қараша күні халық ағарту министріне жолдаған хатында, қазақтарды ислам дінін терең қабылдаған көрші халықтардан бөлек ұстай отырып, орыс жазуы негізінде оқытылатын мектеп арқылы тезірек ассимиляциялау міндетін алға қояды.

1905 жылы 10-мамыр мен 3-маусым аралығында өткен Шығыс халықтарын оқыту жөніндегі арнайы Кеңес орыс емес халықтардың оқу жүйесін орыстандыру принципін ашық түрде күн тәртібіне қойды. Кеңесте татарлардан басқа халықтың бәрі де алғашқы екі жылын өз тілдерінде, қалғаны түгел орыс тілінде оқытылып, оқулықтар орыс алфавитінде болу керек деп табылды. 1870 жылы Ағарту министрлігінің «О мерах к образованию населяющих России инородцев» заңы жарияланды. Бұл заңда негізінен Ильминскийдің орыстандыруды көздеген миссионерлік педагогикалық жүйесі ендірілді. Осы заңда орыс емес халықтар үшін үш түрлі категория белгіленді. Ерекше айтылатын бірінші категория бойынша ұлт тілдерінде сабақ өз тілінде, бірақ міндетті түрде орыс алфавитімен оқыту талап етілді.

Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің ашқан мектептері осы категорияның ішіне кіреді. Екіншісіндегі сабақ таза орыс тілінде жүргізіліп, тек сабақ таза орыс тілінде жүргізіп, тек сабақ үстінде түсінбеген жерін ана тілінде айтуға рұқсат етіледі. Ал, үшінші категория бойынша, сабақ тек орыс тілінде жүріп, ана тілінде сөйдеуге рұқсат етілмеген. Яғни, бұл орайда білім беру жүйесінде толықтай орыстандыру саясаты кең қанат жайғандығын байқаймыз. Білім беру арқылы қазақ халқын рухани бодандықта ұстау мәселесі патшалық әкімшіліктің назарынан тыс қалмаған. Қазақ тілінің дәрежесін төмендету қазақ халқының бүкіл мәдени болмысына балта шапқандай әрекетпен жүзеге асты. Қорытындылай келе, жаңа ашылған орыс түзем мектептері негізінен отарлау саясатының негізгі құралы ретінде қолданылағандығын айта кеткен жөн.

Патшалық әкімшілік тарапынан жүргізілген келесі шара 1875 жылы Түркістан өлкесінде Вознесенский атты православ діни қызметкерінің өз қаражатына Шымкент уезінде халықтық училище ашылуын айтуға болады. Барлық мектептер 1876 жылы

аталмыш генерал – губернаторлығына бағынышты болып, 1878 жылы екі кластық қалалық училищелер болып қайта құрылды. 1872 жылғы қалалық училищелердің жарлығы бойынша бұл оқу орындарында «мұсылмандық сауат ашу мен Құдай туралы ислам идеялары оқытылмады». Мұсылман оқушыларына діни тұрғыдан білім беруге рұқсат берілмеді. Осы аймақтың орыс мектептерінде ислам идеяларын оқыту төңірегінде бір-біріне қарама-қарсы 2 көзқарастың айта кету керек: Біріншісін Кауфманның православ және мұсылман оқушыларына молдалардың дәріс беруін жақтағанын, ал екіншісін сол кездегі империя дініне қарама қарсы діннің кең таралмауына қарсы саясатты ұстанған орыс әкімшілігін айтуға болады [5]. Бұл училищенің ашылуының түпкі мақсатын өлкеде астыртын жүргізілген орыстандыру саясатын көрсетуге болады.

1878 жылы К.П.Кауфманның бекітуімен «Түркістан өлкесіндегі қалалық училищелердің жанынан мұсылман ер балаларына арналған дайындық бөлмелерін ашу туралы уақытша ереже» мен «Түркістан өлкесіндегі қалалық училищелердің жанынан орыс және мұсылман балалары оқитын ер балаларға арнап, оқушы пәтерлерін ашу туралы ереже» күшіне енді.

1884 жылы ол еуропалық дыбыс жүйесі арқылы кітапша ойлап шығарды. Жаңа әдістерді И.Гаспринский терең қарастыра отырып, ол 40 күнде оқушыларды – жазуға, оқуға, сонымен қатар Құранның сүрелерін, арифметика, география және ислам тарихын оқыту мүмкін екендігін дәлелдеді. И.Гаспринскийдің жеңілдетіп оқыту жүйесі, XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басында Ресейдегі түркі халықтары арасында кең танылды. Ол Қазалы, Перовск, Верный, Ташкент, Семей, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Орал, және Қазақстанның басқа қалаларында жүргізілді. Исмаил Гаспринский түркі халықтарының XIX – XX ғасыр басындағы жаңару жолының жаршысы болған қайраткер. Оның білім берудегі озық идеясын империялық саясат, кейін кеңестік идеология пантүркілік қозғалысының өкілі есебінде айыптады. Оның ағартушылық қызметі 1876 жылы отанына оралған соң басталады. Бұл кезде еуропалық мәдениетті бойына сіңірген Исмаилдың жағашылдығы ескі оқу жүйесін ұстанғандарды қатты үрейлендіреді. Ол 1879-1883 жылдары Бақшасарайда қалалық Думасын басқарды. 1881 жылы оның «Русское мусульманство» деген атпен мақаласы жарияланады. Онда ағартушы орыс және Еуропа халықтарына деген өзінің құрмет сезімін жеткізе отырып, түркі халықтарының еуропа білімінен әлі хабарсыз екенін, оны үйренбей, мектеп – медреселерде қолданбай кейін қалғандықтан арылу мүмкін емес екендігін толғанысты сезіммен жеткізе білді. Ол еңбегінде: Болашақта Ресейге мұсылман мемлекеттерінің бірі ретінде болуы, оның ұлы христиандық держава ретіндегі мәнін жоғалтпайды» - деген ойын білдіреді. Жәдидтік оқу жүйесін шығыс халықтары арасында орнықтыру – Исмаил Гаспринскийдің аса зор, халықаралық дәрежедегі игі қызметі. Он бес жылдың ішінде ағартушы жаңа әдіспен Ресей империясында жүз мыңдай баланы оқытты.

Ағартушылық сипатта жүргізілген жәдидтік қозғалыс қоғамдық өмірдегі рухани тоқыраушылықты сынға алып, оны жаңғыртуды көздеді. Жәдидшілдік патша үкіметіне қарсы бағытталды. Түркі халықтарының ерікті әрі өркениетті болуын қалады. Мұсылмандық хадими (ескіше) мектептердегі ғасырлар бойы сақталып келген оқу тәрбие жұмыстарының жүйесін қайта құруды ұсынып, ілгершіл бағы ұстанды. «Жаңа әдістегі» мектеп медреселердің дамуына татарлар ұлттық буржуазиясы ықпал жасады. Олар мешіт шіркеулерге қызметкерлер дайындауға емес, керісінше капиталистік қатынастардың енді енді дамып келе жатқан шағын өнеркісіп және сауда жұмысшыларының пайда болуына, дамуына қызығулық білдірді. Мәселен татар көпестерінің бірі Ахмед-бей Хусаин осындай мақсатпен өз қаржысына Орынборда «жаңа әдістегі медресе» салғызды. «Жаңа әдістегі» мектептердің пайда болуымен, әрине хадими (ескіше) мектептер бірден жабылған жоқ, олар «жаңа әдістегі» мектептермен қатар жұмыс істеді. Осындай жағдай 1917 жылы қазан айына дейін сақталып, кейін барлық мектеп медреселер кеңестік жүйеге көшірілді.

Қазақ даласын да Исмаил бейдің жаңашылдық бастамасын жүзеге асырған «Азия тынысын, түркі әлемін терең білетін» Ахмет Байтұрсынов сынды ғұлама еді. Ол өзі жазған

«Төте жазу әліппесі» арқылы жәдидтік идеяларды насихаттаған «Қазақ» газетін дүниеге әкелді. И. Гаспралы мен А. Байтұрсынның бастамасын Ә. Бөкейхан, М.Шоқай, М.Дулат, Ғ.Қараш, М. Сердалин, М. Жұмабай, М. Әубекір, М. Кәшімов сияқты қазақ ұлтшылдары қолдау көрсетті [6]. 1874 жылы үкіметтің шешімімен оқу – тәрбие ісі мұсылман діни мекемелер құзырынан алынып, отарлық әкімшілік қарауына берілді. Патша үкіметінің арнайы шешімімен жергілікті әкімшіліктің рұқсатынсыз ауылдық мұсылман мектептері мен қалалық мектеп-интернаттарды ашуға қатаң тиым салынды. Қазақ мектептерінің көпшілігі жасырын жұмыс істеді. Жәдидшілікте ең басты орынды ескі мұсылман мектептеріне реформа жасау мәселесі алды. Жәдидтік реформасы – бұл Ислам аясындағы мұсылман мектептерінің қайта жаңғырту бағдарламасы бойынша реформасы болып табылады. Жәдидтердің бағдарламасы мектептер мен медреселерді толықтай жаңартуға емес, керісінше ислам өркениеті мен әлемдік даму тенденцияларынан шыға отырып, мектептер мен медреселердің эволюциялық, кезең – кезеңімен ғылыми реформалауға негізделді.

Жәдидтік мектепті толықтай светтік мектеп ретінде тануға болмайды. Ол негізінен болашақ адамзатқа қатысты өзекті светтік және рухани білімнің синтезінің нақты көрінісі болып табылады. Шариғатты ұстану мен зерттеу мәселесі, араб тілін меңгеру аңызды орынды иеленіп, араб алфавиті қатаң сақталынды. Ресейдегі мұсылман елді мекендерінде ХІХ ғасырдың соңына қарай жәдидтік мектептер бой көтере бастады. Түркістан өлкесінде Остроумовтың көрсетуіне қарағанда алғашқы жәдидтік мектеп Ферғана алқабында 1890 жылы ашылған көрінеді.

Қазақ даласында алғашқы жәдидтік мектептер ХХ ғасыр басында ашылған. Ресей империясының әкімшілігі мұсылмандық мектептердегі «жаңа әдістегі» мектептерге қатысты ой пікірлерді құптамады. Себебі мұсылмандардың дәстүрлі оқу жүйесіндегі жаңашылдық идеясын құптамады. Бұл мектептерде қолданысқа ие болған жағдайда империяға бағынышты халыққа өзінің орыстандыру саясатын жүзеге асыра алмайтынын алға тартты. Сол себепті ХХ ғ. басында жаңа жәдидтік қозғалыстың басында тұрған зиялыларды қуғындап, өзінің империялық күштеу саясатын одан әрі қарай белсенді жүргізуге кірісті. Осылайша ХХ ғ. басында қазақ халықының дәстүрлі білім беру жүйесін негіздеген мектептер, медреселер уақыт өте келе өз маңыздылығын жойды.

Сырдария облысының халық училищелерінің директоры С.Граменицкий 1907 жылы 1 қарашадағы комиссияға өзгелердің білімі туралы оқыған баяндамасында Ильминскийдің Н.И. өзгелердің мектебіне - мұсылмандарға арналған жүйесі туралы сұрақты көтерген еді. Бұл жүйенің негізі «өзге - христиан балалардың оқытылуы орыс транскрипциясын сақтай отырып, өз тілінде жүргізілуін қамтамасыз етуі. 11-15 «Ереже» бұны Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығыс өзгелер училищелерінде қолданылуына қатысты. «Өзгелердің балалары араб әліпбиін білмеу керек және осы әліпбимен жазылған кітаптарды оқуға болмайды, олардың мазмұны діни-мұсылмандық, сондықтан да училищелерде тек орысша әліпби енгізілген». Бұл жерден сол кезеңде ашылған халық училищелердің басты мақсатын көруімізге болады. Онда орыс әліпбиін алға тарта отырып, исламдық негізде құрылған білім беру жүйесін толықтай шектеуге барынша тырысқандығын айтуымызға болады. Зерттеп отырған негізгі мәселемізге қатысты Түркістан өлкесін басқарған әкімшілік аппараттың білім деңгейінің көрсеткішін келесідей кесте арқылы көрсетуімізге болады:

Кесте 1 – Түркістан генерал-губернаторлығының әскери әкімшілігі қызметкерлерінің білім деңгейі [7].

Білім деңгейі	Жоғары	Орта	Төмен	Үйдегі	Білімсіздер
1870 жыл	8	12	10	4	-
1902 жыл	7	8	14	4	1
1916 жыл	12	30	8	6	-

Кестеге қарап, олардың көпшілігінің білімі орта және төменгі деңгейде болғанын көруге болады. Бұл кестеден әкімшілік аппаратта білімсіздердің болғандығын көре аламыз. Сонымен қатар Жоғары білімді азаматтардың аздығы қазақ өлкесін білім деңгейі төмен әкімшілік аппаратының құзырында болды деген қорытынды жасауымызға болады.

XIX ғ. аяғындағы Жетісу облысының жергілікті халқына білім беру үрдісінің көрсету үшін аталмыш облыстың құрамына кірген Сергиополь уезіндегі оқу орындарына қатысты мынадай мәліметтерді көреміз, Түркістан өлкесінің облыстарында оқитын училищелерде ерлерге қарағанда әйелдер саны аз. Білім беру орындарының жағдайы туралы мәліметті көрсете отырып, патшалық әкімшіліктің училищелерді дамытуға ерекше назар қойғандығын білеміз. Дегенмен бұның барлығы әкімшілік тарапынан арнайы ұйымдастырылған. Себебі орыс тілінде білім беретін мұндай оқу орындары арқылы орыстандыру саясатын күшейткісі келді.

Сонымен, қорыта келгенде қазақ халқында ағартушылық саланың дамуына өз үлесін әрине де Ресей билігі қосты. Ол да жүргізіліп отырған саясаттың бір бөлігі еді. Олар қазақ халқына білімді орыс тілінде берді. Ал ол дегеніміз жергілікті қазақ халқының тілге бейімделіп, соның негізінде Түркістан өлкесінде орыстандыру саясатын жүргізу болды. Түркістан өлкесіндегі мектептердің алғашында өкіметке пайдалы тілмаш дайындау, сауат ашу мақсатында ашылғанын мәлімдесек, уақыт өте келе отаршыл өкімет бұл оқу ордаларының қазақ халқын орыстандыру мен шоқындырудағы негізгі құрал екендігіне көз жеткізуге болады. Патша өкіметі шет аймақтарындағы, оның ішінде Қазақстандағы жерлердің барлығында «орыстандыру» саясатын дәйекті жүргізе бастады. Бұл үшін патша өкіметі әр түрлі амал қолданып, халықтың, жергілікті тұрғындардың сапалық және сандық үлес салмақтарын ескере отырып әрекет жасады [8].

1905 жылы 10 мамыр мен 3 маусым аралығында өткен Шығыс халықтарын оқыту жөніндегі арнайы Кеңес орыс емес халықтардың оқу жүйесінде орыстандыру мақсатын ашық түрде күн тәртібіне қойды. Бұл кеңестің нұсқауымен татар халқынан өзге түркі халықтарының барлығы мектепте алғашқы екі жылын өз тілінде, басқасы түгел орыс тілінде оқытылып, оқулықтар орыс тілінде болу керек қатаң талап қойылды.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді қорытындылай келе, XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басында Ресей әкімшілігі тарапынан ашылған оқу орындар өзінің түпкі мақсаты жағынан орыстандыру саясатын алға тартты. Соған байланысты отарлау саясатына қарсы тұру үшін өлкеде жәдиттік қозғалыстың белең алғандығын айтып өттік. Себебі мұсылман халқының дәстүрлі білім беру жүйесіне үлкен нұқсқа келтіріп, империя әкімшілігі жергілікті халыққа орыс тілінде білім беру арқылы рухани отарлау саясатын алға қойды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды. – Алматы. 1993. – 128 б.
2. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері (Оқу құралы). – Алматы. 1994. – 120 б.
3. Сафаров Г. Колониальная революция. (Опыт Туркестана). – Алматы. 1996. – 272 с.
4. Батырханов Ғ.К. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген миссионерлік саясаты (XIX ғ. II жартысы - XX ғ. басы). Тарих ғыл. докт. дәреже алу автореф. – Алматы. 1997. – 27 б.
5. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.). – Астана. 2004. – 216 б.
6. Ибраев У. Жетісуға қоныс аудару ісінің дағдарысы. (Сенатор К.К.Паленнің тексеру (ревизия) материалдары негізінде) // Қазақ тарихы. – 2005. – № 4. – 56-59 бб.
7. Назарова А. Түркістан губернаторларының әлеуметтік сипаты (1867-1917жж.) // Қазақ тарихы. – 2005. – № 6. – 38-42 бб.
8. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 2008. – 480 б.

ӘОЖ 378.14

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИМПРОВИЗАЦИЯ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ

Капенова А.А., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)

Аханова А.А., «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» БББ 2 курс магистранты

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

akhanova_anar@mail.ru

Қоғам дамуындағы жаңа тенденциялар болашақ педагогты дайындауда жаңа әдіс-тәсілдерді талап етеді. Болашақ педагог заманауи кәсіби модельде шығармашыл тұлға қасиеттеріне ие, білімгерлермен тиімді қарым-қатынас орната алатын өз ісінің білікті маманы, алдағы уақытта өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әрқашан дайын, дамуға әркез ұмтылуы қажет тұлға. Осыған байланысты алға қойылған мақсат – жоғары дәрежеде педагогикалық сұрақтарды шешетін, мұғалім тұлғасын қалыптастырудағы тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіру. Бұл аспектіде педагогикалық импровизацияның мүмкіндіктері толық түсінікті. Егер мұғалімнің қызметі импровизация элементтерінен құралған болса, оны шығармашыл педагог деп атай аламыз. Оқыту мен тәрбиелеу барысында алға қойылған міндеттер үнемі өзгеріп отыратын жағдайларды тез талдап, бағалай білуді, жедел шешімдерді жүзеге асыруға жұмылдыруды талап етеді. Педагогикалық импровизация шығармашылық процестің қажетті сипаттамасына айналып, шығармашылық қызметтің құрамдас бөлігі болып табылады. Яғни, педагогикалық импровизацияны қолдану әдістерінсіз мүмкін емес.

Мақалада болашақ мұғалім үшін оның жұмысындағы педагогикалық импровизациялық қабілеттің тиімділігі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты білім беру процессіне педагогикалық импровизацияны кіріктіру жолдарын қарастырып, тиімді әдістемелік жолдарын көрсету болып табылады. Автор педагогикалық импровизацияның негізгі артықшылықтары мен кездесуі мүмкін кемшіліктерін талдайды. Мұндай жұмыс мұғалімнің қарым-қатынас іс-әрекетінің сапасын арттыруға, білім алушыларды білім алуға ынталандыруға және оқу процессін қызықты етіп жүргізуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесі ретінде педагогикалық импровизациялық қабілетті қалыптастыруға студенттерге әдістемелік ұсыныстар көрсетілген.

Тірек сөздер: импровизациялық қабілет; педагогикалық импровизация; педагогикалық импровизация функциялары; шығармашылық тәуелсіздік.

Новые тенденции в развитии общества требуют новых методик и подходов в подготовке будущего педагога. Будущий педагог в современной профессиональной модели должен обладать качествами творческой личности, квалифицированного специалиста своего дела, способного эффективно общаться с обучающимися, всегда быть готовым к дальнейшему саморазвитию и самосовершенствованию. В связи с этим поставленная цель - поиск эффективных методов и приемов формирования личности учителя, решающих педагогические вопросы на высоком уровне. В этом аспекте возможности педагогической импровизации вполне понятны. Если деятельность учителя состоит из элементов импровизации, мы можем назвать его творческим педагогом. Задачи, поставленные в ходе обучения и воспитания требуют умения быстро анализировать и оценивать постоянно меняющиеся ситуации и мобилизоваться на реализацию оперативных решений. Педагогическая импровизация становится необходимой характеристикой творческого процесса и является составной частью творческой деятельности. То есть, педагогическая импровизация становится необходимой частью творческого процесса, элементом творческой деятельности, что невозможно без приемов использования педагогической импровизации.

В статье рассматривается эффективность педагогической импровизационной способности в работе будущего учителя. Целью исследования является рассмотрение путей интеграции педагогической импровизации в образовательный процесс и демонстрация эффективных методических путей. Автор анализирует основные преимущества и возможные недостатки педагогической импровизации. Такая работа позволяет повысить качество коммуникативной деятельности учителя, мотивировать обучающихся к получению знаний и сделать процесс обучения более интересным. В качестве результата исследования представлены методические рекомендации студентам по формированию педагогической импровизационной способности.

Ключевые слова: импровизационная способность; педагогическая импровизация; функции педагогической импровизации; творческая самостоятельность.

New trends in the development of society require new methods and approaches in the preparation of the future teacher. The future teacher in the modern professional model has the qualities of a creative personality, is a qualified specialist in his field who can build effective relationships with students, is always ready for further self-development and self-improvement, and always strives for it. In this regard, the set goal is the search for effective methods and techniques for the formation of the teacher's personality, which solve pedagogical questions to a high degree. In this aspect, the possibilities of pedagogical improvisation are fully understood. Teacher activity if the activity of a teacher is made up of elements of improvisation, we can call it a creative teacher. The tasks set in the course of training and education require the ability to quickly analyze and evaluate constantly changing situations, to mobilize for the implementation of operational decisions. Pedagogical improvisation becomes a necessary characteristic of the creative process and is an integral part of creative activity. That is, it is impossible without the methods of using pedagogical improvisation.

The article discusses the effectiveness of pedagogical improvisational ability in his work for a future teacher. The purpose of the study is to consider ways to integrate pedagogical improvisation into the educational process and demonstrate effective methodological approaches. The author analyzes the main advantages and disadvantages that pedagogical improvisation can face. Such work allows you to improve the quality of communication activities of the teacher, motivate students to acquire knowledge and make the learning process more interesting. As a result of the study, methodological recommendations for students on the formation of pedagogical improvisational abilities are indicated

Keywords: improvisational ability; pedagogical improvisation; functions of pedagogical improvisation; creative independence.

Болашақ мұғалім тұлғасында шығармашылық қабілеттерді дамыту қазіргі жоғарғы мектептің маңызды міндеттерінің бірі. Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру оның кәсіби тұрғысында ғана емес, сонымен қатар жеке қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін, шығармашыл ортада іске асыру маңызды. Бұл тұрғыда оқытудың белсенді педагогикалық әдістері, нақты айтқанда болашақ мұғалімді даярлау процессін тиімді ететін «педагогикалық импровизация» үлкен рөл атқарады. Импровизация, болашақ мұғалімнің алдағы кәсіби қызметіне деген шығармашылық көзқарасын қалыптастырады, оқытушы мен студенттердің жеке, шығармашылық әлеуетін іске асыруға ықпал етеді.

Педагогикалық импровизация педагогикалық қызметтегі сапа көрсеткіші және қарым-қатынас нәтижесі ретінде анықталады. Педагогикалық импровизация оның сапалық құрамдас бөліктерінің жиынтығынан пайда болады. Күтпеген, тосынна пайда болған жағдайды оңтайлы кешу тәсілі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін түсінік. Педагогикалық қызметтегі импровизация функциялары оны тиімді құрал ретінде, әртүрлі дәрежедегі оқыту-тәрбие мәселелерін шешу әдісі ретінде қарастырады. "Барлық педагогикалық міндеттер импровизация арқылы шешілмейді, дегенмен, кейбіреулерін шешу үшін бұл қолайлы болып табылса, ал кейбіреулері үшін бұл міндетті компонент".[1]

Шығармашылықты педагогикалық импровизацияның ядросы ретінде, шығармашылықтың бір түрі және компоненті екендігін ескере отырып, оның функционалды сипаттамаларын бөліп көрсетсек болады. Олар:

Интегративті-шығармашылық функциясы – шығармашылық процестің барлық кезеңдеріне қатысатын, мұғалімнің бір сәтте «шаблоннан тыс немесе белгілі әдістердің жаңа жарасым табуы.

Ұйымдастыру-іске асыру функциясы – болашақ мұғалімнің кәсіби педагогикалық қызметте педагогикалық импровизацияны игеру және қолдануын айта отырып, импровизация білімді өзектендіруге, процестің субъектілерін бірлесіп құруға тартуға мүмкіндік беретін педагогикалық жағдайлардың өзгергіштігінің көп мағыналылығына назар аудару маңызды.

Жеке шығармашылық қызметті белсендіру функциясы – педагогикалық импровизация шығармашылық доминантасы арқылы көрініс табады. Оның маңызды белгілеріне мыналар жатады: шығармашылық қызметке шұғыл қажеттілік, шығармашылыққа дайындық; тақырыпқа тікелей қатысты түрлі шығармашылық идеялардың пайда болуы.

Рефлексивті-позициялау функциясы – сапалы педагогикалық импровизация үшін жеке импровизациялық қабілеттерді анализдеу барысында, импровизацияның белгілі бір түріне таңдау қою, импровизацияның тиімділігі барысында педагогикалық рефлексияның рөлі зор. Яғни, педагогикалық импровизация шығармашылықтың қайнар көзі болып табылады және рефлексия іске асқан барлық импровизациялық-шығармашылық процессте бар болуы қажет. [2]

Интегративті-эвристикалық функция – оқыту барысында болашақ мұғалім тәжірибе мен білімнің интеграциясы болатын қызметке қатысады, түрлі сезімдер, қиял, логика, есте сақтау; эвристика компоненті шығармашылықтың тууына мүмкіндік береді, шығармашылық интуицияның жіне өзіндік жұмыстың пайда болуына алып келеді.

Импровизациялық-шығармашылық дербестікке дайындаудағы педагогикалық жәрдемдесу функциясы - идеяны түсіну, интуитивті және логикалық, күтпеген интуитивті идеяны анықтау, оны жүзеге асыру жолын таңдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл аспектідегі педагогикалық іс-әрекет ретінде қиял мен түйсікке бағытталған; шығармашылық шабыт пен әл-ауқат-тың жай-күйін талап ету; қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру; көпшілік алдында іске асыру қабілетін қалыптастыру; "экспромттан жоспарланғанға өту" қабілетін дамыту.[3]

Педагогикалық импровизацияның аталған функциялары ықпал етеді: болашақ мұғалімдердің шығармашылығын дамытуға; педагогикалық өзара іс-қимылды оңтайландыруға; қиын жағдайлардан барабар шығу жолын табуда құзыреттерді қалыптастыруға; оқушыларға шығармашылық, эмоционалды білім беру дағдыларын қалыптастыру; студенттердің қызығушылығы мен шығармашылыққа деген ұмтылысын ынталандыру; дербестік және педагогикалық импровизацияны қолдану.[4]

Педагогикалық импровизацияны шығармашылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастыра отырып, болашақ мұғалімдерді импровизациялық қызметке белсенді итермелеу және үйрету қажет деп санаймын. Оны мынадай форматта іске асыруға болады:

- *Педагогикалық жағдайларды театрландыру және оларды шешу әдістері.* Әдістің негізгі мақсаты педагогикалық импровизацияны қолдана отырып театрланған көрініс ойлап табу, мысалы сабақ процессін көрсету, шығармашылық атмосферасын тудыру.

- *Педагогикалық рөл ауыстыру әдістері.* Студенттерге бала және ата-ана рөліне ауысып, түрлі сұрақтарды шешу.

- *Импровизациялық-педагогикалық этюд дайындау.* Аталмыш формат негізінде импровизация болады, мазмұны бар шығармаларды шығармашылық іске асырумен байланысты негізгі ойды көрсететін эскиз жасау, оны негіздеуді және құрылған этюдтің педагогикалық ниетін ашу.

- *Пролонгациялаудың импровизациялық-шығармашылық әдістеру.* Әдістің негізгі мақсаты – сюжетті «ары қарай не болды?» сұрағы арқылы жалғастыру.

• Педагогикалық сюжетке кескіндеменің импровизациялық проекциялау әдістері. Студент белгілі бір шығарманы дайын құралдар арқылы көрсетіп, негізгі педагогикалық ойын жеткізуі қажет.

Болашақ мұғалімдерді дайындау барысында педагогикалық импровизацияны пайдалану студенттерде тәуелсіз шығармашылықты қалыптастыру және дамыту (эмоциямен бөлісу, тұлға динамизмі, рөлге кіру қабілеті, жылдам реакция, аңғарымпаздылық, педагогикалық рефлексия), шығармашылық белсенділікті дамытуға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, болашақ мұғалімдерде педагогикалық импровизация қабілетін дамытудың маңызы зор. Себебі жас маман жұмыс барысында стандартты емес шешім қабылдауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ол үшін дәстүрлі емес ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін арнайы жаттығулар жүйесі орындалуы қажет. Болашақ мұғалім өз қызметіне педагогикалық импровизацияны енгізу процесінде қиындықтарға тап болады. Сірә, бұл жеткіліксіз дамыған психофизикалық аппараттың салдары. Басқаша айтқанда, маман жақсы психолог бола алады, оқытылатын пәннің материалын жақсы біле алады және Константин Сергеевич Станиславский айтқандай, "сезінеді, бірақ өзгеге жеткізе алмайды".

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Харькин В.Н. Педагогикалық импровизация: теория және әдістеме / В.Н. Харькин. - М., 2017. - 157 б.
2. Беляева Л.А. Педагогикалық қызметтегі проблеманы түсіну. - Екатеринбург: 2005. - 74 б.
3. Богоявленская Д.Б. Шығармашылыққа апарар жолдар. М.: Знание, 2020. - 96 б.
4. Акимова А.П. «Білім алушыларда тәрбиелеудегі педагогикалық міндеттерді шығармашылық жолмен шешуді қалыптастыру»: 2019: - 27 б.

ӘОЖ 541.124

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН ONLINE ПЛАТФОРМАЛАР МҮМКІНДІКТЕРІ

Кемал С.Қ., студент

Ғылыми жетекшісі: Ерекешева М.

Қ. Жұбанов атындағы АӨУ, Ақтөбе қ.

seriksiko001@gmail.com

Бұл зерттеудің мақсаты - электрондық коммерция мүмкіндіктерін кеңейтетін, органикалық азық-түлік сатып алушыларға арналған online платформалар мүмкіндіктерін талдау. Зерттеу Қазақстандағы шағын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының белсенділігіне баса назар аудара отырып, электрондық коммерцияны іске асыруға арналған әлемдік нарықтағы қолданыстағы мобильді қосымшалар бойынша әдебиеттерге шолу жасайды. Әдебиеттерді шолу және салыстырмалы талдау өнімділік пен тұрақтылықты арттыруға кең қызығушылық тудырды. Мобильді қосымшаны әзірлеу ауылшаруашылық жағдайларын жақсарту және тұтынушылардың үміттерін қанағаттандыру үшін өте маңызды. Бұл азық-түлікті тарату қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар кәсіпкерлікті, ресурстарға қол жетімділікті және шағын фермерлер мен агробизнес үшін қолайлы климатты ынталандыру арқылы әлеуметтік және экономикалық өсуге ықпал етеді.

Тірек сөздер: мобильді қосымша, e-commerce, агроөнеркәсіп, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар.

Цель этого исследования-проанализировать возможности онлайн-платформ для покупателей органических продуктов питания, которые расширяют возможности электронной коммерции. Исследование дает обзор литературы по существующим мобильным

приложениям на мировом рынке для реализации электронной коммерции с акцентом на активность малых сельскохозяйственных предприятий в Казахстане. Обзор литературы и сравнительный анализ вызвали широкий интерес к повышению производительности и устойчивости. Разработка мобильного приложения имеет решающее значение для улучшения условий ведения сельского хозяйства и удовлетворения ожиданий потребителей. Это не только обеспечивает безопасность распределения продуктов питания, но также способствует социальному и экономическому росту, поощряя предпринимательство, доступ к ресурсам и благоприятный климат для мелких фермеров и агробизнеса.

Ключевые слова: мобильное приложение, e-commerce, агропромышленность, информационно-коммуникационные технологии.

The purpose of this study is to analyze the capabilities of online platforms for organic food buyers, expanding the possibilities of e-commerce. The study provides a review of the literature on existing mobile applications in the world market for the implementation of e-commerce, with an emphasis on the activity of small agricultural enterprises in Kazakhstan. A review and comparative analysis of the literature has generated a wide interest in improving productivity and sustainability. Mobile app development is very important to improve agricultural conditions and meet customer expectations. This not only ensures the safety of food distribution, but also promotes social and economic growth by encouraging entrepreneurship, access to resources and a favorable climate for small farmers and agribusiness.

Keywords: mobile application, e-commerce, agro-industry, information and communication technologies.

Кіріспе. Цифрлық экономиканың қарқынды өсуі ақпаратты құру, қол жеткізу, беру және пайдалану процестерін айтарлықтай өзгертті. Электрондық пошта және әлеуметтік медиа сияқты байланыс технологиялары географиялық және уақыттық шектеулерді азайтып, тұтынушылар мен кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндіктер туғызды. Дегенмен, агроазық-түлік өнеркәсібінде мәдени аспектілер, өнім қауіпсіздігі және сапа стандарттары сияқты мәселелер сақталады. Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуға арналған онлайн-платформалардың пайда болуы фермерлер мен кәсіпкерлер үшін өз тауарларын тұтынушыларға тікелей жеткізуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл мақалада Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерін сату үшін онлайн-платформаларды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері зерттеледі, осы бастаманың табысына әсер ететін факторлар қарастырылады. Жергілікті өнімге өсіп келе жатқан сұраныс Қазақстан үшін үлкен маңызға ие, шағын ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін өткізу арналарын кеңейтуге және нарықтағы өз позицияларын нығайтуға жаңа мүмкіндіктер туғызады.[1] Алайда, бұл өсу ауылшаруашылық өндірушілеріне ең тиімді тарату арналарын таңдау және тиісті маркетингтік стратегияларды әзірлеу туралы шешім қабылдауды талап ету арқылы қиындықтар туғызады. Amazon сияқты электрондық коммерция алпауыттарының үстемдігі және өзгертін бөлшек сауда ландшафты онлайн сату үлгілерін қайта бағалауды талап етеді. Жаңа ауылшаруашылық өнімдерін сатуға арналған онлайн платформаларға қызығушылық артып келеді және Amazon сияқты компаниялар осындай өнімдерді сатуға арналған арнайы платформаларды іске қосады.[2][3]. Талдау нәтижесінде нарықтық ландшафт тұтынушылардың мінез-құлқы мен бизнес үлгісіне әсер ететін технологиялардың арқасында тез дамып келе жатқанын атап өткен жөн. Amazon сияқты жаһандық ойыншылар коммерциялық ландшафтқа айтарлықтай әсер ететін электрондық коммерцияның негізгі ойыншыларына айналады.

Әдістер мен материалдар. Ванг өзінің "Органикалық ауылшаруашылық өнімдерінің электрондық коммерция моделін талдау" мақаласында Қытайдағы электрондық коммерция стратегиялары туралы зерттеуі онлайн сату кезінде фермерлер үшін ат сауаттылығының маңыздылығын көрсетеді. Қытайда тұтынушылар күнделікті сатып алу кезінде сезім мен жанасуға сүйенеді, бұл органикалық ауылшаруашылық өнімдерінің электрондық коммерциясын

дамытуды талап етеді. COVID-19 пандемиясы дәстүрлі сатып алулардан онлайн сатып алуға көшуге әкелді, Бұл онлайн сатушыларға әсер етті және онлайн сатып алу жиілігін азайтты.[4] Электрондық коммерция платформасы арқылы кедей фермерлерге мемлекеттік қолдау көрсетілді. Дегенмен, көптеген фермерлерде ат сауаттылығы жоқ, бұл олардың транзакциялары мен тасымалдауына әсер етеді. Вьетнамда фермерлердің сатып алушыларға деген көзқарасы олардың онлайн сауда жасау шешіміне әсер етеді. Жергілікті фермерлер рентабельділік пен сұраныс пен ұсыныс туралы хабардарлықты арттыру үшін органикалық егіншілік әдістеріне назар аударады. Қиындықтарға қарамастан, ауыл шаруашылығындағы электрондық коммерция корпоративтік өсу мен нарықты кеңейту мүмкіндіктерін ашады.[5][6]

Салыстырмалы талдау: ТооТоо және Sui Chang-ауыл шаруашылығындағы табысты электрондық коммерция үлгілері, ТооТоо B2C интернет-дүкені арқылы жаңа піскен көкөністерді сатады. Суй Чанг дәстүрлі жергілікті бизнесті қолдайды және округтердегі электрондық коммерцияны кеңейтеді.[7] Фермерлер шығындарды азайту және дәстүрлі бизнестен көшуді жеделдету арқылы электрондық коммерция кәсіпкерлерінен пайда көреді. Электрондық коммерцияның өсуіне ықпал ету үшін фермерлер сапалы өнім өсіруге және жүйенің қауіпсіздігін арттыруға назар аударуы керек. Үндістан соңғы бес жылда төрт есе өсіп, 2022 жылға қарай 200 миллион доллардан асатын ауылшаруашылық өнімдерін сату үшін мобильді қосымшаларды пайдаланудың жетекші мысалы болып табылады. Қазақстан Мобильді қосымшаларды енгізудің алғашқы сатысында тұр, бұл ретте цифрлық сатылымдардың жалпы көлемі 2022 жылы шамамен 1,2 миллион АҚШ долларын құрайды деп күтілуде.[8]

Талдау және салыстыру: Үндістанда соңғы бес жылда ауыл шаруашылығы өнімдерін электрондық коммерция арқылы сату 120% - ға өсті, ал Қазақстанда өсу шамамен 5% - ға баяулады. Бұл цифрлық агроөнеркәсіптік сауданы дамытудағы олқылыққа байланысты. Үндістанның сәттілігінің негізгі факторлары-agrimarket және Kisan Suvidha сияқты мобильді қосымшалар. Мобильді қосымшаларды пайдаланудағы айырмашылықтар мәдени ерекшеліктермен, технологиялық дамумен, Интернетке қол жетімділікпен, мемлекеттік қолдаумен, ережелермен және қауіпсіздікпен түсіндірілуі мүмкін. Америка Құрама Штаттарында агробизнестегі мобильді қосымшалар қарқынды дамып келеді, ал Қазақстан Мобильді қосымшаларды енгізудің алғашқы сатысында тұр.[9][10]


Нәтижелер мен талқылаулар. AgroTech Kazakhstan ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) өзінің ауыл шаруашылығы секторына сәтті интеграциялады, бұл өнімді сатуды жақсартуға және тұтынушылармен қарым-қатынасты нығайтуға әкелді. Акт интеграциясын бағалаған зерттеу мүмкін болатын 5-тен 4,6 балл жинады, бұл цифрлық технологияның айтарлықтай енгізілгенін көрсетеді. Қызметкерлердің 88% - ы жұмыс процестерін оңтайландырудағы АКТ рөлін мойындады, ал 82% - ы автоматтандыруға қанағаттанғанын білдірді. Қызметкерлердің 74% - ы AGROTECH Kazakhstan рентабельділігіне АКТ-ның оң әсерін мойындады. Тұтынушылар мен серіктестер сонымен қатар ұйымның электрондық коммерция саласындағы бастамаларының пайдалылығы мен тартымды сипатын атап өтті, олардың 83% - ы AGROTECH Kazakhstan Электрондық коммерция платформасы ұсынатын қызмет көрсету сапасына қанағаттанды. Зерттеу цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға ұмтылатын кәсіпорындарға құнды ақпарат бере отырып, Қазақстанның агроазық-түлік секторында бәсекеге қабілеттілік пен табыстылықты арттыру үшін АКТ маңыздылығын атап көрсетеді. Құралдың кронбахының Альфа мәні 0,7-ден асады, бұл оның сенімділігін көрсетеді.

Кесте 1 – Альфа Кронбах коэффициенті

Индикатор (Альфа элементі)	Позициялар саны (атаулар)	Коэффициент (контсрукт)
Интернеттегі сату жиілігі (FOS)	4	0,75
IT сауаттылық деңгейі (ITL)	4	0,72
Фермерлердің онлайн-сатудан түскен пайдасы (PR)	6	0,68
Органикалық егіншілікке қатынасы (AT)	4	0,69

Қазақстанда жүргізілген сауалнама көрсеткендей, 90% - ы смартфондарға ие болса да, тек 7% - ы көкөністер мен жемістерді сатуға және сатып алуға арналған мобильді қосымшалар туралы біледі. Бұл ақпараттық науқан жүргізу және пайдаланушыларды оқыту қажеттілігін көрсетеді


What restrictions or concerns do you have regarding the use of mobile apps for buying vegetables and fruits?



Сурет 1 – мобильді қосымшаны пайдаланбау себептері туралы сауалнама

Зерттеу өнімнің сапасы, деректер қауіпсіздігі, төлем, сатушы туралы ақпарат және мобильді қосымшаның әлеуетті пайдаланушылары үшін қосымшаның ыңғайлылығы сияқты мәселелерді қамтиды. Қолданбаларды сәтті әзірлеу осы мәселелерді шешуді және өнімнің сапасын, пайдаланушы интерфейсін, сатушы туралы ақпаратты және қауіпсіз онлайн төлемдерді қамтамасыз ету үшін білім беру науқандарын жүргізуді талап етеді.

RESPONDENTS' EXPECTATIONS FROM THE APP



Сурет 2 – Респонденттердің қосымшадан күтуі

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніне фермерлердің тұтынушылармен тікелей байланысы үшін баға белгілеу мен өнім сапасына әсер ететін делдалдарды жоятын цифрлық платформа қажет. Қытайдағы сәтті модельдерден шабыттанған B2C сандық платформасы, мүмкін мобильді қосымша, фермерлерге делдалдарды айналып өтіп, өз өнімдерін тікелей тұтынушыларға сатуға мүмкіндік беруге бағытталған. Жүйе егін жинаудан кейінгі шығындардың алдын алады және қала тұтынушыларына қолжетімді бағамен жаңа өнімдерді ұсынады. Ауылдық жерлердегі технологиялық алшақтыққа қарамастан, фермерлердің 78% - ы мобильді қосымшаға қызығушылық танытып, білім беру бағдарламаларының қажеттілігін көрсетеді. Бірегей тәсілдің негізгі аспектілеріне егін жинаудан кейінгі шығындарды жою, жергілікті инфрақұрылымды біріктіру және қарапайымдылық кіреді. Жаһандық зерттеулермен салыстырғанда бұл жұмыс Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы үшін перспективалы болып табылады.

Қорытынды. Цифрлық технологиялардың дамуы ауыл шаруашылығы саласында OnLine платформалардың пайда болуына әкелді. Жоғары жылдамдықты Интернетке қол жетімділіктің әсерінен болатын өндірістік процестер мен тұтынушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер бейімделуді қажет етеді. Зерттеу жергілікті ауылшаруашылық бірлестіктерінің өсуіне баса назар аударады, сонымен қатар өнімді физикалық бақылаудың болмауы және байланыс уақытының шектеулері сияқты мәселелерді көрсетеді. Шағын азық-түлік өндірушілері өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру үшін тарату арналарын стратегиялық бағыттауы керек. Цифрлық революция жергілікті және жаһандық ықпалмен ұштастыра отырып, Қазақстанның ауыл шаруашылығы үшін серпінді болашақ ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ден Хенгст М., Саул Х. г. ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ұйымаралық үйлестіруге әсері: теориялық ұсыныстар / / ақпарат туралы ғылым. – 2001. - ТОМ. 4. - Б. 129.
2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 21 банк жұмыс істейді, оның 12-сі шетел қатысатын банктер, оның ішінде 8 Екінші деңгейдегі еншілес банктер, 100-ден 2 % банк мемлекеттің қатысуымен. Активтер және несие портфельі. 2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша ҚР Екінші деңгейдегі банктерінің активтері 44 843,1 млрд. теңгені құрады (2023 жылдың басы – 44 562,3 млрд.теңге), 2023 жылдың басынан бастап өсім – 0,6%. Активтер құрылымында ең үлкен үлес (жиынтық активтердің 53,9%) 1 несие портфельін алады(негізгі борыш) сомасы 25 169,2 млрд. теңге (2023 жылдың басына – 24 254,7 млрд. теңге), ұлғаюымен 2023 жылдың басынан-3,8%. 2020 жылғы несие портфельінің көрсеткішіне несие портфельінің өсуі –59,4%. Занды тұлғаларға берілетін қарыздар несие портфельінің 17,1% үлесімен 4 305,2 млрд. теңгені құрайды (2023 жылдың басы-4 354,0 млрд. теңге немесе несие портфельінің 18,0%), 2023 жылдың басынан бастап азайды 1,1%. Жеке тұлғаларға берілетін қарыздар несие портфельінің 54,9% үлесімен 13 829,0 млрд. теңгені құрайды (2023 жылдың басы-13 182,5 млрд. теңге немесе несие портфельінің 54,4%), 2023 жылдың басынан бастап ұлғайту 4,9%. Тұтынушылық қарыздар несие портфельінің 32,1% үлесімен 8 091,7 млрд. теңгені құрайды (басында 2023 жылы-7 686,8 млрд. теңге немесе несие портфельінің 31,7%), 2023 жылдың басынан бастап ұлғайту жыл – 5,3%. ШОБ қарыздары несие портфельінің 26,6% үлесімен 6 703,7 млрд. теңгені құрайды (2023 жылдың басына 6380,5 млрд. теңге немесе несие портфельінің 27,3%), 2023 жылдың басынан бастап ұлғайту жыл – 5,1%. Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 1720,5 млрд. теңгені немесе несие портфельінің 6,8% - ы құрайды(2023 жылдың басында-1 348,0 млрд. теңге немесе несие портфельінің 5,6%). NPL-жұмыс істемейтін қарыздар (мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын) 889,3 млрд.теңге немесе несие портфельінің 3,53% (2023 жылдың басына – 814,6 млрд. теңге немесе несие портфельінің 3,36% портфолио).

Несие портфельі бойынша провизиялар 1 743,9 млрд. теңге немесе несие портфельінің 6,9% мөлшерінде қалыптасты портфельдің (2023 жылдың басына – 1 639,2 млрд. теңге немесе несие портфельінің 6,8%.

Міндеттемелер мен салымдар. ҚР Екінші деңгейдегі банктерінің міндеттемелері 38 954,4 млрд. теңгені құрайды (2023 жылдың басында-39 334,6 млрд. теңге), 2023 жылдың басынан бастап төмендеу-1,0%. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелерінде ең үлкен үлесті клиенттердің салымдары алады-79,6%. ҚР Екінші деңгейдегі банктерінің ҚР 2 Резидент .стері 3 405,2 млрд.теңгені немесе жиынтық міндеттемелердің 8,7% - құрады.

Клиенттердің салымдары 31 016,0 млрд. теңгені немесе жиынтық міндеттемелердің 79,6% - ы на құрайды (басында 2023 жылы 31 598,5 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 80,3%), 2023 жылдың басынан бастап төмендету – 1,8%. Занды тұлғалардың салымдары 13 783,6 млрд. теңгені немесе клиенттердің салымдарының 44,4% - ы на құрайды (басында 2023 жылы 14 677,2 млрд. теңге немесе клиенттердің салымдарының 46,4% – ы), 2023 жылдың басынан бастап-6,1% - ы азайды. Занды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жыл басындағы 39,9% - дан 36,5% - ға дейін төмендеді есепті күн.

Жеке тұлғалардың салымдары 17 232,4 млрд. теңгені немесе клиенттердің салымдарының 55,6% - на құрайды (2023 жылдың басына жыл – 16 921,3 млрд. теңге немесе клиенттердің салымдарының 53,6%), 2023 жылдың басынан бастап өсім – 1,8%. Үлесі жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдары жыл басындағы 34,0% - дан есептік көрсеткішке 31,8% - ға дейін төмендеді күні.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі. Реттеуші капитал 6 569,3 млрд. теңге мөлшерінде қалыптасты. Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері: k_1 - 19,8%; $k_1 - 2$ - 19,8%; k_2 - 22,7%. Өтімділігі жоғары активтер (орташа айлық мәні) 13 536,4 млрд. теңгені немесе 30,2% - құрады активтер (2023 жылдың басында – 13 454,9 млрд. теңге), 2023 жылдың басынан бастап – 0,6% - ға өсті.

Банк секторының кірістілігі. Банк секторының табысы 694,6 млрд. теңгені құрады. Таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA) – 4,26% (ұқсас күнге 3,51%) құрады өткен жылы); Баланс бойынша таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE) – 34,77% (28,68% өткен жылдың күні).

Макроэкономикалық көрсеткіштер. ЖІӨ-дегі банк секторы активтерінің үлесі 37,2% құрайды; ЖІӨ-дегі несиелік портфелінің үлесі-20,9%; Клиенттердің ЖІӨ-дегі салымдарының үлесі-25,7%.

Банк секторының шоғырлануы. ЕДБ активтеріндегі 5 ірі банктің үлесі – 66,7% құрады; Жиынтық несиелік портфеліндегі 5 ірі банктің үлесі-73,5%; Клиенттердің жиынтық салымдарындағы 5 ірі банктің үлесі 70,7%.

Қорытынды. Банк секторын шолу және коммерциялық банктер қызметінің сапасын сипаттайтын көрсеткіштерді талдау нәтижелері бойынша келешекке мынадай қорытындылар мен болжамдар жасауға болады:

1. Банк секторының жағдайы соңғы бес жылда тез нашарлап келеді, банктер саны азайып келеді, мемлекеттік сауықтыру және мәжбүрлеп біріктіру бағдарламалары жұмыс істемейді. Қазақстандағы банк секторы қорландырудың жалғыз негізгі көзі болып табылады және банктердің жай-күйінің нашарлауы нақты сектордағы белсенділіктің төмендеуіне әкеледі.

Банктердің қазіргі даму үрдісін ескере отырып, перспективада банк секторын бір немесе одан да көп жүйе құраушы банктер және оннан аспайтын банктер ұсынатын болады.

2. Несиелік портфелінің сапа көрсеткіші, NPL жұмыс істемейтін кредиттерінің деңгейі өсуде және қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, салауатты портфельдің уытты портфельмен бірігуі көңіл көншітпейтін нәтижелерге әкеледі. Ерте әрекет ету шараларын күшейту және банктер портфеліндегі улы несиелерді ерте жою қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Статистика Национального Банка РК [Электронный ресурс] URL: <http://www.nationalbank.kz>
2. Аналитическая служба Рейтингового Агентства РФЦА [Электронный ресурс] URL: <http://rfcaratings.kz/>
3. База данных рейтингового агентства Fitch Ratings
4. Johannes Ledolter Data mining and business analytics with R.
5. Святлов С.А. «Системообразующие банки в банковском секторе: тенденции развития и механизм регулирования», Налоги и Финансы
6. Financial times. "G20 to press ahead with plans for two tier bank risk rating, Financial Times
7. Financial Stability Board. "Update of group of global systemically important banks (G-SIBs) "Domestic systemically important banks in Australia. Australian Prudential Regulation Authority
9. "Designation of Domestic Systemically Important Authorized Institutions (D-SIBs)" (PDF). Hong Kong Monetary Authority. 10. Ranking.kz URL: <https://ranking.kz>

ӘОЖ 9(571) 333.16

Е.БЕКМАХАНОВТЫҢ «ҚАЗАҚСТАН ХІХ ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЫЛДАРЫНДА» ЕҢБЕГІНІҢ ҚУДАЛАНУЫ

Макулбай М.Б., 2-курс магистранты

І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті, Талдықорған қ.

mariyam.makulbay00@mail.ru

Мақалада тұңғыш «тарих ғылымының докторы» деген атаққа ие болған қазақ белгілі тарихшы Е.Бекмахановтың іргелі зерттеуі «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» еңбегінің қудалану тарихы қарастырылады.

Тірек сөздер: *буржуазияшыл, ұлтшылдық, ұлт-азаттық, тарих, ғылым.*

В статье рассматривается история гонений на творчество известного казахского историка Э. Бекмаханова, которому было присвоено звание первого «доктора истории», «Казахстан в 20-40-х годах ХІХ века».

Ключевые слова: *буржуазный, националистический, национально-освободительный, история, наука.*

The article examines the history of persecution of the work of the famous Kazakh historian E. Bekmakhanov, who was awarded the title of the first “Doctor of History”, “Kazakhstan in the 20-40s of the 19th century”.

Keywords: *bourgeois, nationalist, national liberation, history, science.*

«Ондаған кітаптар шығарса да, есімі елге елеусіз жандар бар, немесе жалғыз кітаппен жаһанға немесе туған елге кеңінен белгілі болып қана қоймай, үлкен тарихи беделге, асқарлы абыройға қол жеткізген ірі тұлғалар бар. Тарих ерте ме, кеш пе, әркімді еңбегінің санына емес, сапасына қарай, адамзаттың, әсіресе, туған халқының рухани сұранысын өтеу деңгейіне байланысты өзінің лайықты орнына қояды. Бұл – тарихтың ешкімге бас имес, қатал заңы. Уақыттың қайшылықты тезінен өтіп, кезінде коммунистік тоталитарлық жүйе аяусыз «таптап», аяқты етуге күш салғанымен, бүгінгі егемен Қазақстан тарихы шоқтығы биік ірі тарихи еңбек ретінде бағалап отырған «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» деп аталатын іргелі де жеке зерттеу авторы, тарихшы Ермұхан Бекмаханов – осындай азамат» деп белгілі ғалым Т.Омарбеков әділ бағасын берген еді [1]. Бұл пікірге біде қосыламыз. 1952 жылдың 2 қыркүйегінде тұтқынға алынған Е.Бекмаханов осы жылдың 2 желтоқсанда 25 жылға сотталып, ГУЛАГ лагеріне жөнелтірілді. Оған ең алғаш себеп болған «Правда» газетіндегі мақала, Е.Бекмахановтың ресми түрде тікелей саяси айыптаудың басы болды. 1952 жылғы 10 сәуірде Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті осы мақалаға байланысты қаулы алып, оны дұрыс деп бағалап «Е.Бекмахановты буржуазияшыл-ұлтшылдық көзқарасын айыптады» делінеді [2].

Тарих ғылымында күні бүгінге дейін қазақстандық ғалымдардың Е.Бекмахановтың "Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында" атты монографиясын талқылаудағы көзқарастарын терең де жан-жақты талдау толық қолға алына қойған жоқ. Рас, бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалды. Л.Гуревичтің [3], И.Қозыбаевтың [4] және К.Нұрпейістің [5] зерттеулері осы бағыттағы алғашқы қадамдар. Алайда, қазақстандық зерттеушілердің ұстанған бағытының әр түрлілігі және олардың пікірлерінің саналуандығы сол жылдардағы Қазақстан тарихының ғылыми-методологиялық деңгейінен ғана емес, сонымен қатар зерттеушілердің интеллектуалдық, адамгершілік және әдептілік сапаларынан да жан-жақты хабардар ете алады.

Бір тәуір жері, бұл мәселеге байланысты айтыс-тартыстың стенограммасы архивімізде сақталып қалған. Ал бұл мәселені жан-жақты талдауға толық мүмкіншілік береді.

1948 жылы шілде айында Қазақстан Ғылым Академиясында болған бес күнге созылған бұл айтыс-тартысқа (14-17, 19 шілде) қатысушыларды осы мәселені зерттеуші К.Нұрпейіс үш топқа бөлген еді. Алғашқы топ-Е.Бекмахановтың ашық қарсыластары - Т.Шойынбаев, С.Толыбеков, Х.Айдарова, М.Жизневский, Б.Сулейменов, А.Нұрқанов, М.Ақынжанов және т.б. Екінші топ-Е.Бекмахановтың еңбегін жақтаушылар-И.Будовниц, А.Жиреншин, Е.Ділімұхамедов. Үшінші топ-Е.Бекмахановтың еңбегіне объективті ғылыми талдау жасауға тырысушылар. Олар А.Нүсіпбеков, Т.Елеуов, Х.Әділгереев, Б.Аспандияров, Т.Күлтелеев және т.б. [5]. Мұндай топтарға жіктелу Е.Бекмахановтың айтыстағы қорытынды сөзінен де аңғарылады. Е.Бекмахановтың қарсыластарының пікірлері оны жақтайтындардың пікірлері тәрізді өзара ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктермен ерекшеленеді. Ғылыми талдаудан гөрі жеке бастың көре алмаушылығына немесе ашық жаулық көзқарасқа бой алдырғандар да болды. Сонымен қатар Е.Бекмахановтың қарсыластары арасында өзінің ғылыми деңгейінің төмендігімен ерекшеленіп, тақырыптан ауытқығандар да кездесті. Мәселеге объективті баға беру үшін біздің ойымызша, тарихшы Е.Бекмахановтың осы айтыста сөйлеген қорытынды сөзін басшылыққа алған жөн. Мұнда Е.Бекмаханов "шындық айтыста туады" деген әйгілі мақалды басшылыққа алып, өзінің қарапайым еңбегіне байланысты пікірталастар қазақстандық зерттеушілерге, әсіресе оның өзіне аса пайдалы деген қорытындыға келді[6].

Е.Бекмахановты жақтаушылар арасында әсіресе А.Нүсіпбековтың пікірі өзінің аса батылдығымен ерекшеленгенін атап айтқан жөн. Ол ашықтан ашық Е.Бекмахановтың еңбегін «саяси зиянды» деп бағалаған Шойынбаевқа, Жизневскийге, Айдароваға және Толыбековке қарсы шығып, "мұндайға дейін бізге белгілі болған барлық дәлелдер мен фактілер қозғалыстың қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы болғанын айтады, ал фактілерге қарсы дауласудың қажеті жоқ, - деген еді. Кенесары қозғалысы бұқаралық сипат алды ма? — деген сауалға да Ақай Нүсіпбеков ағамыз үзілді-кесілді айқын жауап беріп, "ия, мен бұл қозғалыс бұқаралық қозғалыс болды, оған қазақ халқының барлық қабаты қатысты, - деп атап көрсетемін. Өйткені Кенесары Қасымовтың соңынан халық ілесті, өйткені бұл қозғалыс барлық қазақ жүздерін қамтыды", - деп Е.Бекмахановтың қарсыластарына "бетің бар, жүзің бар" демей, ашық қарсыласты[1, 329 б.].

Қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының кандидаты, кезінде Қазан қаласындағы жоғары оқу орнын тәмамдаған Халел Әділгереевтің пікірі терең ғылымилығымен ерекшеленген еді. Айта кеткен жөн, соңғы мәселеде Е.Бекмахановтың өзі былай деген еді: «Қырғыздарға байланысты менің жұмысымдағы осал тұс, мен Ұлы жүз қазақтарының қырғыз халқымен қарым-қатынастарын жеткілікті дәрежеде айқындай алмадым: Бұл халықтардың көрші болып қана қоймай, жайлаулары да ортақ болғаны, сыртқы жауларға қарсы ғасырлар бойы бірігіп күрескені белгілі. Бұл қырғыз елі қазақ әндерін, ал Ұлы жүзде Манас жырын шырқаған уақыт еді. Ал ең бастысы бұл халықтар Қоқан ханының қанауын бірдей деңгейде сезінді. Кенесары қырғыз манаптарына хат жазған кезде ол әрине, бұл жағдайды ескерді». Біздің ойымызша, Е.Бекмахановтың айтыс барысындағы осы мәселелер төңірегіндегі пікірлерін бүгінгі тарих ғылымында ескеру тарихи шындыққа апаратын басты жол болып табылады. Тарихшылардың бүгінгі ұрпағы мұны ескерулері керек.

Е.Бекмахановты сынаушылар арасында асыра сілтеулерге барып, оның еңбегінде айтылмаған нәрселерді оған күштеп танушылар да болды. Мысалы, С.Покровский оны Кенесарыны революционер көсем ретінде көрсетпек болды десе, ал Шахматов оны Кенесарыны халықтың мұң-мұқтажын жоқтаушы ретінде бейнеледі деп айыптады. Мұндай тұспалдауларға Е.Бекмаханов айтыс барысында нақты тойтарыс берді. Бек Сүлейменов болса, Е.Бекмахановты билер мен сұлтандардың аузынан шыққан деректерді, Алашорда көсемі Ә.Бекмахановтың еңбегін пайдаланды деп айыптады. Оған Е.Бекмаханов біз сонда құнды тарихи құжатты жасырын түрде, деректердің атын атамай беруіміз керек пе?", - деп наразылық білдірді [1,233 б.].

Сәрсен Аманжолов пен Бек Сүлейменов Е.Бекмахановтың қазақтан шыққан алғашқы тарих ғылымдарының докторы болып табылатынына ашықтан-ашық көре алмаушылық танытты. Олар оның докторлық еңбегін екі ғана қосымша тараулар қосылған кандидаттық диссертациясының жалғасы деуге дейін барды. Шын мәнінде Е.Бекмахановтың кандидаттық диссертациясы не бәрі 160 беттен ғана тұрған болса, ал докторлық диссертациясы 800 беттен асып түсетін. Осындай, көлемдік тұрғыдан салыстырудың өзі-ақ жабылған жаланың мүлде қисынсыздығын дәлелдеп беретін еді.

1946-1947 жылдары Қазақстан Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институты директорының орынбасары қызметін атқарған Е.Бекмаханов «Большевик Казахстана» журналының 1947 жылғы №9 санында Қазақстандағы тарих ғылымының жағдайы және міндеттері жайлы көлемді мақала жариялады. Аталған мақалада 1943 жылы КСРО Ғылым академиясы Тарих институтының Алматы тобы, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының және Марко Энгельс-Ленин институтының қазақ филиалы ғылыми қызметкерлері бірігіп құрастырған (редакциясын басқарған М.Әбдіқалықов пен А.Панкратова) ұжымдық еңбек «Қазақ ССР тарихы» туралы пікір білдірген. Қазақстандағы тарих ғылымының өткені мен бүгінін саралап салмақтауға арналған Е.Бекмаханов мақаласы баспасөз бетінде жариялана салысымен сынға алынды. «Культура и жизнь» газетінің 1947 жылғы 20 желтоқсандағы №35 санында, «Большевик Казахстана» журналының 1948 жылғы №1 санында А.Лихолат деген біреудің «Путаная статья о задачах исторической науки» деген мақаласы жарияланды. Мақала авторы Е.Бекмаханов мақаласындағы ұтымды пікірлерге мән бергісі келмей, тек автордың өзі қате деп тапқан мәселелерге тоқталғанын айта кеткен жөн. Е.Бекмаханов мақаласында тарих ғылымы мәселелері терең талданған, біз мерзімді басылымдарда сынға алынған тұстарына тоқталамыз [7].

Мақала сыны 1943 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» кітабынан басталған. 1945 жылы «Большевик» журналының №6 санында кітап авторларының зиянды методологиялық қателіктері, қазақ халқы тарихын бұрмалап жазуға жол бергені үшін сыналған, соған қарамастан, мақала авторы Е.Бекмаханов «О состоянии к задачам исторической науки в Казахстане» деген мақаласында кітаптың құндылығын, бүгінгі күні ғылыми қызығушылыққа ие болып отырғандығын дәлелдеуге тырысқандығы айтылған. Е.Бекмаханов өз мақаласында "Қазақ ССР тарихы" кітабының жағымды жақтарын жазумен қатар, алғашқы басылымында Қазақстан тарихын кезеңдеуде кеткен кемшіліктердің де орынды сыналғанын айтты. Кітаптың алғашқы басылымында: Қазақстан халықтары тәуелсіздік кезеңінде (көне дәуірден - XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін); Қазақстан - отар (XIX ғасырдың 60-жылдарынан - Қазан социалистік революциясына дейін) деп кезеңделген болатын, оған авторлар ұжымы түзетулер енгізгеннен кейін алты кезеңге бөлінді: Қазақстан территориясындағы алғашқы қауымдық құрылыс; Қазақстан территориясындағы ежелгі тайпалық одақтар; Феодализмге дейінгі варварлық мемлекет; Қазақстанда феодалдық қатынастардың дамуы, алғашқы феодалдық мемлекеттер; XVIII ғасырдың екінші жартысынан - XIX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі кезең, феодалдық-отаршылдық езгі жүйесінің қалыптасуы; XIX ғасырдың екінші жартысынан - Ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Кеңестік Қазақстан тарихы мәселесінде «қателіктер, ұлтшылдық бұрмалаушылықтар» жіберіліп жүр деген партия сыны ескерілді. Е.Бекмаханов аталған кезең тарихынан әлі бірде-бір монография жазылмағандықтан, кеңестік кезең тарихын жүйелі зерттеу барысында бұл мәселеде өзгерістер болу мүмкіндігі ескеріліп кезеңдеуді алғашқы нұсқасында қалдыруды ұсынды. Е.Бекмаханов өз мақаласында Кеңес-Герман соғысы жылдары мұрағат материалдарының басым көпшілігін алғаш ғылыми айналымға енгізе отырып жазған М.Вяткиннің Сырым батырға арналған, Б.Сүлейменовтың Қазақстандағы 1867-1868 жылдардағы реформалар туралы, Апполованың Қазақстанның Ресейге қосылу тарихы жайлы, Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметін тұңғыш зерттеген Х.Айдарова еңбегі және Е.Бекмаханов өзінің XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді зерттеуге арналған «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында», С.Н.Покровскийдің «Исследование о гражданской войне в Семиречье», В.Ф.Шахматовтың

«Внутренняя букеевская орда и восстание Исатая Тайманова», тағы басқа зерттеулер мен монографиялардың «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымын дайындауда көп жеңілдік келтіргенін ерекше атап көрсеткен. Аталған жұмыстардың барлығы Қазақстан тарихы бойынша біздің білімімізді кеңейтетін дербес ғылыми зерттеу деп бағалаған [7, 147 б.].

Бұдан соң «Большевик Казахстана» журналы редакциясы «Культура и жизнь» газеті бетінде (1947 жылғы 20 желтоқсан №35 саны) жарияланған А.Лихолаттың «Путаная статья о задачах исторической науки» деген мақаласы сынының орынды екендігін, журналдың жақындағы сандарының бірінде Қазақстан тарихы ғылымы алдында тұрған міндеттерді көрсетуде кеткен кемшіліктерін түзейтіндігін айтып, уәде берді.

1946 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғаған Е.Бекмаханов, 1947 жылы Алматыдағы Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасынан, жалпы редакциясын М.П.Вяткиннің басқаруымен, «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» монографиясы басылып шықты. Ғалымның осы іргелі еңбегі үш қайтара талқыланды. Алғашқы талқылау Мәскеудегі - КСРО Ғылым академиясының тарих институтында 1948 жылдың 28 ақпанында болды да, екінші талқылау осы жылдың маусым айында Алматыда Қазақ КСР Ғылым академиясының Төралқасында өтті. Келесі талқылау осы жылдың 14-19 шілдесінде Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтында болды. Осы талқылаулар негізінде 1949 жылы «Вопросы истории» (№4), «Большевик Казахстана» (№9) журналдары мен осы жылдың шілдесінде «Социалистік Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде Қ.Шәріповтің «Қазақстан тарихы марксистікпен баяндалсын» (№9) деген сын мақаласы басылды. «Социалистік Қазақстан» газетінің бір жарым бетіне басылған бұл көлемді мақаладан кейбір үзінділер келтірейік: Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынасындағы өзгерістерді қарастырғанда, Е.Бекмаханов қазақ қоғамының феодалдық қалыпқа көшуімен және соған байланысты қауымдық жердің тартып алынуымен, халық бұқарасын қанаушылықтың күшеюімен қатар тап қайшылықтарының және тап күресінің күшейгенін жеткілікті көрсетпеген. Қазақ халқының тарихы ең алдымен қазақ еңбекшілерінің езушілерге-хандарға, сұлтандарға, билерге, байларға қарсы күресінің тарихы деген идея оның кітабының желісі болып отырмайды Қазақтардың орыстармен қарым-қатынасының езуші халық езілуші халықпен қарым-қатынасы түрінде көрсетуге тырысқан қазақ ұлтшылдарын әшкерелей отырып, тарихшылар Орынбор және Сібір өлкелеріндегі орыс шаруаларының ауыр халін мысалға келтіріп, орыс халқы мен қазақ халқының тағдырының бірлігін және тарихи қалыптасқан достығын көрсетуге тиіс. Е.Бекмахановтың ең үлкен принциптік қатесі 1837-1846 жылдардағы қозғалыстың ішкі тап қайшылықтарын ашып көрсетпеген [7, 148 б.].

Профессор Е.Бекмахановтың «Социалистік Қазақстан» газетінің 1949 жылғы 2 қазандағы санында Қ.Шарипов мақаласына жауабы жарияланды. Ғалым Е.Бекмаханов кітап талқылауынан кейін де қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты бастапқы пікірінде қалды. «Социалистік Қазақстан» газетіндегі «Қазақстан тарихы марксистікпен баяндалсын» деген мақаласында Қ.Шәріповте Қазақ ССР Ғылым Академиясындағы айтыс кезінде кітапты дұрыс сынаумен қатар, жеке жолдастар 1837-1846 жылдардағы қозғалыстың қалың бұқаралық сипатын және оның прогрессивтік маңызын беталды жоққа шығарғысы келді деп жазды.

1949 жылы «Вопросы истории» (№4), «Большевик Казахстана» (№9) журналдары мен «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» сияқты бірнеше партиялық мерзімді басылымдарда қатар басылған Қ.Шәріповтің «Қазақстан тарихы марксистікпен баяндалсын» мақаласына қанағаттанбаған Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якунин 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетіне Кенесары Қасымовтың іс-әрекеті мен жеке тұлғасына сын пікірлер айтқанымен, Шәріпов ол басқарған реакциялық қозғалысты ақтап алғысы келді. Шәріповтің мақаласы қазақ тарихшыларын толғандырған мәселені шешуге көмегін тигізе алмады. Сондықтан, да Бекмахановтың қателіктері кейбір басқа да жұмыстарға кіргізілді 1949 жылы жалпы редакциясын Ю.Омаров пен А.М.Панкратованың

басқаруымен шыққан «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымында да Кенесары қозғалысына дұрыс баға берілмеген деген пікірлері бар сын мақала бастырды. 1951 жылы 10 көкекте Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті осы мақалаға байланысты қаулы алып, оны дұрыс деп бағалап Е. Бекмахановтың буржуазияшыл ұлтшылдық көзқарастарын айыптады. 1951 жылы көктемде Қазақстан кеңес жазушылары одағы жанындағы партия ұйымының ашық жиналысында атты шулы мақала мен ол туралы ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын талқылады. Жиналысқа астанадағы партия- кеңес ұйымдарының өкілдері, жазушылар мен әдебиетшілер, тарихшылар, студенттер қатысты [1, 333 б.].

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселе туралы Қазақстан кеңес жазушылары одағының жауапты хатшысы Қ.Жармағамбетов баяндама жасады. Баяндама бойынша С.Мұқанов, М.Әуезов, Х.Жұмалиев, Ә.Тәжібаев және тағы басқа жазушы - әдебиетшілер жарыс сөзге қатысты. Қазақстан кеңес жазушылары одағы мен өнер істері басқармасының айына бір рет шығатын «Әдебиет және искусство» журналы Кенесары - халықтың жауы деген тақырыппен осы жиналыста айтылған пікірлерді басты. «Правда» газетінің мақаласын қолдап мерзімді басылым бетінде мақала жазған М.Ақынжанов, Е.Бекмаханов, Е.Смаилов, Жиреншиндер Кенесарыны шектен асыра мақтап, бірнеше жыл бойына тарихты бұрмалап келді. Е.Бекмаханов айтыс барысында өзінің ғылыми өресінің, мәдениетінің жоғарылығын көрсете білді. Е.Бекмаханов өзінің соңында әріптестерін тізе қоса, ынтымақтаса еңбек етуге шақырды.

Буржуазияшыл – ұлтшылдықты насихаттады деп айдар тағылған Е.Бекмахановтың көңіл-күйі 1947-1950 жылдарда өте ауыр болды, күн өткен сайын оған тиген моральдық соққының салмағы арта берді. 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде Шойынбаев, Айдарова, Якунин жариялаған «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақалада кітап пен оның авторы тағы да қатты сынға алынды. «Правда дауы» мақаласы Е.Бекмахановты ресми түрде тікелей саяси айыптаудың басы болды. 1951 жылғы 10 сәуірде Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының Орталық Комитеті осы мақалаға байланысты қаулы алып, оны дұрыс деп бағалап, «Е. Бекмахановтың буржуазияшыл-ұлтшылдық көзқарастарын айыптады». Сол жылғы 16-17 қазан күндері өткен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумында оның бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов «Республиканың партия ұйымдарындағы идеологиялық жайы және оны жақсарту шаралары туралы» баяндама жасады. Бұл баяндамаға жоғарыда айтылған «Правда» газетінде жарияланған мақала желі-жүйе болып тартылды. «Правда» газеті, - деді Ж.Шаяхметов өз баяндамасында, - осы мақаланы жариялау арқылы Е. Бекмахановтың ұлтшылдық концепциясын әшкерелеуде Республика партия ұйымына көмектесті. Е.Бекмаханов университеттегі жұмысынан қуылып, 1951 жылы партия қатарынан шығарылды. Ол аз ғана уақыт (бір тоқсан) Алматы облысы, Нарынқол ауданында мектепте тарих пәнінен сабақ берді, көп кешікпей Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Новотройцк селосындағы мектепке мұғалім болып орналасты. Осы жерде 1952 жылы 5 қыркүйекте Е.Бекмаханов тұтқындалды. Екі айға жуық тергеу жұмыстары жүргізіліп, 1952 жылдың 3 қарашасында № 699 іс бойынша Е.Бекмахановты айыптау қорытындысы дайын болды.

Оған «антисоветтік қызметі үшін» деген айып тағылып, мына жәйттер баса көрсетілді: «КСРО-да орнаған саяси құрылысқа қарсы ниетте болған Бекмаханов Ермұқанның өзінің ғылыми қызметкер болған жағдайын пайдаланып. 1942-1952 жылдары антисоветтік жұмыс жүргізгендігі анықталды. Ол Қазақстанның Россияға қосылуының маңызын буржуазияшыл ұлтшылдық тұрғыдан түсіндірді. Өзінің ұлтшылдық концепциясын негіздеуде Бекмаханов реакцияшыл ақындардың және совет халқының қас жаулары-алашордашылардың деректерін пайдаланды. Осымен бірге өзінің таныстарының арасында антисоветтік үгіт жүргізді». Айып қорытындысын Қазақ КСР мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің аға тергеушісі, аға-лейтенант Бучин деген жазып, оны «келісемін» деп қол қойған министрліктің тергеу бөлімінің бастығы подполковник Ішмұрзин бекітті.

Айыптау куәгерлері (свидетели обвинения) ретінде сол кезде аталған министрліктің ішкі түрмесінде отырған Б.Сүлейменов, Е.Ысмайылов, солармен қатар Алматы тұрғындары Ә.Тәкежанов, Ә.Мұхтаров, З.Токтаров, М.Ғұмарова, Т.Елеуов, В.Шахматов, Т.Шойынбаев, А.Нұрқанов, Семейлік Г.Бутлер, Шымкенттен Х.Әділгереев мәлімдемелер берген немесе Е.Бекмахановпен беттестірілген. Жоғарыда келтірілген айыптау негізінде 1952 жылы 2 желтоқсан күні Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі алқасының үкімімен Е.Бекмаханов 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ-тың алыстағы лагерінің біріне айдалды. Е.Бекмахановтың лагерьден тиісті органдарға жазған көптеген арыздарының нәтижесінде, академик, қоғам қайраткері Анна Михайловна Панкратова сияқты қайырымды да қамқор адамдардың тікелей көмек, жәрдемінің арқасында қанқұйлі Берия атылғаннан кейін Е.Бекмахановтың ісі қайта қаралып, 1954 жылы 16 ақпанда оның «қылмысты ісі» жойылып, өзі ақталып шықты.

Ақталып шыққан соң бірер жыл Е.Бекмахановтың жағдайы аса ауыр болды. Алайда, қайсар талант кездескен қиыншылықтарды жеңе білді. Ол өзі тұтқындалғанға дейін бастап қойған «Қазақстанның Россияға қосылуы» атты еңбегін аяқтап, он 1957 жылы Москвадағы «Наука» баспасынан 30 баспа табақ көлемінде жариялады.

Е.Бекмаханов өзінің жемісті еңбегімен, ғылым мен қоғамдағы орнын қайтадан алды. Оған университеттегі өзі 1947 жыл ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1964 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. Өмірінің соңғы он жылы да Е.Бекмаханов өте өнімді еңбек етіп, терең мазмұнды ғылыми шығармалар жазды, орта мектептер үшін Қазақ КСР тарихыны оқулығын шығарды. Ұлағатты ұстаз талантты жастардың ғылым жолындағы тұсауын кесіп, олардың кемелденіп, өсуін қамқорлық жасады.

Қорыта айтқанда, талантты ғалым, ұлағатты ұстаз, қайсар жанды Е.Бекмахановтың өмірі мен оның басты ғылыми мұрасы «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты еңбегінің тағдыры аса қиын да күрделі болды. Е.Бекмаханов жалған жаланың құрбаны болып, түрмелер мен конц-лагерьлердің «тұз-дәмін» татты, оның отбасы моральдық соққыға ұшырап, материалдық қиыншылықтар көрді. Осылардың барлығы Е.Бекмахановтың өмірден ерте кетуіне себепші болды небәрі 51 жасында 1966 жылы 6 мамырда дүниеден өтті. Е.Бекмахановтың Бауыржан Момышұлымен қоштасарда айтқан соңғы сөзі: «Үлгере алмай кетіп барам, кешіріңіз!» болса керек. Ал осыған халық атынан кешірім сұрап, жауап бергендей Баукең былай деп жазыпты: «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, деп боздар сорлы қазақ мен өлгенде». Осы сөзімді Қанышқа, Мұхтарға т.б. арнап жазып едім. Інім едің-сенімен қоштасып, басыңа қойып тұрмын. Жатқан жерің торқа болсын. Әрқашан да есімдесің, бауырым. Жылаушы Б. Момышұлы. 7.V.1966. Алматы» [2, 381б.]. Ұлы тарихшының салған мектебі, асыл идеялары, танымы мол еңбектері бүгінгі жастарға мұра болып мәңгілік қалды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы, 2001. – 404 б.
2. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). – Алматы: «Санат», 1994. – 416 б.
3. Гуревич Л. Тоталитаризм против интеллигенции. Алма-Ата: 1992. – 125 б.
4. Қозыбаев М, Қозыбаев І. Историяграфия Казахстана Уроки истории. – Алматы: 1990. – 231 б.
5. Нұрпейсов К. Е.Бекмаханов пен оның кітабы қалай жазаланды?. // Қазақ тарихы. 2005. – №2 – 5-6 бб.
6. Бекмаханов Е. Әділ сын // Социалистік Қазақстан – 1949. – 2 октябрь – № 193

УДК 004

МАШИННОЕ ОБУЧЕНИЕ В КИБЕРБЕЗОПАСНОСТИ

Маликов А.А., магистрант

Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, г.Актобе

a.malikov58@gmail.com

В данной статье рассматривается роль и влияние машинного обучения (МО) в сфере кибербезопасности. В начальном этапе исследования проведен обзор фундаментальных концепций машинного обучения. Затем осуществляется анализ различных угроз кибербезопасности. Основная часть статьи посвящена изучению специфических приложений МО в кибербезопасности, а также рассмотрению последних достижений в этой области, основанных на анализе научной литературы. Далее обсуждаются ключевые проблемы и ограничения применения МО в кибербезопасности. В заключение статьи анализируются предстоящие тенденции и возможные направления будущих исследований в области машинного обучения для кибербезопасности. Статья предоставляет небольшой обзор текущего состояния исследований в области машинного обучения в кибербезопасности, подчеркивая его важность и потенциал для развития более эффективных методов защиты информационных систем в цифровую эпоху.

Ключевые слова: кибербезопасность, машинное обучение, искусственный интеллект.

Бұл мақалада киберқауіпсіздіктегі машиналық оқытудың (ML) рөлі мен әсері қарастырылады. Зерттеудің бастапқы кезеңі машиналық оқытудың іргелі тұжырымдамаларына шолуды қамтыды. Содан кейін әртүрлі киберқауіпсіздік қатерлеріне талдау жүргізіледі. Мақаланың негізгі бөлімі киберқауіпсіздіктегі ML-дің нақты қолданбаларын зерттеуге, сондай-ақ ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде осы саладағы соңғы жетістіктерді қарастыруға арналған. Киберқауіпсіздіктегі ML-нің негізгі қиындықтары мен шектеулері келесіде талқыланады. Мақала киберқауіпсіздік үшін машиналық оқытудағы алдағы тенденциялар мен болашақ зерттеу бағыттарын қарастыру арқылы аяқталады. Мақалада киберқауіпсіздік саласындағы машиналық оқытуды зерттеудің ағымдағы жай-күйіне қысқаша шолу жасалып, оның маңыздылығы мен цифрлық дәуірде ақпараттық жүйелерді қорғаудың тиімді әдістерін әзірлеу әлеуеті көрсетілген.

Тірек сөздер: киберқауіпсіздік, машиналық оқыту, жасанды интеллект.

This article examines the role and impact of machine learning (ML) in cybersecurity. The initial stage of the study included a review of the fundamental concepts of machine learning. Then an analysis of various cybersecurity threats is carried out. The main part of the article is devoted to the study of specific applications of ML in cybersecurity, as well as consideration of recent achievements in this area, based on an analysis of scientific literature. The key challenges and limitations of ML in cybersecurity are discussed next. The article concludes by examining upcoming trends and possible future research directions in machine learning for cybersecurity. The article provides a brief overview of the current state of machine learning research in cybersecurity, highlighting its importance and potential for developing more effective methods for protecting information systems in the digital age.

Keywords: cybersecurity, machine learning, artificial intelligence.

Введение. В современном мире, где цифровые технологии стали неотъемлемой частью нашей повседневной жизни, кибербезопасность выступает в качестве критически важного компонента защиты информационных систем и данных от разнообразных угроз. С ростом объема данных и увеличением сложности кибератак, традиционные методы кибербезопасности часто оказываются недостаточно эффективными, что требует новых,

инновационных подходов к обнаружению и предотвращению киберугроз. Один из таких подходов – это применение машинного обучения, которое открывает новые горизонты в области кибербезопасности благодаря своей способности к анализу больших объемов данных и обучению на основе предыдущих опытов и взаимодействий. Машинное обучение демонстрирует значительный потенциал в выявлении, анализе и нейтрализации киберугроз. Оно позволяет системам быстро адаптироваться к новым и развивающимся угрозам, обучаясь на основе предыдущих атак и опираясь на сложные алгоритмические модели для предсказания и предотвращения будущих инцидентов. Цель данной обзорной статьи – исследовать роль и влияние машинного обучения в области кибербезопасности. Мы рассмотрим различные методы и техники машинного обучения, применяемые для обнаружения и предотвращения кибератак, анализируя как теоретические аспекты, так и практические примеры из недавних исследований. В следующих разделах мы обсудим основные концепции машинного обучения, его применение в различных аспектах кибербезопасности, а также изучим перспективы и будущее развитие этой области.

Концепции машинного обучения. Машинное обучение (МО) — это область искусственного интеллекта, которая дает компьютерным системам способность учиться и улучшать свои функции на основе опыта без явного программирования. Это достигается за счет алгоритмов, которые могут обрабатывать большие объемы данных, обнаруживать закономерности и делать предсказания или принимать решения. Различают несколько ключевых видов машинного обучения. Первое – это обучение с учителем (Supervised Learning). В этом подходе модели МО обучаются на помеченных данных, где каждому входному примеру соответствует известный выход. В качестве примера применения можно привести классификации электронных писем на "спам" и "не спам". Следующий вид — это обучение без учителя (Unsupervised Learning). Здесь модели обучаются на непомеченных данных, самостоятельно находя скрытые структуры и закономерности. Примеры применения: кластеризация больших наборов данных для выявления аномальных паттернов, которые могут указывать на кибератаки. Также имеется обучение с подкреплением (Reinforcement Learning). Алгоритмы обучаются через взаимодействие с окружающей средой, стремясь максимизировать некоторую функцию вознаграждения. Примеры применения: разработка систем автоматического реагирования на киберугрозы, где система учится выбирать наилучшие стратегии защиты. Еще одна разновидность – полу-надзорное и активное обучение. Это комбинация методов обучения с учителем и без учителя, используемых в ситуациях, когда доступны как помеченные, так и непомеченные данные. Эти методы особенно полезны в сценариях кибербезопасности, где полностью помеченные данные часто недоступны. Последний вид – это глубокое обучение (Deep Learning). Подраздел машинного обучения, использующий нейронные сети с множеством слоев (глубокие нейронные сети), для моделирования сложных паттернов. Применяется для более сложных задач, таких как обнаружение новых типов кибератак, анализ вредоносного ПО на основе его поведения.

Обзор последних достижений в области кибербезопасности с использованием машинного обучения

Основываясь на изученную литературу об исследованиях в области применения методов машинного обучения для обеспечения безопасности можно выделить несколько ключевых областей, где машинное обучение демонстрирует значительные успехи.

1. Защитные техники машинного обучения:

В некоторых исследованиях использовались различные методы классификации, включая SVM, наивный Байес, деревья решений, случайные леса, логистическую регрессию, нейронные сети и гибридные методы [1]. SVM часто использовались для обработки проблем, связанных с системами обнаружения вторжений (IDS), благодаря их способности определять оптимальные гиперплоскости для разделения классов. Нейронные сети и более продвинутые техники глубокого обучения также активно применялись в IDS, позволяя решать сложные задачи по анализу данных.

2. Наступательные техники машинного обучения:

В данной области наиболее часто использовались нейронные сети, а также некоторые методы неконтролируемого обучения, такие как ассоциативные правила и кластеризация. Также имеются исследования по использованию биграф-базированных алгоритмов МЛ и анонимизированных методов обучения для обороны сетей, а также методов обороны с перемещающимися целями, меняющими видимость сети для атакующих [2].

3. Кибератаки, предотвращаемые с помощью машинного обучения:

Самые распространенные категории атак, решаемых с помощью МЛ, включают DoS, U2R, R2L и сканирование сети. Важным направлением исследований стало обнаружение атак нулевого дня (zero-day) с использованием методов аномального обнаружения на основе поведенческих данных от легитимных программ [3]. Также исследовались новые техники для борьбы с ботнетами, включая анализ поведения трафика сети и использование методов МЛ для классификации этого поведения [4].

Эти исследования подчеркивают растущую роль машинного обучения в кибербезопасности, демонстрируя его способность адаптироваться к новым угрозам. От защитных техник, сосредоточенных на обнаружении и предотвращении, до наступательных стратегий, нацеленных на прогнозирование и устранение угроз, МО предлагает широкий спектр решений для защиты цифровых систем. Помимо этого, данные исследования демонстрируют значительные прорывы, особенно в области обнаружения фишинга. Основываясь на проведенные работы, можно выделить несколько важных аспектов. Традиционные модели машинного обучения для обнаружения фишинга со временем теряют свою эффективность из-за изменения характеристик угроз и эволюции технологий. Для поддержания эффективности обнаружения фишинга со временем использовались такие техники CL, как "обучение без забывания" (Learning Without Forgetting - LWF) и "упругое укрепление весов" (Elastic Weight Consolidation - EWC), которые позволяют модели учиться на новых задачах, не забывая при этом уже полученные знания [5]. Анализ URL оказался эффективным для офлайн-обучения, используя алгоритмы, такие как SVM, деревья решений и случайные леса, а также более современные методы на основе глубокого обучения, включая сверточные нейронные сети (CNN) и генеративные состязательные сети (GAN) [6]. Содержательный анализ веб-страниц с использованием NLP (Natural Language Processing) и алгоритмов машинного обучения показал обещающие результаты в обнаружении фишинга, достигая точности до 98% [5]. Некоторые исследования использовали визуальные особенности веб-страниц в сочетании с текстовыми данными для улучшения обнаружения фишинга, достигая точности до 99% [7]. Однако такие методы требуют значительных вычислительных ресурсов и времени для извлечения всех необходимых характеристик, что делает их менее практичными для реализации в реальном времени.

Ограничения существующих методов машинного обучения.

Хотя машинное обучение предоставляет значительные преимущества, существуют определенные ограничения, которые важно учитывать при разработке и внедрении этих систем:

1. Зависимость от качества данных.

Эффективность моделей машинного обучения напрямую зависит от качества, объема и актуальности обучающих данных. Недостаточно представительные или устаревшие данные могут привести к снижению точности модели.

2. Обработка неизвестных угроз.

Многие методы машинного обучения, особенно те, что основаны на обучении с учителем, борются с обнаружением новых, ранее не виденных типов атак, так как они ориентированы на идентификацию уже известных угроз.

3. Вычислительные требования.

Алгоритмы глубокого обучения и другие сложные модели машинного обучения требуют значительных вычислительных ресурсов, что может быть проблематично для организаций с ограниченными возможностями.

4. Риск адверсарияльных атак.

Модели машинного обучения могут быть уязвимы для адверсариальных атак, при которых злоумышленники создают специально подготовленные входные данные, чтобы ввести модель в заблуждение.

5. Развитие киберугроз.

Киберугрозы постоянно эволюционируют, и модели машинного обучения могут быстро устаревать, если они не обновляются для учета новых стратегий и тактик атакующих.

6. Проблемы масштабируемости.

Масштабирование моделей машинного обучения для обработки большого объема данных в реальном времени остается сложной задачей, особенно в контексте больших и разнообразных сетевых сред.

Области будущих исследований.

На основе текущих тенденций и выявленных проблем в области применения машинного обучения в кибербезопасности можно выделить ряд ключевых областей для будущих исследований. Эти направления исследований будут способствовать развитию более эффективных и надежных систем кибербезопасности. Первоначально необходимо провести улучшение методов обучения для адаптации к новым угрозам. Проводить исследование методов машинного обучения, которые могут адаптироваться к новым и эволюционирующим угрозам, в частности, методов обучения с подкреплением и адаптивного обучения. Также не маловажным аспектом является разработка способов противодействия адверсариальным атакам. Очень многообещающим может оказаться исследование способов интеграции машинного обучения с другими технологиями и подходами, такими как блокчейн, для усиления защиты данных и систем. Помимо всего необходима разработка более эффективных с точки зрения вычислений моделей машинного обучения.

Эти области исследований обещают не только улучшение текущих систем кибербезопасности, но и развитие новых подходов и технологий для борьбы с постоянно меняющимися и развивающимися киберугрозами.

Заключение. В заключение, обзорная статья по теме "Машинное обучение в кибербезопасности" обсуждает важность и развитие методов машинного обучения в сфере кибербезопасности. От обнаружения фишинга и сетевых вторжений до анализа вредоносного ПО, машинное обучение демонстрирует значительный потенциал в повышении эффективности защитных мероприятий. Однако, несмотря на значительные успехи в этой области, существуют определенные проблемы и ограничения, такие как зависимость от качества данных, вычислительные требования и необходимость постоянного обновления моделей для адаптации к новым угрозам. Современные исследования указывают на важные направления для будущего развития, включая улучшение адаптивности моделей к изменяющемуся ландшафту угроз, разработку методов для противодействия адверсариальным атакам, а также интеграцию с другими технологиями кибербезопасности. В целом, машинное обучение представляет собой мощный инструмент в арсенале средств кибербезопасности, способный значительно повысить уровень защиты информационных систем от различных видов киберугроз. Однако для реализации его полного потенциала необходимо постоянное развитие и адаптация методов, учитывающих динамическую природу киберпространства и постоянно меняющиеся вызовы в области кибербезопасности.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Aiyanyo, I. D., Samuel, H., & Lim, H. (2020). A systematic review of defensive and offensive cybersecurity with machine learning. *Applied Sciences*, 10(17), 5811.
2. Cloppert, M. *Security Intelligence: Attacking the Cyber Kill Chain*; SANS Computer Forensics. 2019.
3. Fossaceca, J. M. (2015). *Application of a Novel Multiple Kernel Learning Framework for Improving the Robustness of Network Intrusion Detection* (Doctoral dissertation, The George Washington University).

4. Aljabri, M., Zagrouba, R., Shaahid, A., Alnasser, F., Saleh, A., & Alomari, D. M. (2023). Machine learning-based social media bot detection: A comprehensive literature review. *Social Network Analysis and Mining*, 13(1), 20.
5. Ejaz, A., Mian, A. N., & Manzoor, S. (2023). Life-long phishing attack detection using continual learning. *Scientific Reports*, 13(1), 11488.
6. Abu Al-Haija, Q., & Al-Fayoumi, M. (2023). An intelligent identification and classification system for malicious uniform resource locators (URLs). *Neural Computing and Applications*, 1-17.
7. Dinesh, P. M., Mukesh, M., Navaneethan, B., Sabeenian, R. S., Paramasivam, M. E., & Manjunathan, A. (2023, April). Identification of Phishing Attacks using Machine Learning Algorithm. In *E3S Web of Conferences* (Vol. 399, p. 04010).
8. Soliman, S., Oudah, W., & Aljuhani, A. (2023). Deep learning-based intrusion detection approach for securing industrial Internet of Things. *Alexandria Engineering Journal*, 81, 371-383.
9. Mouli, K. C., Indupriya, B., Ushasree, D., Raghavendran, C. V., Rawat, B., & Madhu, B. (2023). Network Intrusion Detection using ML Techniques for Sustainable Information System. In *E3S Web of Conferences* (Vol. 430, p. 01064). EDP Sciences.
10. Alghamdi, R., & Bellaiche, M. (2023). An ensemble deep learning based IDS for IoT using Lambda architecture. *Cybersecurity*, 6(1), 5.
11. Joshi, K., Bhatt, C., Shah, K., Parmar, D., Corchado, J. M., Bruno, A., & Mazzeo, P. L. (2023). Machine-learning techniques for predicting phishing attacks in blockchain networks: A comparative study. *Algorithms*, 16(8), 366.
12. Dua, S., & Du, X. (2016). *Data mining and machine learning in cybersecurity*. CRC press.
13. Shang, Y. (2018). False positive and false negative effects on network attacks. *Journal of Statistical Physics*, 170(1), 141-164.
14. Liang, J., Zhao, W., & Ye, W. (2017, December). Anomaly-based web attack detection: a deep learning approach. In *Proceedings of the 2017 VI International Conference on Network, Communication and Computing* (pp. 80-85).
15. Alrawashdeh, K., & Purdy, C. (2016, December). Toward an online anomaly intrusion detection system based on deep learning. In *2016 15th IEEE international conference on machine learning and applications (ICMLA)* (pp. 195-200). IEEE.

ӘОЖ 378.016

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ МЕН МОДЕЛІ

Масабаева Г.Ұ.

Ғылыми жетекші: **Фейзулдаева С.А.**, философия докторы, оқытушы дәріскер

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

gulim_masabaeva.98@mail.ru

Бұл мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың маңызы туралы кеңінен жазылған. Кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен моделі туралы зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде педагогикалық шарттары мен моделі анықталды. Кәсіби ұтқырлығы қалыптасқан мұғалімнің моделін схема түрінде көрсеттім. Зерттеу мәселем бойынша бірнеше әдебиеттер мен мақалалардан қорытынды жасадым.

Тірек сөздер: кәсіби ұтқырлық, креативтілік, әлеуметтік ұтқырлық, мобильді маман.

В этой статье подробно рассказывается о важности формирования профессиональной мобильности будущего учителя начальных классов. Были проведены исследовательские работы по педагогическим условиям и модели формирования профессиональной мобильности, в

результате которых были определены педагогические условия и модель. Я показал модель учителя, у которого сформировалась профессиональная мобильность, в виде схемы. Я сделал выводы из нескольких источников и статей по проблеме исследования.

Ключевые слова: профессиональная мобильность, креативность, социальная мобильность, мобильный специалист.

